Ал оқиғалар барысындағы Құнанбайдың суреттелуін, іс-қимыл, мінездегі көрінісін қалай бағалауға болады; бұрынғы кеңестік дәуірдегі қара бояу қалыңдатылып, жамандық, зұлымдық, қатыгездік атаулы оның бойына үйіліп-төгіліп талдану мен кейінгі кездердегі пәк, таза, ел қамын жеу мен қамқоршысы болудың, оны билеудің үздік үлгісі ретінде талдану арасындағы Құнанбай мен романдағы Құнанбайдың айырмашылығы көп. Мәселен, Т. Жұртбай мен Б. Сапаралының ой-байламдары осыны көрсетеді. Т. Жұртбай: «Адамның бойына біткен жақсы қасиеті оның міні де болып табылады» дегені дуалы ауыз Құнанбайдың өз басына келді. Оның өміріндегі асыл қасиеттері – қаталдығы, ақылдылығы, ғылымға ынтызарлығы, ілгеріні болжауы, бала тәрбиесіне әкелік мейіріммен қарауы керісінше, қатыгездік, ғылымға, оқу білімге шек қоюшылық, ескішілдік, кінәшілдік болып шықты. Осынау қайратты да қатал жанның өз заманына қарай аума-төкпе көңіл-күйі мен жан дүние ашуын Мұхтар Әуезов қалт жібермей, «Құнанбайдың сау көзі оның көтеріңкі жал-тұмсығының сол жағына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған» қаһарлы да, сұсты қалыпқа түсіріп, романға енгізді. Жағымсыз образдың жағымсыз кейпін үдете түсіп, бір оқиғадан кейін екінші оқиғаның салмағы мен жазасын ауырлата түсіп, алғыстан гөрі қарғысты қоюлатып, шыңырауға батыра берді. «Мәдениетті елдің етегіне жармаспасак, жабайылықтан арылмаймыз» деген Құнанбайдың ақыры өз сәуегейлігі өзін тауып, өзіне мін болып жабысты» [9, 286] десе, Б. Сапаралының айтуынша жазушы өзінің ерік-жігерін шектеп-тұсап, таптық көзқарас қағидасында шырмалып қалған. Бұл ойлар сарынын талдап, түсіндіріп жатпаса да болады, нендей мақсаттың көзделгенін осындағы әрбір сөз, ұғымдардың өзі-ақ айтып, сездіріп тұр. Ал романда көрінген, не болмаса суреттелген Құнанбай жөнінде ой толғап, пікір білдірушілердің модасына айналған «дұрыс көрсетілмеген», «дұрыс ашылмаған», «таптық таным-тұрғысынан аса алмаған» деген сияқтылар жоғарыда сөз болған оқиғалар мен басқа да жағдайлар тұсында дәл ондай ойларды туындата қоймайды. Бұлардан ешқандай зұлымдық, жамандық ниеттегі Құнанбай емес, өз мақсат, жолын берік ұстанған Құнанбай ғана көрінеді» [10]. Шындығына келсек, Құнанбайдың патриархалдық-рулық идеологиядан асып кете алмағаны тарихи шындық. Оның қылмысты істері бұрынғысынша, әдет-ғұрып заңдары бойынша да айыпталды, аталастарымен тіл табыса алмауы, оларды өзіне бағынышты, тәуелді етуге ұмтылысы іс жүзінде өте үлкен қайшылықтарға әкеп соғып отырды.

1942 жылы романның бірінші кітабының жарыққа шығуына ерлік көрсеткен ғалым Бейсенбай Кенжебаев алғашқылардың бірі болып, сыны мен пікірін жариялады. «Оқиғалар негізгі екі адамның төңірегінде – бас геройлары Құнанбай мен Абайдың төңірегінде тепе-тең дамып отырады. Барған сайын ұласа, үдей, өрши түседі.

Сөйтіп, шиеленісе-шиеленісе келіп, шыңдала жетіп, ескілік пен жаңалықтың өкілі – әкесі мен баласы айқасып, ескіні жаңа, әкені бала жеңіп аяқталады. Құнанбайдың тұла бойы, мінез-қылығы, іс-әрекеті, ой-ниеті – бәрі зұлымдық, ескілік, ол феодализмнің бел баласы, негізгі тұлғасы» деген таным-талғамын ортаға салды. Ой өрбітушілердің қайсысы болмасын роман мазмұнын, идеясын, құрылысын, тартысын, жалпы бітімін тапқан, жаңағы айтылған

ескі мен жаңаның, әке мен баланың күресіне бөліп ой қозғайтын, талдағанда да осы бағытты ұстанып талдайтын болды. Бұл айтқандарымыз елуінші жылдардың ішінде-ақ көлемді еңбек жазған Айқын Нұрқатовтың «Романдағы негізгі конфликт Абай және ол бастаған еңбекші халық өкілдері мен Құнанбай және оның жолын қуушылар арасындағы тартысқа құрылған» [11] деген сарындағы анықтамаларының өзінен де көрінеді. Жалғыз А.Нұрқатов емес, шығарма болмысына осы тұрғыдан бару бүкіл советтік әдебиеттегі талдаудың дәстүрлі стилі еді, содан ба ол кездерде «жырынды», «залым», «жауыз», «айлакер», «қу» сияқты эпитеттер сөздер жиі кездесетін.

Адамды биік қияға, адамгершілікке, абзал қасиетке, асыл идеалға баулитын Абай ғана емес, немесе Абай бастаған сан типті ұнамды кейіпкерлер ғана емес, бұларға қарама-қарсы типтер, олардың ең оқшау өкілі Құнанбай десек, сол Құнанбайдың өзі қандай зор тәрбиелік рөл атқарып отыр? Эпопеядағы Құнанбай феодализмнің шынжыр балақ жуаны, өшер таптың ашбөрісі, көкжал жыртқыш ғана ма? Қорқау ма? Жоқ, ол біздің мықты тәрбиешіміз» деген академик З. Қабдоловтың, «Көркемдік сомдалуы жағынан Құнанбай образының біздің еліміздің өткендегі әлеуметтік құрылысы тудырған қара түнек, халыққа қарсы күштері туралы Қазақстан жазушылары жасаған образдар арасында теңдесі жоқ туынды» [12, 108]. Сын айтушылардың бірсыпырасында үзіле талданған Құнанбай образының жағымсыз жағы көп айтылады, сол кездегі қатыгездік, әділетсіздіктің, үстемдік озбырлықтың алуан-алуан түрлері оның басына үйіп төгіледі; әр кездің өз ой оралымы, сөз сараптаулары болатыны, бұдан заман кезінің ащысы аңдалады, оларды бағалағанда кінәламай осы жағын ескеріп барып бағалау керек сияқты. Қыз ұзатуға, келін түсіруге, өлікті азалауға, ас беруге, қалың малға, басқа да салттарға ескі әдет-ғұрып ретінде қарап, мансұқ етілуде осы кездер де болды. Қолынан келгенше Құнанбайдың отарлау саясатына қарсы болғандығы деректер арқылы айтылады, ол сарын романның да байқалады, ал сыншылар бұл жағына ой аудармады.

«Өзі алдына қойған мақсатқа жету жолында тұрғанның бәрін жеңуде оның ақыл-парасаты, икемі оңтайлы, оның жауыздығы шексіз, оның «қаскөйлік» істері шет-шегі жоқ қатігездігінен туады» деген академик М. Қаратаевтың ойларында екі ұдай танымның қырлары бой көтереді. Алдыңғысында бұл бейненің кейбіреулер айтқандай жауыздық, қаскөйлікке суырылып жасалған бейне деп қарамай, жазушының ұстанымына, позициясына жақындаңқырап ой қорытады; Құнанбай бойынан қаталдық та, озбырлық та, жақсылық, ізгілік те табылатынын ескере бермегендіктен, бір жақты танып-бағалауларға ұрындырып жатады. Сынның кейде шығарманың деңгейіне жетпей жатса, кейде кемерінен асып кетіп, шектен шығуы осындай жағдайлардан кейін болады.

Ләйлә Мұхтарқызының пайымдауынша, орыстық тәртіпті ұнатпай, көп жерде қарсы шығып отырған Құнанбай сол арқылы тіршілік етіп, пайда көретін болып шығады. «Жазушының шынайы тарихи фактілерді суреткерлікпен іріктеп алып, оны көркем образ жасауға пайдалана білуі, тарихи шындық пен суреткерлік шындықтың ара қатынасын құра білуі қандай принциптерге негізделгенін қарастыру осы еңбектің міндеті болып табылады» [13, 12] дейді өзінің монографиясында. Бұл, әрине, партиялық әдебиет принципі, социалистік реализм принципі, 1920-30 жылдарда бүкіл совет әдебиетінде, соның ішінде қазақ әдебиетінде дүниеге келген тарихи романдарды салыстыра келіп, ол солардан М. Әуезовтің көп нәрсе алғанын, әлем әдебиетіндегі озық шығармалардан да көп үйренгенін келтіреді.

Орыстың көрнекті жазушысы, М. Әуезовтің замандасы К. Федин: «Халық туралы бізге толық түсінікті жазушы өнері береді... Жас кезімде мен Қазақстан даласында болдым, сол кездегі көшпелі қазақтарды көрдім, әйтсе де Мұхтар Әуезов қана өзінің «Абайы» арқылы менің қазақ халқы туралы білімді толықтырды. Маған далада еркін соққан салқын самал мен таза ауасының жақындығы сондай, бір түрлі мен қазақ болып кеткендеймін», – деп, үлкен азаматтықпен мойындап жазды. Дегенмен, жазушы көркем шындықтың еркіне бағынады. Сол үшін қандай да болсын тәуекелге бекінеді. Оның үстіне дәл Мұхтар Әуезов өмір сүріп, роман-эпопея жазылған жылдарда тарихи деректің денін тәрк етуге тура келді, Құнанбайдың өзін-өзі ақтауына мүмкіндік болмады. Қыр қазағының бойындағы барша қатыгездікті, жауыздықты, кертартпалықты Құнанбайдың қара басына үйіп-төгуге тура келді. Соның

өзінде жазушыға тағылған кінә аз болған жоқ. Сондықтан бұрынды-соңды М. Әуезовке Құнанбай бейнесін жасауда кінәлай ренжіген өкпелер орынсыз да. Әсіресе, соңғы бес-он жылдың көлемінде Құнанбайды зерттеушілердің қатары көбірек көрінді; өз ұрпақтарынан Ә. Ысқақұлы, А. Шәкәрімұлы, М. Тұрағұлқызы, М. Әрхамқызы, Б. Ерсәлімұлы тағы басқалар өздерінің ой-пікірлері баспасөзде көрініс тапты, Т. Жұртбайдың «Қазақ әдебиеті» газетінде бірнеше мақалалары жарияланды. Осылар сияқты газет-журналдарда көптеген авторлардың жазғандары жарық көрді. Бұларда Құнанбайдың айтарлықтай қасиетке ие жан екендігі сөз болса, осы орайдағы ойларын кейбіреулер архивтік құжаттарға сүйеніп жеткізді, енді біреулері ел айтуындағы аңыз-әңгімелерден суыртпақтады. Сол жеткізілген, сол суыртпақталған пікір, таным, көзқарастардың әрқилылығы, кейде біріне бірі қайшы келіп жататындығы да байқалады. Әлкей Марғұланның ойынша, Құнанбайдың аға сұлтандығынан алынуы ағайын аралық жанжалдардың өріс алуына, ауыл шабуына, арыз-шағымдардың шектен асуына байланысты емес, Шыңғыс, Тәттімбет, Шалғымбай, Құнанбай болып пара алғыш, ел талағыш Фридрихс, Клейст сияқты ұлықтардың пиғыл-ниет, іс-әрекеттеріне қарсы болғандығынан ғана түскен болып көрінеді.

Ал, соңғы жиырма жыл ішінде Құнанбай өміріне арналып Р. Мұсаұлының «Аға сұлтан» атты хикаяты, Т. Жұртбайдың «Құнанбай мырза» деген драмалық шығармасы жазылды. 1999 жылы жазушы Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» деп аталатын роман-хамсасы басылып шықты, «Толғақ», «Жұлдыз құрбандық», «Қызғаныш», «Хақиқат мекені», «Нұрсипат» деген бөлімдерден тұратын шығармада Құнанбайға да айтарлықтай орын берілген. Автор Абайдың не бергені жұртқа белгілі, бірақ өмірден нені алғаны және қалай алғаны жұмбақ; осы тұрғыдан келгенде оның көруі де, сезінуі де, күйініш-сүйініші де өзгеше, ақындық қуат көзі, даналық, философиялық түйіні ғасырдан ғасырға жұмбақ күйінде ауыса береді – роман мақсаты осыларға баруда болғанын айтады. Әрине, М. Әуезов салған шиырды қайта шарлау, қайта басып өз білгенінше жүріп өту оңай міндет емес. М. Әуезов романында бәрі де «қазақтың жарты ғасырлық энциклопедиясы» (Қ. Сәтбаев) деген сөзін қосып-аларсыз жағдайда камтылады. Осылай болған соң, сол дәуір ғана емес, дәл сол тақырыпқа жарыса бару кім-кімді де ойға қалдырмай, үлкен жауапкершілікті сезіндірмей тұра алмасы анық.

ҚОРЫТЫНДЫ

М. Әуезов Құнанбай бейнесін кең көлемде жинақтап, оның бойына қазақ халқының көптеген қасиеттерін сыйғызды, ұлттық ерекшеліктің небір қырлары мен сырлары сол арқылы жеткізілді. Бұған қаламгердің ұлт болмысына тән еңбектерді тынбай ізденулері, талдаулары, бақылаулар жасауы, оларды өз бойына терең сіңірулері алып келді. Шығарма өзегіне айналған тарихи деректерді талмай ізденіп, оларды өзінің талғамынан өткізу барысында әлгі ұлттық ерекшеліктер де қоса-қабат жарыса жүрді, ең негізгісі бұларды бұрын-соңды болмаған көркемдік дәрежеде көрсете білуінде еді. Дәуір шындығын да тұтас қамтып, осылармен байланыстыра суреттеу, өмір шындығының қырлары мен сырларын ашу М. Әуезов шығармашылығының принципті ұстамдарының бірі болса, мұның өзі қаламгер шығармашылығына реалистік сипат береді, ол сипат қоғамның негізгі заңдылықтарының соншама көркем, соншама шеберлікпен суреттелуінде жатыр. Осылайша эпопея сюжеті тұтасымен тарихи дамудың шындығына негізделді: халық өмірінің ағымы, ондағы адамдар тағдыры бірімен-бірі сәйкес кең көлемде көркемдікпен жан-жақты көрсетілді.

Заман ауысып, жаңарып, сол жаңарумен бірге өлгеніміз тіріліп, ұмыт болғандарымыз қайта еске түсіріліп жатқан бүгінгі кезеңде, қилы тарихы қайта түлеп, іргелі, өркениетті ел болу сапарына аттанып отырған қазақ елінің зерделі қауымы өзін әлемге таныстырған «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай образының көркем бейнеленуіне тарихи деректер тұрғысынан қарап, заманына қарай ұлы М. Әуезов жасап кеткен бұл образдың теңіздей терең астарына, алдағы уақытта бір ғасыр бұрын ғұмыр кешкен қазақ халқының ардақты

перзентінің бойындағы басқа да асыл қасиеттеріне үңіле отырып, ұрпақ тәрбиесіне телісе демекпіз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Луговцов Н.П. Творчество Ольги Форш. – Ленинград: «Лениздат», 1964. – 152 с.
- 2 Цейтлин А.Г. Труд писателя [Текст]: Вопросы психологии и творчества, культуры и техники писательского труда. – М.: «Советский писатель», 1962. – 591 с.
- 3 Бальзак О. Собрание сочинений [Текст]: в 15-ти т.: перевод с французского / Оноре де Бальзак; под ред. Н. Немчиновой; вступ. статья А. Иващенко, с. V-XLI. – М.: Гослитиздат, 1951–1955. Т. 10: Человеческая комедия; Т. 10: Сцены парижской жизни; Бедные родственники (Кузина Бетта; Кузен Понс) / пер. с фр. под ред. Н.М. Жарковой; примеч. И. Лилеевой. – 1954. – 756 с.
- 4 Әуезов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 22-Том. 1-кітап. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: «Дәуір»; «Жібек жолы», 2014. – 424 б.
- 5 Әуезов М.О. Абайды білмек парыз ойлы жасқа [Мәтін]: Ибраһим Құнанбайұлының ғұмырнамасы. Оқу құралы / Құраст. М. Мырзахметұлы. – Алматы: «Санат», 1997. – 416 б.
- 6 Ауэзов М. Моя работа над романами об Абасе // «Вопросы литературы», 1959. – №6. – СС. 93–110.
- 7 Навои А. Избранная лирика. – Ташкент: «Издательство ЦК КП Узбекистана», 1978. – 136 с.
- 8 Әуезов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 10-Том. – Алматы: «Ғылым», 2003. – 456 б.
- 9 Жұртбай Т. Бесігінді түзе: Роман-эссе. – Алматы: «Жазушы», 1997. – 560 б.
- 10 Сапаралы Б. Құнанбай қажы [Мәтін] / Б. Сапаралы. – Алматы: «Ер-Дәулет», 1995. – 298 б.
- 11 Нұрқатов А. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2013. Т. 1. – 384 б.
- 12 Қабдолов З. Мұхтар Әуезов және оның әсемдік әлемі. – Алматы: «Білім», 1986. – 55 б.
- 13 Қирабаев С. Абайтанудың кезекті міндеттері туралы // Кітапта: Абай және қазіргі заман: Зерттеулер жинағы. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 336 б.

Материал 16.03.2023 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Lugovtsov N.P. (1964) *Tvorchestvo Ol'gi Forsh* [Creativity of Olga Forsh.] – Leningrad: "Lenizdat".
- 2 Tseitlin A.G. (1962) *Trud pisatelya* [Tekst]: Voprosy psikhologii i tvorчества, kul'tury i tekhniki pisatel'skogo truda. [The writer's work [Text]: Questions of psychology and creativity, culture and technique of writer's work]. – M.: "Soviet writer".
- 3 Balzac O. *Sobranie sochinenij* [Collected works] [Text]: in 15 volumes: translated from French / Honore de Balzac; edited by N. Nemchinova; intro. article by A. Ivashchenko, S. V-XLI. – M.: Goslitizdat, 1951-1955. Vol. 10: Human Comedy; Vol. 10: Scenes of Parisian life; Poor relatives (Cousin Betta; Cousin Pons) / trans. from fr. edited by N.M. Zharkova; note by I. Lileeva.
- 4 *Shygarmalarynyň elu tomdyq tolyq jinagy* [A complete collection of works by Auezov M.] O. (2014) In Fifty volumes. Volume 22. Book 1. The way of Abai: a novel-epic. - Almaty: "era"; "Silk Road". (In Kazakh)
- 5 Auezov M. O. (1997) *Abaidy bilmek paryz ojly zhasqa* [text]: the life of Ibrahim Kunanbayuly. Training manual / comp. "I Don't Know," He Said. - Almaty: "Sanat", - 416 P. (In Kazakh)

6 Auezov M. (1959) *Moya rabota nad romanami ob Abae* [My work is related to the novels of Abai // "issues of literature"], – No. 6. – SS. 93–110. (In Kazakh)

7 Navoi A. (1978) *Izbrannaya* [lyrics] - Tashkent: "Izdatelstvo TSK KP Uzbekistan", - 136 P. (In Kazakh)

8 *Shygarmalarynyñ elu tomdyq tolyq jinagy* [A complete collection of works by Auezov M.] O. (2003) In Fifty volumes. Volume 10. - Almaty: "Science", - 456 P. (In Kazakh)

9 Zhurtbay T. (1997) *Fix your Cradle: novel-essay*. - Almaty: "writer", - 560 P. (In Kazakh)

10 Saparaly B. (1995) *Kunanbai kazhy* [text] / B. Saparaly. - Almaty: "er-Daulet", – 298 P. (In Kazakh)

11 Works Of Nurkatov A. (2013) - Almaty: publishing house "Ana Tili" LLP, Vol. 1. – 384 P. (In Kazakh)

12 Kabdolov Z. (1986) *Mukhtar Auezov and his world of beauty*. - Almaty: "Education", - 55 p. (In Kazakh)

13 Kirabaev S. (1994) *On the next tasks of Abay Studies* // in the book: *Abay and modernity: a collection of studies*. - Almaty: "Science", - 336 P. (In Kazakh)

Образ Кунанбая в романе-эпопее М. Ауэзова «Путь Абая»

А.Т. Кажыбай¹

¹кандидат филологических наук, профессор-ассистент кафедры «Казахского языка и литературы», НАО Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-6018-8784>, E-mail: yannon-fiction@yandex.kz

В статье подробно сравниваются факты о Кунанбае в работах М. Ауэзова с более ранними и последними исследованиями, изучается образ Кунанбая в романе-эпопее с точки зрения исторической реальности и художественного решения, рассматривается проблема исторического переплетения и характера. Мастерство М. Ауэзова в создании образа Кунанбая сопоставляется с поэтическим опытом классиков мировой литературы, выявляются взаимосвязи и различия между исторической реальностью и литературно-художественной реальностью, анализируются аналитический и синтезирующий характер.

В работе также рассматриваются особенности эпохи, ее влияние на жизнедеятельность Кунанбая, представления, размышления царских чиновников той эпохи о Кунанбае, его преемственность с реалиями своего времени, всестороннее комплексное изучение жизни и деятельности Кунанбая. Особое место в связи с этим занимает трактовка психологически сложного и диалектически противоречивого образа Кунанбая, который до последнего времени рассматривался односторонне, только в узком классовом диапазоне.

Ключевые слова: роман-эпопея, образ, эпический образ, исторический роман, историческая реальность, историческая личность, диалог, полилог, конфликт, психологический анализ, художественное решение

Материал поступил в редакцию журнала 16.03.2023

The image of Kunanbai in M. Auezov's epic novel "The way of Abai"

A.T. Kazhybai¹

¹Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor of the Department «Kazakh Language and Literature», Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-6018-8784>, E-mail: yannon-fiction@yandex.kz

The article compares the facts about Kunanbai in the works of M. Auezov with earlier and recent studies. It examines the image of Kunanbai in the epic novel from the point of view of historical reality and artistic solutions dealing with the problem of historical interweaving and

character. The skill of M. Auezov in creating the image of Kuananbai is compared with the poetic experience of the world literature classics. The article reveals the interrelations and differences between historical and literary artistic reality, it analyzes the analytical and synthesizing character.

The work also examines the features of the epoch, its influence on the life of Kunanbai, the ideas, reflections of tsarist officials about Kunanbai. The paper describes realities of the time, presents a comprehensive study of Kunanbai's life. A special place in this regard is occupied by the interpretation of the psychologically complex and dialectically contradictory image of Kunanbai, which until recently was viewed one-sidedly.

Keywords: epic novel, image, epic image, historical novel, historical reality, historical personality, dialogue, polylogue, conflict, psychological analysis, artistic solution

Received: 16.03.2023

FTAMP 17.71.07

DOI: 10.59102/kufil/2023/iss1pp35-44

Б.С. Рахымов¹, О.А. Казжанова², Г.Т. Тлеубердина²

¹ф.ғ.к., профессор, «Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ» КЕАҚ, Қарағанды қаласы, 040000, Қазақстан Республикасы.

²магистрант, «Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Көкшетау қаласы, 020000, Қазақстан Республикасы, kazzhanova.orynbasar@mail.ru.

²ф.ғ.к., қауымд. профессор (доцент), «Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Көкшетау қаласы, 020000, Қазақстан Республикасы, gulentleuberdina@inbox.ru.

ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ ЭПИКАЛЫҚ БИЛЕУШІ БЕЙНЕСІ

Мақалада автор тарихи жырдағы билеуші бейнесін «Сабалақ», «Абылай хан жыры», «Абылайдың Қалдан Серенге тұтқынға түсуі» тарихи жырлары арқылы талдау жасаған. Ұлт болмысын айқындайтын елдіктің символы бола білген қазақтың ханы Абылай бейнесі тағылымды өмірімен жас ұрпаққа өнеге екені анық. Автор қазақтың тарихи жырындағы эпикалық хан бейнесін Абылайханға арналған шығармаларды талдау арқылы көрсетті. Тарихи эпостың XV ғасырдан бастау алатынын айта отырып, қазақ ауыз әдебиетіндегі эпикалық билеуші бейнесі Абылайдың кезеңінде жүзеге асқандығын, ауызша әдеби-тарихи мұралардың белгілі бір тарихта болған шындықты көрсете алғандығын нақтылай түседі.

Кілт сөздер: хан, тарихи жыр, билеуші бейнесі, арман, мақсат, мүдде, ерлік, жорық, батырлар, қазақ фольклоры.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Туған еліміздің асыл да бай мұрасы ауыз әдебиетімен тығыз байланысты. Соның бірегейі – тарихи жырлар. Бұл жырлардағы басты негіз, көтерілетін басты тақырып – тіршілікте, күнделікті өмір тәжірибесінде болған саяси, әлеуметтік жағдайы еді.

Кеңес заманында еліміз үшін қызмет еткен тұлғалы тарихи бейнелер түсіндіріліп, өз бағасын лайықты ала алмай, әділетсіздікке ұшырағаны мәлім. Ұлттың тағдыры, дербестігі мен бүтіндігі, ел жұрттың азаттығы, ұлы мұрат жолындағы бір тудың астындағы алаш арманы деген түбі бірлікке бастайтын тарихтан бөлек түсіндіріліп насихатталды.

КІРІСПЕ

Тағылымды еліміздің еркіндік алған бетте сол жолдағы халықтың арман-тілегі, аңсары мен мақсаты тарихи жырлар қаһармандарына байланысты туып жатты. Тарихи жырлардың тереңіне үңіле түссек ХҮІІІ ғасырдағы оқиғалар тарихи жырдың тууына әсер еткен деген кертартпа сиясаттың салқынымен келген зерттеу тұжырымы өз ықпалын жойып, кейбір тарихи даталардың хандық дәуірінен бастау алатындығы ғылыми деректермен үйлесім тапты. Сөйтіп, ғасырға жуық жер әлемнен құпияда келген ұлттық мұрамыз елімізбен қайта қауышып, ғылыми тұрғыда сан салалы зерттеле бастады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Ғылыми зерттеудің негізгі нысаны ретінде «Бабалар сөзі» тарихи жыр толғаулар жинағы алынды. Тарихи жырларды зерттеу барысында билеуші бейнесі ашылатын жыр жолдарын топтастыру, басқа сөздерден ажырату үшін салғастыру және құрылымдық талдау әдістері қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ жерінде қалыптасқан сөз өнерінің біздің заманымызға жеткені оның жұрнағы болса да, қазақ халқындағы сөз өнерін құрметтеу хақындағы өзіндік демократияның үлгісі қалыптаса білген. Халқымызға тән өзіндік демократияның шарықтау шыңы - билер институты. Билік құру қазақ жерінде хандық мемлекет құрылып, хан беделі орныққанда әлеуметтік саяси құбылыс ретінде орныға түскен.

Үш жүздің басын қосып, еліміздің ел болуына, бірігуіне өлшеусіз үлес қосқан Абылай хан туралы көлемді эпикалық шығармалар туды. Қазіргі таңда жас ұрпаққа Абылай атамыз туралы тарихи жырлардың оннан астам нұсқасы бар десен, таңғалуы мүмкін. Сол жырлардың кейбіріне талдау жасасaq: әйгілі хан, Алаштың айбыны болған Абылай ханға қатысты тарихи жырлардың бірнеше топтамасын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтен мұраға қалған. Оның алғашқысы - он бір буынды қара өлең ұйқасымен пернеленіп хатқа түскен, айшықты да көркем асыл сөздер мен қара сөздер ерекше көзге түсетін «Абылай ханның ең алғашқы ауызға ілініп, көзге түскені» [1], екіншісі – «Абылай аспаған Сарыбел атанғанның мәнісі» [2], үшіншісі «Абылай ханның бір жорығы» [3], одан соңғысы «Абылай хан» [4] деген тарихи жырларды мысалға келтіруге болады.

Халықтың ішінен шыққан Абылай атамыз жайлы көлемді тарихи жырларды жинап, мол мұраның жеткізуші абызы ретінде, белгілі халық ақыны Төлеу Көбдіковтың баласы Төлеуов Қаскенді ерекше атап өткеніміз жөн. Ол айтулы Абай шәкірттерінің бірі Көкбай Жанатаев жырлаған «Сабалақ» [5] дастанын да хатқа түсіріп, өз ерекшелігімен көзге түскен ақын болған. Абылай ханға қатысты жыр дастандарды сұрыптап, екшеушілердің қатарына Қарағанды облысы, Қарқаралы жақтағы Тоғыстай және Торайғырдың тауымен ерекшеленетін табиғаты сұлу Баянауылдан Бәбенұлын ерекше тілге тиек етуге болады. Жинаушылар қолжазбасында «осы Абылай туралы әңгімені Ойрат облысында тұратын қазақ пен қалмақтардан сұрап жаздым» [6], - дейтін естелік ойлар арқылы өрбиді.

Тарихи дастанның бұл ерекше нұсқасын Көкбай Жанатаев нұсқасына ұқсайтындығын сөз оралымы мен ерекшелігінде деп айтсақ, Көкбай ақын жазған «Сабалақ» дастанына ұқсас бірнеше дастандардың барын зерттеушілер өз жазбаларында жазады [7]. Бұл нұсқаны 1940 жылы Павлодар жеріндегі экспедициясында Б.Жақыпбаев «Абылай хан» деген дастанмен жинақтай түскен. Ел аузынан жинақталған авторы белгісіз «Сабалақ – Әбілмансұр – Абылай хан» [8] дастандары және Жаяу Мұса жинақтаған жыр шумақтарын да ерекше атауға болады.

Ханға қатысты аталған тарихи жырларды қарасақ, белгілі, белгісіз жырлаған дастандардың негізгі арқауы - ханның ерлігін, батырлығы мен ел басқару ісіндегі көреген, ақыл парасатын көрсетуге тырысу.

Кейбір зерттеу деректерін оқып отырғанда, «Абылайға қатысты жырдың алғашқы нұсқасын Көкбай Жанатаев шығарған» деген пікірлер кездесіп қалады. Жарияланған дүниені

көрген бетте бірден тон пішіп, тігісін жатқызып жіберетін кейбір жандар бұл тұрғыда тарихи шындықты бұрмаламау керек деп ойлаймыз. Себебі, бір айтып өтетін мәселе Абай атамyzдың өзі бұрында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын келістіріп, өңдеп жазған екен. Мағауия, Ақылбай сынды балаларымен қатар, немере інісі Шәкерім ақынға кеткен тарихтың ерекшелігіне үңіле қарап, көнені заманға лайықтап жаңғырту керектігін ұғындыра түскен. Содан болар, өз заманының кесек тұлғасы Абай атамyzдың алты Алашқа аты мәлім сұлтан туралы халық арасындағы өлең, аңыз, жыр үлгілерін естіп, оны тыңнан түрен салып, жырлап шығуды өзінің талантты шәкірті Көкбай ақынға тапсырғаны жайдан жай емес. Жоғарыда аталған кейбір жыр шумақтарындағы өзгешелік, күрең бояу, көрікті ойлар Көкбай атамyz шығарған нұсқадағы жырмен салыстыра талдау барысында кейіпкер бейнесі, жер-су атауларының сәйкес келмейтіндігі кездесіп жатады. Абылай бабамyzдың ең алғаш ерен ерлік пен үлгілі үрдістің нышанын көрсететін сәті қалмақтың Шарыш атты батырымен жекпе-жекке шығып, басын алып, жауға «Абылайлап» шабатын ерлік сәті. Бұндағы жоңғар жауынгері Шарыштың сипаты, 1985 жылы Қытайда басылып шыққан Оразанбай жыршының «Абылай» жырында тамаша суреттеледі:

Зор дене, түсі суық, шойын қара,
Байқасаң жүз кісілік бардай шара.
Білектей белге ораған айдары бар,
Ұқсайды дуылғалы мұнараға.

Өзіне дейін ешкімге ырық бермеген Шарышқа қарсылас атанған Ерасыл да батылдық пен қайсарлықтың бейнесінде ерекше жырланады. Шығыстық мотивтің сарынымен сол жекпе-жекте әділеттілік сақталып, жас шамасы үлкен Шарыш батырға жол беріледі. Осы сәт дастанда былайша көрініс табады:

Қатты қол, қарағай сап өткір найза,
Жарық етті ақ сауытқа қадалғанда.
Өзіне-өзі сенбей қалды тұрып,
Найзасы дәл ұшынан майырылғанда.
Содан кейін:

«Сабалақ», «Абылай» деп ұран салды,
Найзаны майрылған жұлып алды.
Құлаштай Сарыбестіге қамшы басып [10] делінеді.

Абылайға қатысты тарихи жырлардағы неғұрлым тұрақты сарындар – «Абылайдың Шарышпен жекпе-жегі», «Абылайдың тұтқында болуы», «Абылай ханның жеңістері» деп аталатын өлең жырлар. Болашақ ханның Шарышпен жекпе-жегі дастан, жырлардың барлығында жырланып, сол сәттен бастап Сабалақтың Абылай атануы толғаулар легі кетеді.

Сабалақтың қалмақ батырымен осы айқасын зерделей түсетін кей пікір иелерінің сөздері бір жерден шықпайды. Ыждаһаттылықпен ден қойып, қызыға қалам тартып жүрген Шот-Аман Уәлиханның «Абылай» атты көлемді зерттеу жұмысында «Сабалақ осы тұста, он сегіз жасында, шамасы 1729 жылы, қалмақпен болған қанды майданда алғаш көзге түседі»[12] – деп, өзінің пікірін білдіреді. Осы тұжырымды Қазақ СССР энциклопедиясы [12,356] және Р.Б.Сүлейменов, В.А.Моисеев жазған «Из истории Казахстана XVIII века» атты кітапта да дәлелді дәйектермен көрінеді [13,25]. Ал, академик М.Қозыбаевтың «Ел – ебелек емес, ер кебенек емес» деген көлемді мақаласында: «1733 жылы Уса-Серен бастаған Жоңғар қолы Қара Ертіспен келіп, Зайсан түсіп, Аякөзге кетіп, Қарқаралы, Баянауыл тауларынан асып, Кәрітауға (Ерейменге) жетеді. Қабанбай мен Бөгенбай бастаған Орта жүз қолы Өлеңті өзені мен Кәрітау аралығындағы жалпақ аңғарда жаумен шайқасқа аттанады. Шығыс дәстүрі бойынша ол жекпе-жекпен басталып, қалмақтың қандыбалақ жекпе-жек шайқастарының жүлдегері, қан майданда қазақтың талай батырларын мерт қылған Галдан-Сереннің үлкен баласы қазақтар ат қойған Сарша, Шаршы атанған Сабалақ айқас алаңында жеңіске жетіп, Абылайлап жауды қуады», [14] деген пікір ерекше көзге түседі, сонымен қатар бұл уақытта Сабалақтың жасы жиырма екіде дегенді одан әрі нақтылап, көз алдына

алып тұлғалы батырдың бейнесі орала қалады. Бір нақтысы тарихшы ғалым Абылайды 1711 жылы туған дерек негізінде сөз қозғайды.

Бүгінгі таңда жазушы М.Мағауин Абылайды 1713 жылы туған деп дәлелдеді. Осыған байланысты көнеден жеткен сөз өнерінен мына бір деректерді назарға алған маңызды. Сол уақыттағы дәлелді дәйектеме әйгілі Үмбетей жыраудың Абылайға Бөгенбай қазасын естірту толғауында:

Жиырмаға жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда,
Алғашқы бақты тапқанда

Шарыштың басын қаққанда... [15,77] – дегені тегіннен айтылмаған тәрізді. Осы сөздің ерекшелігі мен дәлелін Тоғыстайұлы атты жыршы жинаған нұсқасында Абылайдың 20 жасымен сәйкес жырлайды. Ал, Сабалақтың он бес жасында Шарыштай батыр тұлғалы азаматтың басын қағып түсіруі, халықтың өзі сүйген, айрықша құрметтеген ұлына деген асқан сүйіспеншілік, сыйластықтан туса керек. Бұдан әрі Абылайдың тұтқынға түсуі, одан босап шығуы туралы тарихи деректер бар. Осы тақырыпқа қалам тартқанда жырдан қалыс қалмай, жылдарына қатысты деректер де біршоғыр. Аталмыш дәуірге тұтастанған тарихи жырлардың көркем де, келісті үлгілерін «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама..» оқиғасына байланысты туған шығармалардан да ерекшелік байқалып жатады. Тұтамды тұтас ғасырдың іс-әрекет, оқиғаларын табиғаты мен танымына бойлаған дастандар бөлшектеліп, іріктеліп, түсіндіріліп келді. Тарихи жырлардың жылдар бойы баспа жүзін көрмей, ұзақ уақыт архив мүлкіне айналуы да жырдағы хан бейнесіне байланысты туындағаны мәлім.

Абылай саясатта да ел бірлігін септеп, дұшпанның тамырын басуда да, соғыс ісінде, тіпті мемлекет пен мемлекет арасындағы сауда қатынасын қалпына келтіріп, әлеуметтік экономикалық мәселелерді, жер дауын түбегейлі шешуде де оның беделіне, айтарын кеңінен толғап, мәслихаттасып терең теңіздей толқытып, шешен тіл, парасатты ойына арқа сүйеген. Көргені көп, аса тәжірибелі, сұңғыла адамның заман мінезін, сарынын, пиғылын жіті сезініп, ертеңгінің есебін түгендеп, болашақтың қас қабағын жорыған, мұңын құлықты құлаққа қойып, қырағы көзге көрсеткен, сергек жүрекке айналдырған аурудан сақтанудың емін індетпен айқасып, құран ұстаған тәуіпше демі жеткенше жеткізіп баққан бірегей мінезін сипаттайды.

Ел басқарған хан сұлтандар жағынан сирек кездесетін құбылыстың тағы бір ерекшелігі де бар. Тарихи шығармадағы хан бейнесі қазақ халқының Жоңғар, Қытай жеріндегі халықтарға қарсы күресіне қатысушы ретінде сипатталады. Орыстың батырлық эпосы жөніндегі еңбегінде белгілі ғалым Пропп: «Народная поэзия не фактографическая хроника, дело здесь в общегосударственных и народных устремлениях и интересах, а не в изображении отдельных, частных событий. При всей исторической конкретности, при изумительной исторической точности эпосы мы все же тщетно будем искать в ней изображение отдельных исторических событий или исторических лиц» [18] – дейді. Қазақтың батырлар жырында бір ханға адал қаһармандарды табу да сирек және күрделі екені айқын.

Аталмыш мәселе мен жағдайды XVIII ғасырдағы тарихи жырлармен салыстырып зерделей түскенде, басқаша ерекшелік пен құбылысқа кезіге түсеміз. Ауыз әдебиетінің тереңіне бойлаған берік заманда билеуші бейнесінің ерекшелігін сипаттай отырып, батырлар туралы жеке-жеке тарихи жырлардың ортақ кейіпкері – Абылай хан екендігіне шүбәміз жоқ. Ол тұрғанда батырлардың хан сайлануы, ойға сыймайтын дүние. Батырлардың бас қосатын жері, шапағатын тигізер жері де – Абылай жаны, маңайы [19]. Абылай төңірегіне батырлардың топталуы, бағыт ұстануы туралы зерттеушілер еңбегінде дәйек келтірілген [20]. XVIII ғасырдағы тарихи жырларда Абылайға дейінгі Тәуке хан (бас хан), Қайып хан, Болат хан, Жолбарыс хан, Сәмеке хан, Әбілхайыр хан, Әбілмәмбет дастанда жырлаушы тарапынан да, бейнелік оқиғаларға да ерекше үн қосып, маңыздылығы арта түскенін көруге болады.

Автор осылардың ішінде Абылай ісін ерекшелеп, батырларға қатысты тарихи жырлардың бәрінде оның ел ісіне жетіктігін, шабуыл жоспарының жеңіске жеткізіп отыратынын, дипломатиялық қарым-қатынастағы толеранттылығын да көзден алыс жібермей талдап өтеді. Бұны тарихи құжаттар да дәлелдейді, жалғандыққа шек келтірмейді [21]. Абылай бабамыздың маңдайынан қиындықтардың біршама көп өткендігі және жоңғарлардың қалайда Абылайды қолға түсіруін көздеуі бекерден емес. Әйгілі ханның тұтқында болуы, оралуы жөніндегі көптеген аңыз-әңгімелердің түп төркіні Қалдан мен Абылайдың ақыл-парасатын салыстырмалы түрде талдауға құрылғандығын, сақталған архив деректері де теріске шығармайды.

Тарихи жырлар уақыт еншісінің әр тағылымында туып, түрлі оқиғалардың құрамынан осы кезге дейін жеткен өнеге берерлік туындылар екендігі сөзсіз. Өлеңде қай кезең оқиғаларына қатысты сөз өрбитіндігін сәйкесінше сөз өрнегінен, атқарып тұратын қызметтеріне байқап біліп жатамыз. Бұл ғасырдағы қазақ халқының ұлт-азаттық жолындағы күресін жырлауда тарихи дастанның негізінде эпикалық билеуші типі тұр. Халқы ұлықтаған Абылай бейнесі жыр дастандағы тектілікті бейнесі екендігі даусыз.

Қазақ әдебиетінде хан, сұлтандар, яғни билеуші тұлғалардың кездеспейтін жанры жоқ және ол көбінесе жыр толғауларда кездеседі. Абылай ханның бала кезіндегі бейнесінің өзінен-ақ Төле бидің болжамы арқылы ел билейтін азамат болатыны суреттеледі, мысалы:

«Би келіп тамашалап бұған бақты,
«Айтам ғой осы бала асылзатты
Төрт жаққа жайған екен төрт борбайын,
Тегінде билейді екен төрт тарапты».

Бұрынғы заманда «билеуші» ұғымы «тәңір сыйы» халқымыздың түсінігінде құт-береке әкелетін «киелі тұлға» деген таным түсінікті білдірген екен. Бұл туралы белгілі этнограф Шоқан Уәлиханов мынадай пікір білдіреді: «Қазақтар киеге үлкен мән береді... Осы аталғанды (көшпелі тұрмысқа қажеттіктерді) құрмет тұту... адам баласына байлық пен бақыт-құт әкеледі деп түсінеді» [26, 486] деп, «құттың» мағынасын ашады.

Зар заман әдебиетінің көрнекті өкілі Дулат Бабатайұлы «Ата қоныс арқадан» толғауында: «Әбілмансұр хан болды. Хан болмады қазаққа, Ағарып атқан таң болды» [27, 90] – деп, Бұқар бабамыздың құт болуы мүмкін деп сүйінші асын бергізіп, асау тайды иілткен қуанышы да, елдің жайын ойлаған хан Абылайдың туған өлке, қазақ жерінің қалмақтардан босатылып, ілгері басқан елдің еңселі тұрмысынан, ел арасындағы бірлік-берекенің нығаюынан халық арман мақсатының орындалғандығын және Абылай ханның елге «тәңіршіл сый» секілді, береке мен шаттық әкелгенін байқай аламыз. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шежірелерінде ханның ерекше құдіреттен болатын қасиеті, «астында тіреу, үстінде байлауы жоқ, садағын сағымға ілген» баланың һақ Тәңірдің бұйрығымен ел иесі, жұрт егесі боп келгені туралы әңгімелері ел жадында, есінде бекер сақталмаған [28, 64].

Қазақтың салт-дәстүрін терең зерттеген Шоқан Уәлиханов халқымыздың этникалық құрамындағы тектілердің арасынан ғана хандар сайланатын дәрежедегі орны бар, өзектілігі жоғары төрелер туралы: «...султаны – потомки Чингис хана; по мнению народа [они] происходят от солнечного света и, следовательно, благодаря их абсолютной сверхъестественности, божественном происхождении, пользуются властью и уважением» [26] деген зерттеушілік көзқарасы төбе көрсетеді. Қазағының төбе биі, билер поэзиясының шоғыры биік тұлғалары Төленің, Қазыбектің, Әйтекенің және азуы алмас, жүзі қайсар батырлардың арқасында жеткен ізгілікті жер екендігі туралы айтылады. Отызыншы жылдардан бастап жоңғар-қалмақ басқыншыларын қазақ жерінен тазартудың ұйтқысы болып, Абылай хан шығып, өмірінің соңына шейін тарих, тағдыр жүктеген осы миссияны абыроймен атқарып, еліміздің тұлға тарихындағы тағылымды билеуші бейнесін қалыптастыра білген.

Тарихи жырлардағы билеуші, хан бейнесі, әсіресе, «Сабалақ» толғауында ерекше ашылады. «Абылай хан - Сабалақ» атты жырлардың бір нұсқасы еш жерде жарияланбаған. Жырды оқи отырып, бас кейіпкердің жетім қалып, лақап атымен кісі қолында жүруі,

алғашқы ерлігі, жеңісті жорықтан соң, үлкен абыройға ие болуы, хан сайлануы сияқты көріністер ерекше жырланады. Аталған нұсқада әлем халықтарының фольклорлық туындыларында кездесетін мотивтердің біразы орын алады. Солардың ішінде өзектілігі жоғалмаған көп салттардың бірі - «бата беру» дәстүрі.

Қанжығалы Бөгенбай жас Абылайды жорыққа алып шығып, қол жайып:

Бізге жау ежелден ақ қалмақ пен сарт,
Жылқының жүйрігі еді Нарқызылым,
Көңілім енді саған беруге шарт
Жазымен бұл атымды күтіп қыстай,
Жеткізбес еш адамға ұшқан құстай
Қалмаққа жазғытұры аттанамыз,

Дайын бол, қалмай жиылып, басын қоспай... деп, бата беріп, Абылайға өзінің Нарқызыл тұлпарын мінгізеді. Батырға тұлпар сыйлау тарихи жырдағы ерекше үрдістің бірі болып саналады. Жыраулар поэзиясы, олардың шығармашылық өресі, деңгейі жағынан біздің заманға біршама мол жеткен, қазақ хандығы, ел билеу туралы жан жақты қарастырып, билеуші тұлғасын суреттеуде Абылай хан бейнесін көркем де кемеліне келтіріп, көркем суреттеген Бұқар жырау болды. Мәселен, бізге жеткен жыр-толғауларды сараптама жасаған кезде нұсқаларын қосқанда, Абылай тақырыбына қатысты жыраудың 17 шығармасы бар болса, оның сыртында ел билігіне қатысты тағы оншақты жыр толғаулары бар екендігіне көз жеткізе түсесің. Тарихи жырлардағы Абылай хан тұлғасының бейнеленуі ел тұтастығы, ел билеу, хандық басқару, жалпы билік жүйесі мәселесін қозғайды сәттері көркем бейнеленеді.

Мысалы: «Абылай хан жыры» атты тарихи толғауда Шыңғыс хан және оның төрт баласы туралы, Қазақ хандығын құрған Жәнібек пен Керей бері келе жатқан Абылай хан ата бабасы мен тегі жөнінде жырланады. Жырда жас Әбілмансұрдың анасынан тегін сұрап, жұрты мен елін іздеп, қазақ даласына қайта оралғандығы туралы, Ұлы жүз үйсін Төле биге жолығып, «Сабалақ» атты есімді иеленуі, қалмақтармен өткен шайқаста жау жақтың батыры Шарышты жеңу барысындағы тактика, икем туралы қызықты, ерекше баяндалады. Абылай атасының әруағын шақырып жауға қарай атой салған Сабалақ осы ұрыстан соң, орта жүздің сұлтанына айналарын өзі білмеген болар.

Абылайдың биліктегі бейнесі, тұлғасы жырда тағы да бір ерекше көзқараспен беріледі. Тарихи деректерде Орта жүз жасақтары мен жоңғарлардың арасында осы кезеңдерде бірнеше соғыстардың болғаны жазылады. Жырда айтқандай, Абылайдың жасы Шарышпен соғысқан кезде жиырмада ғана болған екен, ал бұл 1732-1733 жылдарға сәйкес келеді. Тарихи деректерде дәл осы жылдары қазақ пен қалмақ арасында үлкен шайқастар болғандығы айтылады.

Жырда Абылай билеушінің қырғыздарды ығыстыруы, ханның елімен қоштасуы, Бұқар жыраудың көңілін сұрап келуі шынайы суреттеліп, сонымен қатар Абылай баласының орыстарға тұтқынға түсіп қалған сәті, Қасым, Кенесары, Саржан сынды батырлардың елдікті сақтау жолындағы сан қырлы ерліктері жыр болып төгіледі. Абылай ханға байланысты толғаулардағы билеуші бейнесінің ашылуына тоқталып өтсек, ең алғашқы жыр толғау болып айқындалатын отыз бір жолдық «Абылай ханның қасында» деп аталатын жырда шайқас пен жекпе-жектің қаупі төніп тұрған алмағайып кезең болатындығы және оған билеушінің бармағандығы жөн деген ұғымдармен астасып жатады. [28, 76].

Академиялық немесе Алматы нұсқасындағы «Ағаш үйде кәпір бар, Көперсің содан теперіш» [25] жолдарынан қауіптің орыс жағынан келетіні анық көрсетеді. Соғыс болғасын «Өлетұғын тай үшін, Қалатығұн сай үшін» болатын шығындарға «жанжал, ерегіске» бармай, «Қатын, бала қамы үшін» Сыр суының арғы бетіндегі «жердің ұйығы» «Жиделі байсынға жетуге» [19] деп ақыл кеңес айтады.

Жыр толғаулардың басты ерекшелігі де көңіл түкіріне бойлайтын қайсарлықтан туған образ жатыр. Белгілі бір мәселе туындағанда жырау ұсынысына Абылайдың жауабы немесе қимылы айтылмайды, әр оқырман басқа жыр толғауларды және тарих деректерді оқи отырып, ханның жауабын, соған байланысты қимыл-әрекетін ой таразысына салып, тереңдей

түседі. Абылай бейнесін көз алдына елестете отырып, елге, жерге, Отанына деген ыстық сезімге байланысты билеуші тұлғасы кесектеліп көрінеді. Осындай сезімдегі оқырманның көз алдына билеуші бейнесі ашылуы тиіс. Мысалы: Абылай ұлы жыраудың ел қамы үшін болған кеңесін түсіністікпен тыңдауы керек еді деп ойлайсың. Аза көңілден шыққан бұл ұсыныстың қатерлі жағын хан терең зердемен ұғына түсіп, ақыл парасатына салып, бұл ғасырдағы сирек қоныстанатын бұрынғы ғасыр емес екендігі, ешбір жаудан, қай жерде де көше қашып, құтыла алмайтын алмағайып уақытта тіпті, қай заманда да жаудың үлкені болсын, кішісі болсын сескенсе сыйлап, мысамен баспаса ардақтамайтын заман болғандығын көруге болады. Ол үшін елдің экономикасын, идеологиясын, демографиясын көрегендікпен нығайту керек екендігі билеуші тұлғасы арқылы ашылады. Сонымен қатар, жеңілген елдің шаруашылығы да оңбайды, қазақта «жеңілгеннің сөз құрсын» деген тіркес бар, билеушінің жырауды тыңдамаған себебі, елінен безіп, қоныс аударатын болса, елі, халқының рухы төмен, жалтақ болады. «Қашқан жауға қатын ер» немесе «Жаман үйдің қонағы би» демекші мысы басым мінез болмаса, туған елге кім болса сол қожайындық етіп кетеді деген ұғыммен астаса жырланады.

«Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны» атты тарихи толғауда да билеуші бейнесінің бірқатар эпизодтары көрінеді. Орта жүзге хан сайланған Абылайды қалмақ ханы Қалдан Серен аңдып жүріп, тұтқынға алдыртқаны, зынданға алып, түрлі айла шарғымен сынағаны халық арасында аңыз боп тараған. Жырда Абылай ханның аң аулап жүріп, қапыда қалмақтардың қолына түскені, Шарышты өлтіргені үшін Қалдан Серен оны зынданға салғаны, қалмақ ханын сөзден тосқаны, Қалданның ұлы Әмірсанамен дос болғаны, қызы Тобышты алып елге қайтқаны туралы, елге қайтқан соң Абылай ханды Әбілмәмбет зор ықыласпен қарсы алып, өз тағына отырғызғаны туралы жыр толғаудың көркемдігі келісе түседі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жырдың ерекшелігі тарихи деректемелермен жанданып, билеуші тарапынан болған ерлік мұраттары көрініс табады. Абылайдың қалмақтардың тұтқыны болғаны - тарихи шындық. Қазақ елінің игі жақсылары ел билеушісін құтқарып алғаны туралы тарихи деректерде көрсетілген және бұл бүкіл қазақ қоғамына әбіржушілік әкеліп, ыңғайсыздық тудырғаны да айтылады. Жырда Әбілмәмбет Қалдан Серенге елші жіберіп, немере інісін босатуды талап еткені туралы, тіпті тарихи деректерде Төле би бастаған тұлғалы тоқсан адам елші барып, келіссөздер жүргізіп, 1743 жылы қыркүйекте босатқандығы туралы дәлелдемелер бар. Тарихи жырдың осы сәтінен халықтың сүйіспеншілігіне бөленген Абылайдай билеушінің болмыс-бітімі асқақ, өр және хандық тұлғасын асқақтата түсетін ерекше жыр суреттеледі. Жырда Малайсары қалмақ ханының ордасында Абылай хан отыру үшін тізерлеп отырса, Өтеген батыр бір деректерде орынтақ болу үшін өзінің тонын астына тосады деген деректер бар. Демек, жау жағына билеуші абыройын сақтау үшін кез келген қазақ батыры өз күш-қайратынмен, ақыл-парасатымен жауға қарсы тұра білген. Билеуші бейнесін зерттей отырып, бұл тұрғыдағы хан бейнесінің жасалуы тіпті, Бұқар жырау толғауларында да кездесетіндігін көреміз және салыстырмалы түрде талдайтын болсақ, «Керей, қайда барасың» толғауының өзінде де билеуші бейнесінің басты ерекшеліктерін байқаймыз. Абылай хан болған уақытта Орта жүздің екі үлкен руы арасында дау туып, керейлер арғындарға өкпелеп, туған елін тастап, Қытайға қарай бет алғанында Бұқар жырау ара ағайындық жасап, керей мен арғынды келістіріп, керейлерді туған жеріне қайтармақшы болған кезде осы толғау өмірге келген.

Зерттеу тақырыбы бойынша жырды негізінен шығармадағы Абылай тұлғасына қатысты қырынан салыстыра отырып, талдау жасағанда жырда тікелей ханға байланысты төрт жол бар екен. Дауласып жатқан қос елдің бітісуінің негізі мен кепілі ретінде бүкіл қазақ елінің ел билеуші ханы ретінде мойындалған Абылай хан танылады. Керейдің атақты адамы Ақмырза өлсе де, арғындар атынан сөз алған жырау тұлғасы басын кішірейтіп, керейлерге ел

тыныштығы қазақ халқының тұтастығының, елдік пен бірлігінің сиволы атанған Абылай хан есімімен айрықша бас көтереді.

Бұл тарихи жырлардан және жыраулар поэзсындағы билеуші бейнесінің көрініс тауып, ерекше үндестік тапқанын байқауға болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Абылайдың алғашқы аты шыққан әңгімесі. ОҒК: ш.№657. 36б. 1 дәптер. 44 бет;
- 2 Абылай аспаған Сарыбел. Жыр. Жинаушы: Көпеев М.Ж. 1920 ж. – ОҒК. Ш. №1176. 126-132 б;
- 3 Абылай ханның бір жарығы. / Аңыз. Жинаушы: Көпеев М.Ж. 1920 ж. – ОҒК. Ш. №1177. 3 б.
- 4 Абылай хан. Жыр. Жинаушы: Көпеев М.Ж. 1920 ж. – ОҒК. Ш. №1176. 383-397 б;
- 5 Абылай хан (Сабалақ) Жинаушы: Төлеуов Қ. 1936 ж. – ОҒК. Ш. №657. 36б. 1 дәптер. 49 бет.
- 6 Абылай (жыр). Жинаушылар: Тоғыстайұлы мен Бәбенұлы Б., 1930 ж. – ОҒК. Ш. №6577. 36 б.
- 7 ОҒК. 657 бума, 3 дәптер
- 8 ОҒК. 657 бума, 5 дәптер
- 9 Қобызшы Қорқыт. – Абылай және басқа өлеңдер. Берлин, 1943
- 10 Абылай (жыр). Шыңжаң халық баспасы. 1985
- 11 Уәлихан Ы.Ш. Абылай. Ана тілі. №24.23. VI. 1991
- 12 Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы, 1972
- 13 Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана (XVIII века о внешней и внутренней политике Аблая). – Алма-Ата: Наука, 1968. – 144 с
- 14 Қозыбаев М. Ел – ебелек емес, ер кебелек емес. / Қазақ әдебиеті. №14. VI. 1991
- 15 Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық. (Құраст. Мағауин М., Байділдаев М. – Алматы: Жазушы, 1989. Т.1. 384 б.
- 16 Халид К. Тауарих Хамса. Алматы: Ғылым, 1994.
- 17 Бикенов А. Қазақ қоғамындағы хандар билігі. «Қазақ тарихы». № 3, 2000.
- 18 Валиханов Ч. Ч. Киргизское родословие. // Собр. соч. в пяти томах. Том I. Изд. АН Каз ССР, Алма-Ата, 1961.
- 19 Дулат Бабатайұлы. «Замана сазы». Өлеңдер мен дастандар. Алматы: Жазушы, 1991, 160 бет.
- 20 Көпейұлы М. Ж. Қазақ шежіресі. Алматы: Жазушы, 1993, 64-бет.
- 21 Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. I (V в. до н.э. -XVIII в. н.э.). Москва – Алма-Ата, 1935. 431 б.
- 22 Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. I. Алматы, 1960
- 23 Левшин А. И. Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, 1996.
- 24 Мағауин М. Қазақ Ордасындағы хан сайлау дәстүрі. «Қазақ әдебиеті» газ. 1994, № 18-19
- 25 Салғарин Қ. Хандар кестесі. Алматы: Жалын, 1992.
- 26 Есенберлин І. Қаһар. Алматы: Жазушы, 1996, 190, 261, 291 бб.
- 27 Есенберлин І. Алмас қылыш. Жанталас. Он томдық шығармалар жинағы. VI том. Алматы: Жазушы, 1986, 190, 261, 291, 417 бб.
- 28 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы: Санат, 1994, 416 б.

Материал 14.03.2023 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 *Abylaidyn algashqy aty shyqqan áhgimesi* [Abylai's first famous story] SSC: sh. No. 657. 36p. 1 notebook. Page 44
- 2 *Abylai aspaǵan Sarybel. Jyr.* [Sarybel, who did not exceed Abylai. Song] Collector: Kopeyev M. zh.1920. Sh. No. 1176. 126-132 p.
- 3 *Abylai hannyn bir jaryǵy.* [One light of Abylai Khan.] / Legend. Collector: Kopeyev M. zh.1920. Sh. No. 1177.3 p.
- 4 Abylai Khan. Song. Collector: Kopeyev M. zh.1920. Sh. No. 1176, pp. 383-397
- 5 Abylai Khan (Sabalak) Collector: Tuleuov, 1936 – SSC. Book No. 657. 36p. 1. Page 49.
- 6 Abylai (song). Collectors: B. Togystayevich and B. Babenuly, 1930. Sh. No. 6577.36 p.
- 7 CSL. 657 packs, 3 notebooks
- 8 CSL. 657 packs, 5 notebooks
- 9 Kobyz Korkyt. - Abylai and Other Poems. Berlin, 1943
- 10 Abylai (song). Xinjiang people's press. 1985
- 11 Ualikhan Y. Sh. Abylai. Native language. №24.23. VI. 1991
- 12 Kazakh Soviet encyclopedia. - Almaty, 1972
- 13 Suleimenov R. B., Moiseev V. A. from the history of Kazakhstan (XVIII century on foreign and domestic policy). - Alma-Ata: Nauka, 1968. - 144 pp.
- 14 Kozybayev M. el-not yebelek, not er kebelek. / Kazakh literature. №14. VI. 1991
- 15 Five centuries sings. 2 volumes. (Comp. Magauin M., Baidildayev M.-Almaty: writer, 1989. Vol. 1. 384 p.
- 16 Khalid K. Tawarih Hamsa. Almaty: Science, 1994.
- 17 Bikenov A. the power of the Khans in Kazakh society. "Kazakh history". № 3, 2000.
- 18 Valikhanov Ch. // SOBR. Soch. in the fifth Tomach. Tom I. Izd. An Kazakh SSR, Alma-Ata, 1961.
- 19 Dulat Babatayevich. "The music of the Times". Poems and epics. Almaty: writer, 1991, 160 pages.
- 20 Kopeyuly M. zh. Kazakh Chronicle. Almaty: writer, 1993, p.64.
- 21 Years ago Kazakhstan entered the history and materials. SB. I (V V. do N. E.-XVIII V. N. E.). Moscow-Alma-Ata, 1935. 431 p.
- 22 *Materialy po istoru politicheskogo stroia Kazahstana* [Materials on the history of political construction of Kazakhstan] T. I. Almaty, 1960
- 23 Levshin A. I. description of the Kirgiz-Kazakh or Kirgiz-kaisatsky Ord and stepei. Almaty, 1996.
- 24 Magauin M. Khan's election tradition in the Kazakh Horde. Gas" Kazakh literature". 1994, № 18-19
- 25 Salgarin K. table of Khans. Almaty: Zhaly, 1992.
- 26 Yesenberlin I. Fury. Almaty: writer, 1996, 190, 261, 291 pp.
- 27 Yesenberlin I. the diamond sword. "What?" A collection of works in ten volumes. Volume VI. Almaty: writer, 1986, 190, 261, 291, 417 EP.
- 28 Bekmakhanov E. Kazakhstan in the 20-40s of the XIX century. Almaty: Category, 1994, 416 p.

Эпический образ правителя в исторических эпосах

Рахымов Б.С.¹, Казжанова О.А.², Тлеубердина Г.Т.²

¹НАО «Карагандинский университет имени Е.Букетова», г.Караганда, 040000, Республика Казахстан

²НАО «Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова», г.Кокшетау, 020000. Республика Казахстан, kazzhanova.orynbasar@mail.ru, guldentleuberdina@inbox.ru

- teaching self-regulation: students must learn to plan their work, set priorities, monitor their progress and control their progress;
- learning how to organize and structure information: Students should be able to organize and categorize the information they receive, as well as be able to structure it. Charts, tables and other visual tools can be used to help with this process;
- development of communication skills: students must learn to express their thoughts and ideas, ask questions and communicate with other people. Discussions and other forms of teamwork are used to develop communication skills;
- teaching Reading Techniques: Reading is a key learning skill, so students must learn to read quickly and understand texts. Various reading methods and strategies can be helpful in developing this process.

The effectiveness of the elective course in English "The World Around Us" is achieved through the use of modern innovative digital educational and information technologies during classes. Interactive whiteboards and projectors can be used, applications on smartphones, search

engines such as Google and Yandex will be useful in the classroom for design and research work. Also, entertaining and modern topics of the elective course, which correspond to the new realities of modern youth, can increase the motivation for learning a foreign language.

CONCLUSION

In modern education, profile education is an important factor in the development of personality in the senior school level. Profile education also helps students to identify their professional interests and abilities, which can help them choose a future profession and successfully realize themselves in life. In addition, profile education contributes to the development of individual qualities of students, such as creative thinking, the ability to work in a team, independence and responsibility for their actions. Elective foreign language courses in schools in Kazakhstan allow students to deepen their knowledge and skills in the target language. The purpose of elective foreign language courses in schools in Kazakhstan is to help students develop a good knowledge of the language so that they can use it in everyday life, in their studies and in their future professional activities. In addition, learning a foreign language helps students broaden their horizons, learn about other cultures and traditions, which contributes to the development of their personality. The student-centered activity approach used in teaching a foreign language suggests that teaching should be focused on the personal growth of students and on the development of their ability to use the language in real life situations. The elective foreign language course "The World Around Us" has a number of advantages and can have a beneficial effect on students: developing skills in reading scientific texts in English: on the course, students can deepen their knowledge of scientific terminology and scientific methods in English; improvement of oral and written speech; familiarization with current research and achievements in various fields of science in English: students can learn new concepts, technologies and discoveries in science in English; preparation for passing international exams in English; broadening the horizons and increasing the general culture; improving career prospects. In general, an elective foreign language course "English in the World of Science" can help students not only improve their language skills, but also prepare them for a successful career in an international environment.

REFERENCES

- 1 *Gosudarstvennaya programma razvitiya obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan na 2020 - 2025 gody* // g. Nur-Sultan, 2019.
- 2 Kolesnikov A.A. *Professional'no –orientirovannyye elektivnye kursy na inostrannom yazyke dlya filologicheskogo profilya: nauchnye osnovy, primer razrabotki*, - Ryazan' 2021
- 3 Katherine Stannett. *Impact 2. Student's Book*. - National Geographic Learning, a Cengage Learning Company, 2018 – 191.
- 4 Bim, I.L. *Profil'noe obuchenie inostrannym yazykam na starshej stupeni obshcheobrazovatel'noj shkoly. Problemy i perspektivy*. – М. : Prosveshchenie, 2017.

Received: 23.03.2023

Профильдік сыныптарда шет тілінен элективті курстарын әзірлеу әдістемесі

У.Г. Бакенова¹, А.М. Досанова²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы

Қазіргі қазақстандық білім берудің басым бағыттарының бірі жалпы білім беретін мектептердің, гимназиялардың, лицейлердің жоғары сыныптарында бейіндік білім беру жүйесін құру және дамыту болды. Сондықтан бейіндік білім беру контекстінде, оның

ішінде шет тілдерінде элективті курстарды әзірлеу мәселесін зерттеу қажеттілігі туындады. Зерттеу нысаны – жалпы білім беретін мектептердің, гимназиялардың, лицейлердің жоғары сыныптарында шет тілін оқыту үдерісі. Зерттеу пәні «Айналамыздағы әлем» элективті курсының мазмұны. Орта мектепте бейіндік білім беру мәселесін жан-жақты талдау, шет тілінің элективті курстарын әзірлеу бойынша практикалық ұсыныстар жалпы білім беретін мектептердің, гимназиялардың, лицейлердің шет тілі мұғалімдерін, тіл курстарының мұғалімдерін қызықтыруы мүмкін.

Кілт сөздер: элективті курстар, бейіндік оқыту, шет тілі, жоғары сыныптар.

Материал поступил в редакцию журнала 17.03.2023

Методика разработки элективных курсов по иностранному языку в профильных классах

У.Г. Баекенова¹, А.М. Досанова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан

Одним из приоритетных направлений современного казахстанского образования стало создание и развитие системы профильного обучения в старших классах общеобразовательных школ, гимназий, лицеев. Поэтому назрела необходимость исследовать вопрос разработки элективных курсов в условиях профильного обучения, в том числе по иностранным языкам. Объектом исследования является процесс обучения иностранному языку в старших классах общеобразовательных школ, гимназий, лицеев. Предмет исследования – содержание обучения элективного курса «Мир вокруг нас». Всесторонний анализ вопроса профильного обучения в старших классах, практические рекомендации по разработке элективных курсов по иностранному языку может представлять интерес для учителей иностранных языков общеобразовательных школ, гимназий, лицеев, преподавателей языковых курсов.

Ключевые слова: элективные курсы, профильное обучение, иностранный язык, старшие классы

Материал 23.03.2023 баспаға түсті

FTAMP 14.01.45

DOI: 10.59102/kufil/2023/iss1pp59-68

А.К.Курманова

PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0003-0795-7035>. E-mail: k_ainash_k@mail.ru

ҚАТЫСЫМДЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мақалада қазақ тілі сабақтарында қатысымдық жаттығуларды қолдану мәселесі қарастырылады. Мақаланың мақсаты мен міндеттеріне орай зерттеу тақырыбына қатысты авторлардың көзқарастары мен пікірлеріне шолу жасалды. Сонымен қоса теорияға негізделген ғылыми еңбектер зерделенді. Бұл тақырып қазіргі өзекті мәселенің бірі – қатысымдық бағдарлы оқытумен тығыз байланыста қаралады. Қатысымдық бағдарлы оқыту – нақты өмірлік жағдаяттарда тиімді қарым-қатынас жасау үшін тілді қолдануға және білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуға бағытталған оқыту тәсілі.

Оның бірден бір тиімді жолы – қатысымдық жаттығулар. Қатысымдық жаттығулар – тіл үйренушінің білік пен дағды қалыптастыру жүйелілігін ескере келіп, тілдік және сөйлеу жаттығулары арқылы тіл үйренушінің қатысымдық құзыреттілігін дамытуға бағытталған өзара байланыстағы әрекеттердің ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін жаттығу түрі. Бұл білім алушыларды тілді шынайы өмірде қолдануға бейімдейді. Яғни, қатысымдық жаттығулар үйретілген лексикалық бірліктер мен грамматикалық формаларды есте сақтау, тілдесім барысында оларды пайдалану дағдыларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге қарым-қатынаста, яғни сөйлеу актілерін жүзеге асыруда тіл үйренушінің тілдік тәжірибесін қалыптастыруда маңызды болып табылатын тілді қолдану дағдысын қалыптастыруға және оны дамытуға негіз болады. Сондықтан мақалада қатысымдық жаттығулардың түрлері сипатталды мен тиімділігі дәлелденді. Қатысымдық жаттығуларды қолдану білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуға, тіл үйренуге деген ынтасын, қызығушылығын арттыруға ықпал ететінін зерттеу жұмысымыздың нәтижесі көрсетті. Қатысымдық жаттығуларының ең тиімді түрлері рөлдік ойындар, пікірталас және топтық тапсырмалар екені анықталды. Дегенмен, жақсы нәтижеге жету үшін қатысымдық жаттығуларды грамматикалық жаттығулар мен мәтінмен жұмыс жасаудың тиімді әдіс-тәсілдерімен ұштастыра қолдану қажет деген тұжырым жасалды.

Кілт сөздер: қазақ тілі, қатысымдық дағдылар, қатысымдық жаттығулар, рөлдік ойын, пікірталас, топтық тапсырма, грамматикалық жаттығулар, мәтінмен жұмыс.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қатысымдық дағдылар кез келген тілді, соның ішінде қазақ тілін үйренудің маңызды аспектісі. Қатысымдық дағдыларды тиімді меңгеру тек тілде сөйлеуге ғана емес, сонымен қатар сәтті қарым-қатынас жасауға, әңгімелесушіні түсінуге, сенімді қарым-қатынас орнатуға және сапалы қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жақсы қатысымдық дағдылар тіл емтихандарын тапсыруға, жұмыс іздеуге, саяхатқа және өмірдің басқа салаларына көмектеседі. Осы орайда қазақ тілі сабағында қатысымдық жаттығуларды қолдану білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамытып, білім сапасын арттырудың тиімді жолы бола алады.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл және оны барлық мектептер мен жоғары оқу орындарында оқу міндетті. Мемлекеттік стандартқа сәйкес қазақ тілін оқыту грамматикалық ережелерді, сөздік қорды, сонымен қатар тілдегі қатысымдық дағдыларды меңгертуді қамтиды.

Соңғы жылдары Қазақстанда шетелдік студенттер санының артуына байланысты қазақ тілінде қатысымдық дағдыларды дамытуға көп көңіл бөлінуде. Ол үшін оқытудың әртүрлі әдістері, соның ішінде қатысымдық жаттығулар қолданылады, бұл білім алушылардың әртүрлі салада, соның ішінде оқуда, еңбекте және күнделікті өмірде қазақ тілінде қатысымдық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Осы орайда, білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту және қазақ тілінде білім беру сапасын арттыру үшін қазақ тіліндегі қатысымдық жаттығуларды қолданудың тиімділігі мәселесі өзекті болып отыр.

КІРІСПЕ

Қазақ тілі сабақтарында қатысымдық жаттығуларды қолдану – қазіргі өзекті мәселенің бірі. Осы өзекті мәселе қазақ тілін қатысымдық бағдарлы оқытумен тығыз байланысты. Сондықтан бұның маңыздылығы бірнеше зерттеу еңбектеріміздің нысанына алынып келеді [1, 402]. Зерттеу барысында қазақ тілін қатысымдық бағдарлы оқытумен қоса, сол тілде қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру, ұсынылған тақырып аясында қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға қажетті дағдыларды игерту көзделеді, тілді шынайы өмірде қолдануға бейімдеп, білім алушылар күнделікті тұрмыстағы қарапайым қатынаста қазақ тілінде тиімді сөйлесе алу керек екені дәйектелген болатын [2,92]. Осы тұрғыда,

бірнеше әдіскер-ғалымдардың еңбектері, атап айтсақ, Е.И. Пассов, Б.Л.Скалкин, Э.Ю. Сосенко, Т.А. Рамсина, М.А. Полидва, Н.И. Гез зерделенді. Е.И.Пассов қатысымдық жаттығуларды грамматикалық формаларды меңгеру тұрғысынан қарастырды [3]. Б.Л.Скалкин сөйлеуді дамыту бағыты бойынша зерттеді [4]. Э.Ю.Сосенко дайындық жаттығулар жүйесін құру негізінде зерделеді [5]. Т.А.Рамсина, М.А.Полидва растауды, толықтыруды, нақтылауды, теріске шығаруды білдіретін жауап үнқатымдарын енгізу тұрғысынан қарады [6]. Н.И.Гез қатысымдық жаттығулар тілдік және сөйлеу жаттығуларынан құрастырылуы керек және оларсыз тіл үйренушінің қатысымдық құзыреттілігін дамыту мүмкін емес деген пікір айтты [7]. Алайда бұл мәселе біршама қаралса да, қазірдің өзінде өзекті мәселенің бірі болып қала береді. Себебі психология мен лингвистикаға байланысты қатысымдық жаттығуларды құрудың жаңа идеялары, ұстанымдары әлі де болса зерттеу, зерделеуді қажет етеді. Сондықтан мақалада қазақ тілі сабақтарында қатысымдық жаттығуларды қолдану және олардың тиімділігін зерттеу мақсат етілді. Ол өз алдына мынадай міндеттерді қойды:

- қазақ тілі сабағында қатысымдық жаттығулардың қандай түрлері қолданылатынын анықтау;
- қазақ тілі сабағында қатысымдық жаттығулардың тиімділігі туралы оқытушылар мен білім алушылардың пікірін зерделеу;
- қазақ тілі сабағында қатысымдық жаттығуларды қолданудың білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуға әсерін бағалау;
- қазақ тілі сабақтарында қатысымдық жаттығуларды қолдануды жақсарту бойынша ұсыныстар беру.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Соңғы жылдары тілдік білім беруде қатысымдық жаттығуларды қолдануға көп көңіл бөлінуде. Осы тақырып бойынша көптеген зерттеулерде қатысымдық дағдыларды дамытудың маңыздылығы ғана емес, сонымен қатар тіл сабақтарында қатысымдық жаттығуларды қолданудың тиімділігі де атап өтіледі.

Тілді қатысымдық оқытудың негізгі ұстанымдарының бірі – тілді қарым-қатынас арқылы меңгеру және нақты жағдайда қолдану. Бұл әдіс әлемнің әртүрлі елдерінде тілдік білім беруде белсенді түрде қолданылады және оқытушылар мен білім алушылардың көптеген оң пікірлерін алды. Тілдік білім беруде қатысымдық жаттығуларды қолдану сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу дағдыларын дамытуға ықпал ететінін көптеген зерттеулер растайды. Сонымен қатар, мұндай жаттығулар білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін, ынтасын арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға көмектеседі.

Бірінші кезекте қойылған мақсатқа жету үшін осы тақырып бойынша ғылыми зерттеулерге шолу жасалып, талдау жүргізіледі, екінші, қазақ тілі сабақтарында қатысымдық жаттығуларды қолданудың тиімділігі зерттеледі.

Ғылыми зерттеулерге шолу жасайтын болсақ, әдіскер В.Л.Скалкин қатысымдық жаттығуды сөйлеуді дамытуға арналған жалпы жаттығулар жүйесінде қарастырған. Автор бірінші кезекте сөйлеуді және тыңдауды үйренудің ішкі жүйесін анықтайды. Яғни, белгілі бір фонетикалық, лексикалық және грамматикалық элементтермен немесе тұтас сөйлемдермен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруда тілдік материалды мақсатты түрде белсендіру және нақты ауызша байланысқа түсуде ғана көрінетін тілдік материалдың реттелмейтін, нақты бағытталмаған белсенділігі [4, 18-19]. Э.Ю. Сосенко сөйлеуге үйрететін қатысымдық дайындық жаттығулар жүйесін құрудың теориялық негіздерін зерттей келе, қатысымдық жаттығулар тіл үйренушілердің жеке сөйлеу тәжірибесін арттыруға мүмкіндік береді деген пікір білдіреді [5]. Т.А. Рамсина, М.А. Полидва қатысымдық жаттығу жаңа зерттелетін құбылысты автоматтандырудың негізгі міндеті. Бұл жаттығулардың реттілігі: үлгіні ұсыну, еліктеу, өзіндік аналогияны қолдану сияқты сөйлеу дағдыларын қалыптастыру кезеңдерімен анықтайды [6]. Сонымен қатар «Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті

стандартында» өзге тілді білім алушыларға «қазақ тілінде қойылған сұрақты, қайтарылған жауапты түсіну, қысқа мәтінді тыңдап, түсінігін айту, жауап қайтара алу» деген талаптар да қойылған. Осындай жаңа талаптар орыс тілі бойынша В.Г.Костомаровтың еңбегінде де байқалады [8]. Негізгі талап – жаттығулардың ситуативтілігі, тақырыптылығы. Мұндай жаттығулардың мазмұны тіл үйренуші өмірде кездестіретін шынайы ситуациялар болуы тиіс. Жаттығулардағы грамматикалық мақсат байқалмауы керек, ситуацияға байланысты өз ойын жеткізе алу амалына құрылуы тиіс. Жаттығулардағы тапсырма нысандарының да берілуі басқаша болуы керек.

Е.И.Пассов практикаға жаңа сипаттағы жаттығуларды – қатысымдық жаттығуларды енгізді [3, 7]. Автордың өзі жаттығудың бұл түрлерін грамматикалық біліктілікті қалыптастырады деп санайды. Оның жаттығулары грамматикалық тақырыптар бойынша (сын есім, етістік шақтары, модальдық етістіктер және т.б.) орналасқан, олардың негізгі мақсаты белгілі бір тілдік тұлғаларды меңгерту, бұл жағынан дәстүрлі тілдік жаттығулар мақсатымен сәйкес келеді. Бірақ Е.И.Пассовтың жаттығуларында аталған мақсат сөйлеу тапсырмаланының нәтижесін тіл үйренушілерге байқалмайды және осы тапсырмалар жаттығулардың жаңаша белгісі, сипаты саналады. Пассовша жаттығулар үш белгісі бойынша топтастырылады: *құрамына қарай, тапсырмаларының нысандарына қарай, орындалу амалдарына қарай*. Тапсырманың нысандарына қарай автор жаттығуларды *сұрақ, бұйрық, түсіндіру, нұсқаулы жаттығулар* деп бөледі [9, 239]. Мысалы, мынадай нұсқаулы жаттығулар: *жолдастарыңыздың пікіріне қарсы пікір айтыңыз немесе оның пікірін растаңыз. Естіген хабарыңызға таңданыңыз, мені түзетіңіз, маған қарсыласыңыз, кеңес беріңіз және т.б.*

Жаттығулар классификациясына осындай сипаттағы жаттығуларды енгізу маңызды. Мұндай жаттығуларды орындау барысында сабақта тіл үйренушілердің әрекеттерінде өзгерістер пайда болады. Бұрын тіл үйренушінің алдында «Сөйлем құра», «Барыс септігін пайдаланыңыз», «Өткен шақта жазыңыз» деген тапсырма тұрса, Пассов жаттығуларының сипаты шынайы әрекетке, қатысым шақтарына жақындайды. Қатысымдық тапсырмалардың молдығы «коммуникативтік жаттығулардың психологиялық негізі» және оқу жаттығуларын коммуникация үдерістері сияқты жасауға мүмкіндік береді [10, 9]. Сондықтан қатысымдық жаттығулар жүйесі тілді практикалық деңгейде меңгеруге бағытталуы тиіс. Себебі қатысымдық жаттығулар жүйесі оқыту үдерісінде ерекше рөл атқарады. Ол жүйелі түрде білік пен дағдының қалыптасуын дамытады. Тілдің ерекше тілдік материалын (фонетика, орфоэпия, орфография, лексика т.б.) қолдану үшін тиісті әрекеттер жасау керектігі ескеріледі. Интерференциялық ықпалға ұшырайтын, тілдің өзіне тән ерекшеліктерін, қиындықтарын меңгеруінің, ана тілі тасымалдауы тиімділігінің үдерістерін анықтайды. Жаттығулардың қарапайымнан күрделіге ауысуын жүйелі түрде іске асыруға бейімдейді.

Қатысымдық жаттығуларды қолдану тиімділігіне келетін болсақ, қазақ тілі сабағында *ойын, рөлдік ойындар, пікірталас, импровизация, жұптық* немесе *топтық* тапсырмалар т.б. қолданылады. Олар түрлі әдіс-тәсілдер негізінде жүзеге асырылады. Соның бірі – «Төрт бұрыш» тәсілі. Бұл сыныпты төрт топқа бөлуді қамтиды, білім алушылардың әрқайсысы сыныптың бір бұрышын алып, белгілі бір мәселені немесе тақырыпты талқылайды. Сонымен қатар «Word Football» немесе «Word Crosswords» сияқты сөздік қорды дамыту ойындары да тиімді пайдаланылады.

Нақты жаттығуларды таңдағанда білім алушылардың тілді меңгеру деңгейі, олардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын, сонымен қатар сабақтың мақсаты мен міндеттері ескеріледі. Сондай-ақ қатысымдық жаттығуларының тиімділігіне әсер ететін факторлар да назардан тыс қалмады. Мысалы, қатысушылардың саны, жаттығудың ұзақтығы, тілдік кедергінің болуы және т.б.

Осы мақсатта жұмысымызда әртүрлі ақпарат көздері пайдаланылғандықтан, теориялық деректерді зерттеу мен талдау әдістері қолданылды. Бұл әдісті жүзеге асыру үшін тақырыпқа тікелей және жанама қатысты болып келетін әдебиеттерді іріктеп алу, оларға жалпы шолу жасау, зерттеу нысандары мен қарастыратын өзекті мәселелеріне қарай айтқан қорытынды

пікірлеріне талдау жасау тәсілдері қолданылды. Нәтижесінде қатысымдық жаттығулар бағытындағы ғылыми әдебиеттердің аз екені анықталды. Бұл мәселе басты зерттеу нысанымыз болғандықтан, талдау нәтижесі қысқаша ғана шолу түрінде ұсынылды. Зерттеушілердің барлығы қатысымдық жаттығуларды тілді үйретуде тұғыр ретінде алудың қажеттілігін атап көрсетті. Жұмысымыздың қорытындылар мен тұжырымдар бөлімдерінде жалпы теориялық және ғылыми міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін педагогикалық зерттеудің аналитикалық әдістері қолданылды. Бұл – педагогикалық зерттеулердің көне әдістерінің бірі. Зерттеу барысында алға қойған мақсат-міндеттерімізге қол жеткізуде аталған әдістерді қолдану өте тиімді болды. Қатысымдық жаттығулардың маңыздылығын, тиімділігін айқындауға мүмкіндік берді.

НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ тілі сабақтарында қатысымдық жаттығулардың кең ауқымы қолданылады, соның ішінде: *рөлдік ойын, талқылау, лексикалық дағдыны дамытатын ойындар, аутентті материалдармен жұмыс, топтық жұмыс, мультимедиялық технологияны қолдану, «кері жіктеу» әдістемесі, жұппен жұмыс, нақты өмірлік мысалдар мен кейс-стадий тапсырмалары.*

Рөлдік ойын арқылы білім алушылардың қарым-қатынас және сөйлеу дағдыларын дамытылды, түрлі рөлдерді сомдап, жағдайларды шешу құзыреттіліктері қалыптастырылды.

Талқылау кезінде әртүрлі тақырыптар талқыланды, өз пікірлері мен дәлелдерін айта алды, басқаларды тыңдауға және әртүрлі көзқарастарды құрметтеуге үйренді.

Лексикалық дағдыларды дамытуға арналған ойындар арқылы сөздік қорлары молайтылды. Ол антоним, синоним, сөздерді байланыстыруға бағытталған ойындар арқылы жүзеге асты.

Түпнұсқалық материалдармен жұмыс кезінде білім алушылар қазақ тіліндегі шынайы мәтіндермен және материалдармен жұмыс жасап, оқу дағдыларын және түпнұсқа тілді түсіну дағдыларын дамытты.

Топтық жұмыста білім алушылар қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыта отырып, өзара қарым-қатынас жасау және мәселелерді бірлесіп шешу бағытында жұмыс жасады.

Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру мақсат етілді. Оқытуды интерактивті және қызықты ету үшін бейне, аудио және интерактивті жаттығулар сияқты әртүрлі мультимедиялық материалдар пайдаланылды.

«Кері жіктеу» әдістемесі бойынша білім алушылар берілген сөздер негізінде өзіндік жіктемесін жасап, өз негіздемелеріне түсінік берді.

Жұптық жұмыста білім алушылар жұптасып, тапсырмалар орындады, қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытты.

Кейс-стадилерді және нақты өмірлік мысалдарды пайдалану арқылы іс жүзінде адамдардың қандай тілдік құралдарды қолданатынын көруі мақсатында шынайы өмірлік мысалдар пайдаланылды.

Бұл әрекеттер білім алушыларға сөйлеу, оқу, жазу және тілді түсіну сияқты әртүрлі қатысымдық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Тіл сабақтарында қатысымдық жаттығуларды қолдану бойынша зерттеулер олардың тіл үйретудегі тиімділігін растайды. Мысалы, М.Н. Колесникова «Культура научной и деловой речи» атты еңбегінде қатысымдық жаттығуларды қолдану білім алушылардың ынтасын арттырып, сөйлеу белсенділігін белсендіріп, коммуникативті дағдыларды жетілдіретінін көрсетті [11].

«Современные методы и технологии преподавания иностранных языков» деген еңбегінде оқу үдерісінде қатысымдық жаттығуларды қолданудың тиімділігін растап, қатысымдық жаттығуларды пайдалана отырып, білім алушылардың шет тілін меңгеруге

деген ынтасының жоғары екенін анықтады әрі бұл тәсілдің әсіресе көптілді оқытуда тиімді екені көрсетілді [12].

Осылайша, зерттеулер тіл сабақтарында қатысымдық жаттығуларды қолдану арқылы оқу тиімділігін айтарлықтай арттырып, білім алушылардың қатысымдық дағдыларын жақсартуға болады. Қазақ тілі сабағындағы қатысымдық жаттығулардың тиімділігін талдау мұндай жаттығулардың білім алушылардың қатысымдық дағдыларын жетілдіруге ықпал ететінін көрсетті. Зерттеу нәтижелері қатысымдық жаттығуларды қолданып үйренген білім алушылардың дәстүрлі әдіспен оқитындарға қарағанда тілді меңгеру деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Сондықтан қарым-қатынастың нақты жағдайларын имитациялайтын қатысымдық жаттығуларына ерекше назар аудару керек, мысалы, диалогтар, кейіпкерлердің рөлдік ойындары және т.б. Бұл жаттығулар білім алушыларға тілді практикада қолдана отырып үйренуге мүмкіндік береді, бұл тілді тереңірек түсінуге, қатысымдық дағдыларын жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар қатысымдық жаттығуларды қолдану білім алушылардың ынтасын арттырып, тілді өмірде қолдану қорқынышын азайтады. Қатысымдық дағдыларын жаттықтыруға мүмкіндігі бар білім алушылар өздерін сенімді сезінеді және сабақта белсенді бола алады. Сонымен, зерттеу нәтижелері қатысымдық жаттығуларды қазақ тілі сабақтарында қолданудың тиімділігін растап, тілдік білім беруде қосымша құрал ретінде пайдалануды ұсынады.

ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу барысында қазақ тілі сабағында қатысымдық жаттығуларды қолдану білім алушылардың тілді меңгеруіне тиімді ықпал ететіні анықталды. Қатысымдық жаттығулар білім алушыларға грамматика мен лексиканы ғана емес, сонымен қатар қазақ тілінде сөйлеу қабілетін, сонымен қатар әңгімелесушіні түсінуге көмектеседі. Басқа авторлар жүргізген зерттеулердің нәтижелерін талдау нәтижесінде тіл сабағында қатысымдық жаттығуларды қолдану білім алушылардың тілді меңгеруге деген ынтасын арттыруға, қатысымдық дағдыларын жетілдіруге және тілді терең түсінуге ықпал ететіндігі байқалды. Дегенмен, барлық қатысымдық жаттығулары бірдей тиімді бола бермейді және максималды нәтижеге жету үшін белгілі бір білім алушылар тобына және оқу мақсаттарына сәйкес келетін жаттығуларды таңдау қажет. Сондай-ақ, қазақ тілі сабағында қатысымдық жаттығуларды қолданудың тиімділігін әр білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, сабақта туындауы мүмкін шынайы қатысымдық жағдаяттарға барынша жақын жағдаяттар тудыратыны анықталды. Олай болса, қазақ тілі сабағында қатысымдық жаттығуларды қолдану оқу үдерісіне оң әсерін тигізіп, білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Дегенмен, максималды нәтижеге жету үшін әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, нақты оқу мақсаттарына жету үшін ең қолайлы жаттығуларды таңдау қажет.

Тіл үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану тек қазақ тілі сабағында ғана емес, тіл үйренудің басқа да жағдайларында тиімді болуы мүмкін. Мысалы, қатысымдық жаттығуларды IELTS немесе TOEFL сияқты халықаралық тіл емтихандарына дайындау үшін пайдалануға болады, мұнда қатысымдық дағдылар бағалаудың негізгі құрамдастарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, қатысымдық жаттығуларды іскерлік қазақ тілін немесе медициналық қазақ тілін оқыту сияқты кәсіби саладағы қатысымдық дағдыларын дамыту үшін пайдалануға болады. Бұл жағдайда қатысымдық жаттығулар іскерлік кездесулерді немесе медициналық кеңестерді симуляциялауды қамтуы мүмкін әрі бұл білім алушылардың кәсіби салада қатысымдық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ қатысымдық жаттығуларды тілді оқытуда белгілі бір мақсаттарда қолдануға болады. Бұл жағдайда қатысымдық жаттығулар тиісті салада жұмыс істеуге қажетті нақты қатысымдық дағдыларды дамытуға бағытталуы мүмкін. Осылайша, қатысымдық жаттығулар әртүрлі тілді үйрену жағдайында тиімді қолданылады және білім алушылардың сәйкес салаларда қатысымдық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінен қазақ тілі сабақтарында қолданылатын қатысымдық жаттығулардың тиімділігі әр түрлі деген қорытындыға келуге болады. Мысалы, рөлдік ойындар және ойын стиліндегі диалогтар сияқты ойынға негізделген жаттығулар, грамматикалық жаттығулар немесе мәтіндерді оқу және талдау сияқты дәстүрлі жаттығуларға қарағанда жақсы нәтиже көрсетті. Дегенмен, қатысымдық жаттығулардың тиімділігі білім алушылардың жасы мен дайындық деңгейіне, топтың көлеміне, тіл үйренуге деген ынта-ықыласы мен қызығушылығының деңгейіне, сондай-ақ мұғалімнің тәжірибесі және оның оқытуға деген көзқарасы сияқты көптеген факторларға байланысты екенін ұмытпаған жөн. Сонымен, қазақ тілі сабақтарында қатысымдық жаттығуларды қолданудан максималды нәтижеге жету үшін білім алушылардың әрбір тобының жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескеру, сондай-ақ оқытудың әдістері мен формаларын әртараптандыру қажет. Білім алушылардың шынайы өмірде қатысымдық дағдыларын барынша пайдалана алатындай оқыту керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл мақалада қазақ тілі сабақтарында қатысымдық жаттығуларды қолдану мүмкіндіктері қарастырылды. Сабақта қолданылатын қатысымдық жаттығулардың алуан түрлері талданып, тиімділігі бағаланды. Тілдік білім беруде қатысымдық жаттығуларды қолдану бойынша өткен зерттеулердің нәтижелері қаралды. Қазақ тілі сабағында қатысымдық жаттығуларды қолдану білім алушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуға, тіл үйренуге деген ынтасын, қызығушылығын арттыруға ықпал ететінін зерттеу жұмысымыздың нәтижесі көрсетті. Қатысымдық жаттығуларының ең тиімді түрлері рөлдік ойындар, пікірталас және топтық тапсырмалар екені анықталды. Дегенмен, жақсы нәтижеге жету үшін қатысымдық жаттығуларын грамматикалық жаттығулар мен мәтінмен жұмыс жасаудың тиімді әдіс-тәсілдерімен ұштастыра қолдану қажет.

Бұл зерттеу қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімдерге де, оқу бағдарламалары мен оқулықтарды әзірлеушілерге де пайдалы. Зерттеу нәтижелері қазақ тілі сабағында қатысымдық жаттығуларды қолдану тілдік білім беру мақсатына жетудің және білім алушылардың тілді меңгеру деңгейін арттырудың тиімді әдісі деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Тілдерді тиімді меңгеру үшін қазақ тілі сабағында қатысымдық жаттығуларды қолданудың маңызы зор. Бұл білім алушылардың тілдік құрылымдарды түсініп, есте сақтауына ғана емес, сонымен қатар оларды нақты қарым-қатынаста қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қатысымдық жаттығулар қазақ тілінде өз ойын жеткізе білу, әңгімелесушіні түсіну, сұрақ қою және оған жауап беру сияқты қатысымдық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Дегенмен, барлық қатысымдық жаттығулары бірдей тиімді бола бермейді, нақты жаттығуларды таңдау оқу мақсаттары мен білім алушылардың деңгейіне байланысты. Кейбір жаттығулар жаңадан бастағандар үшін, ал басқалары жетілдірілгендер үшін қолайлы болуы мүмкін. Сондай-ақ білім алушылар білім алатын мәдениет пен қоғамның ерекшеліктерін ескеру маңызды. Қазақ мәдениеті жағдайында, мысалы, қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын көрсететін қатысымдық жаттығуларын қолдануға болады, бұл тіл мен мәдениетті тереңірек түсінуге ықпал етеді. Олай болса, тілді тиімді меңгеру, қатысымдық дағдыларды дамыту үшін қазақ тілі сабағында қатысымдық жаттығуларды қолдану басты мәнге ие.

Материал 17.03.2023 баспаға түсті

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Курманова, А. К., Курманбаева Ш. К. Қатысымдық бағдарлы оқыту мәселесінің зерттелуі [Текст] //Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық сериясы. №1 (2022). – Павлодар, 2022. – Б. 400-412. <https://doi.org/10.48081/JUAP1704>

2 Курманова, А. К. Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері [Текст]// Ш.Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. №2. – Көкшетау, 2022. – Б. 91-101.

3 Пассов, Е. И. Коммуникативные упражнения (на материале немецкого языка) [Текст]. – Москва : Просвещение, 1967. – 97 с.

4 Скалкин, В. Л. Коммуникативные упражнения на английском языке [Текст]. – М. : Просвещение, 1983. – 128 с.

5 Сосенко, Э. Ю. Коммуникативные подготовительные упражнения (При обучении говорению на начальном этапе) [Текст]. – М. : Русский язык, 1979. – 140 с.

6 Рамсина, Т. А., Подлива, М. А. Коммуникативные упражнения. Изд. 3-е, перераб., доп. [Текст] – М. : Русский язык, 2010. – 179 с.

7 Гез, Н. И. Система упражнений и последовательность развития речевых умений и навыков [Текст] //Иностранные языки в школе, 1969. – № 6.

8 Костомаров, В.Г., Митрофанова, О.Д. Методическое руководство для преподавателей русского языка иностранцам [Текст]. -3-е изд. -М.: Русский язык, 1984. –158 с.

9 Курманова, А.К. Қатысымдық жаттығулар: зерттеулер мен оқулықтарға талдау [Текст] // Торайғыров университетінің Хабаршысы, Педагогикалық сериясы. – 2022. – №4. – Б. 233-245. <https://doi.org/10.48081/KZWL2389>

10 Пассов, Е. И. Концепция коммуникативного обучения иноязычной культуре в средней школе [Текст]. – М.,1993. – 278с.

11 Колесникова, Н. И. Культура научной и деловой речи [Текст]. Нормативный аспект. : учеб. пособие / Н. И. Колесникова, Т. Л. Мистюк, Т. Г. Ольховская ; Новосиб. гос. техн. ун-т. - Изд. 2-е. - Новосибирск : Изд-во НГТУ, 2019. – 76 с. - ISBN 978-5-7782-3909-8.

12 Современные методы и технологии преподавания иностранных языков [Текст]: сб. науч. ст. / Чуваш. гос. пед. ун-т ; отв. ред. Н. В. Кормилина, Н. Ю. Шугаева. – Чебоксары : Чуваш. гос. пед. ун-т, 2019. – 449 с.

REFERENCES

1 Kurmanova, A.K., Kurmanbaeva Sh.K. *Katysymdyk bagdarly okytu maselesinin zerttelui* [Research of the problem of communicative orientation of learning] [Text] //Torajgyrov universitetinin habarshysy. Pedagogikalyk seriyasy. №1 (2022). – Pavlodar, 2022. – P. 400-412. <https://doi.org/10.48081/JUAP1704>

2 Kurmanova, A.K. *Bilim alushylardyn kommunikativtik kuzyrettiligin qalyptastyrudyn tiimdi adisteri* [Effective methods of student communicative competence formation] [Text]// SH.Ualihanov atyndagy KU habarshysy. Filologiya seriyasy. №2. – Kokshetau, 2022. – P. 91-101.

3 Passov, E.I. *Kommunikativnye uprazhneniya* (na materiale nemeckogo yazyka). [Communication exercises (based on the material of the German language) [Text]. – Moskva : Prosveshcheniya, 1967. – 97 p.

4 Skalkin, V.L. *Kommunikativnye uprazhneniya na anglijskom yazyke* [Communication exercises in English] [Text]. – М. : Prosveshchenie, 1983. –128 p.

5 Sosenko, E.YU. *Kommunikativnye podgotovitel'nye uprazhneniya* (Pri obuchenii govoreniyu na nachal'nom etape). [Communicative preparatory exercises (When teaching speaking at the initial stage).] [Text]. – М. : Russkii yazyk, 1979. – 140 p.

6 Ramsina, T.A., Polidva, M.A. *Kommunikativnye uprazhneniya*. Izd. 3-e, pererab., dop. [Communicative exercises. Ed. 3rd, reprint, add.] [Text]. – М. : Russkii yazyk, 1989. – 179 p.

7 Gez, N. I. *Sistema uprazhneniji i posledovatel'nost' razvitiya rechevyh umenii i navykov* [The system of exercises and the sequence of development of speech skills and abilities [Text]// Inostrannye yazyki v shkole. 1969. – № 6.

8 Kostomarov, V.G., Mitrofanova, O.D. *Metodicheskoe rukovodstvo dlya prepodavatelej russkogo yazyka inostrancam* [Methodological guide for teachers of the Russian language to foreigners] [Text]. -3-e izd. -М.: Russkij yazyk, 1984. –158 p.

9 Kurmanova A.K. *Katysymdyk zhattygular: zertteuler men okulyqtarga talda* [Communication exercises: analysis of researches and textbooks] [Text]// Torajgyrov universitetinin Habarshysy, Pedagogikalық seriyasy. – 2022. – №4. – P. 233-245. <https://doi.org/10.48081/KZWL2389>

10 Passov, E. I. *Koncepciya kommunikativnogo obucheniya inoyazychnoj kulture v srednej shkole* [The concept of communicative teaching of foreign language culture in secondary school] [Text]. – М., 1993. – 278 p.

11 Kolesnikova, N. I. *Kultura nauchnoj i delovoj rechi* [Culture of scientific and business speech] [Text]. Normativnyj aspekt. : ucheb. posobie / N. I. Kolesnikova, T. L. Mistyuk, T. G. Olhovskaya ; Novosib. gos. tekhn. un-t . - Izd. 2-e. - Novosibirsk : Izd-vo NGTU, 2019. – 76 p. - ISBN 978-5-7782-3909-8.

12 *Sovremennye metody i tekhnologii prepodavaniya inostrannyh yazykov* [Modern methods and technologies of teaching foreign languages] [Text]: sb. nauch. st. / Chuvash. gos. ped. un-t ; otv. red. N. V. Kormilina, N. Yu. Shugaeva. – Cheboksary : Chuvash. gos. ped. un-t, 2019. – 449 p.

Эффективность использования коммуникативных упражнений

А. К. Курманова

НАО «Евразийского национального университета им. Н. Гумилева», г. Астана 010000, Республика Казахстан

В статье рассматривается эффективность использования коммуникативных упражнений. Автором проведен обзор работ отечественных ученых, занимающихся исследованиями в этом направлении. Данная тема была рассмотрена в русле одной из актуальных проблем современного образования – коммуникативной направленности обучения, способа, направленного на использование языка для эффективного общения в реальных жизненных ситуациях и развитие коммуникативных навыков обучающихся. Одним из наиболее результативных способов обучения языкам являются коммуникативные упражнения, которые обеспечивают организацию взаимосвязанной деятельности, направленной на развитие коммуникативной компетенции изучающего язык посредством языковых и речевых упражнений с учетом последовательности формирования знаний, умений и навыков. Этот способ готовит обучающихся к использованию языка в реальной жизни. Коммуникативные упражнения являются основой не только для запоминания изучаемых лексических единиц и грамматических форм, но и для формирования и развития навыков языкового употребления, имеющих важное значение в формировании языкового опыта. В статье описаны виды коммуникативных упражнений, доказана их эффективность. Автор данной работы утверждает, что использование этих упражнений способствует повышению интереса к изучению языка, а наиболее эффективными их формами называет ролевые игры, дискуссии и групповые задания. В статье был сделан вывод о том, что для достижения хороших результатов необходимо использовать коммуникативные упражнения в сочетании с грамматическими, а также с эффективными приемами работы с текстом.

Ключевые слова: казахский язык, коммуникативные навыки, коммуникативные упражнения, ролевая игра, обсуждение, групповое задание, грамматические упражнения, работа с текстом.

Материал поступил в редакцию журнала 17.03.2023

The effectiveness of using communication exercises

A. K. Kurmanova

NAO "L. N. Gumilyov Eurasian National University", Astana city, 010000, Kazakhstan.

The article discusses the effectiveness of using communicative exercises. The author reviews the works of domestic scientists studying the aspect. This topic has been considered in line with one of the urgent problems of modern education – the communicative orientation of learning, a method aimed at using language for effective communication in real life situations and the development of students' communication skills. One of the most effective ways of teaching languages is communicative exercises, which provide the organization of interrelated activities aimed at developing the communicative competence of a language learner through language and speech exercises. It takes into account the sequence of formation of knowledge, skills and abilities. This method prepares students to use the language in real life. Communicative exercises are the basis for not only memorizing the studied lexical units and grammatical forms, but also for the formation and development of language use skills that are important in the formation of language experience. The article describes the types of communicative exercises and proves their effectiveness. The author of this work claims that the use of these exercises helps to increase interest in language learning. Role-playing games, discussions and group tasks are the most effective forms of them. The article concludes that in order to achieve good results, it is necessary to use communicative exercises in combination with grammatical ones and effective methods of working with text.

Keywords: *Kazakh language, communication skills, communicative exercises, role-play, discussion, group task, grammar exercises, working with text.*

Received: 17.03.2023

MPHTI 14.35.07

DOI: 10.59102/kufil/2023/iss1pp68-75

Aitmaganbet D.M.¹, Yessengaliyeva A.M.²

¹2-year master's student of the Foreign Languages Theory and Practice Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: bekmukhanova-dinara@mail.ru

²Candidate of Pedagogy, Professor of the Foreign Languages Department of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: yessengaliyeva@inbox.ru

THE ROLE OF GOOGLE FORMS IN TEACHING READING TO UNIVERSITY STUDENTS

This article describes the role of Google Forms in teaching reading in English to university students, and provides examples of the effectiveness of using technologies in teaching reading. The effective use of Google Forms in education has created more educational opportunities. A survey was conducted in control and experimental groups of students to determine the role of technology in teaching reading. As a result of the study, the use of technology is cited as a solution for increasing students' interest in studying new material. Both teachers and students have benefited from various educational technologies. Teachers have learned how to integrate technology into their classrooms. Students are getting more interested in learning with technology. The use of technology helps in teaching reading comprehension and enhances the motivation of students to read. The findings revealed that applying Google Forms is effective in teaching and learning English. The last section of the article discusses pedagogical implications and difficulties encountered in the process of teaching.

Key words: *teaching reading, Google Forms, technology, reading comprehension, effective method.*

BASIC POSITION

Teaching reading is one of the key types of speech activity in an English lesson, in which students are involved. Scientists agree that students actively learn new information based on their

views and interests. This is the main motivation for learning activities. In addition to speech and actions, visual support is also important for students to facilitate the memorization of new material. In the modern classroom, most students are visual, so visibility becomes an integral part of learning. According to this, reading becomes the most significant type of speech activity in an English lesson.

Relevance is due to the main objective of English teaching - effective communication. The purpose of this publication is to analyze the role of using Google Forms in teaching reading and compare them with traditional methods in English classes. In particular, this study may be useful for students of pedagogical fields of study and methodologists considering the problems of innovation in education. Additionally, it contains practical examples of interactive exercises that can be used in the classroom.

INTRODUCTION

Reading is one of the most significant cognitive and communicative activities. This activity is aimed at extracting information from a fixed text document. In reading there are many processes involved, such as language proficiency, language and cultural acquisition, informational and instructional purposes. It provides the greatest opportunities for education and comprehensive development by learning a foreign language.

The study of foreign languages contributes to the development of students' speech in general. Reading is one of the most common types of speech activity. The goal can serve both as a means of teaching as well as a means of achieving the goal. The act of reading provides a person with an opportunity to become familiar with the scientific and cultural achievements of the mankind, as well as the art and culture of others. Reading plays a significant role in the development of a personality. By reading, students enrich their active and passive vocabulary, and thus grammatical skills are developed[1; 6].

Reading is of great educational importance, as reading is a means of communication. People get the information they need from books, journals, magazines, newspapers, etc. Through reading in a foreign language the students enrich their knowledge of the world around them. They get acquainted with the countries where the target language is spoken. Students become more intelligent through reading. It fosters the growth of their imagination, will, and memory. It can be used to study a foreign language. The students improve their command of the target language by reviewing sounds, letters, vocabulary, and grammar while analyzing a text[2].

Today's students grow up with technology, have access to the internet anywhere and anytime. They have become familiar with mobile phones, computers, digital cameras, console games, etc. Therefore, the role of technology in teaching reading is very significant. As a result, we see an increase in students' interest in learning.

According to some authors, students with typical development have shown adverse effects of technology on reading comprehension and printed texts (Kerr and Symons, 2006; Rideout, 2010; Mangen, 2013; Singer and Alexander, 2017; Delgado, 2018). Results showed lower comprehension performance for screen texts compared to printed texts. In addition, a meta-analysis (Moran, 2008) indicates that digital tools can improve reading comprehension in students when used in conjunction with educational environments. Technology is giving teachers exciting new ways to account for individual differences among students, motivating them to do a complex cognitive work associated with phonological and literacy acquisition. Using appropriate technology, students can see, hear and feel the concepts of reading and writing come to life. Students are highly motivated when they learn to manipulate letters and words in a technological environment[3].

Distance learning has created conditions for the development and application of new technologies by teachers and lecturers. One such technology is Google Forms. Tests, questionnaires, polls, and quizzes can be created using this service. These tools have a variety of advantages, including the ability to issue tasks, automatic assessment, feedback forms, and much more. And for students, this is passing online testing using the link provided and the opportunity to see their results after sending.

Google Forms is another product developed by Google along with Docs, Sheets, and Slides in G Suite for Education. The primary purpose of Google Forms is to create different types of forms to collect information in surveys or to register for events. Google Forms is also a popular assessment tool for teachers who work with G Suite for Education. According to Wylie (2015), it is among the five most effective formative assessment tools for teachers to use in the classroom. Meanwhile, Randall (2013) assures us that there is no good reason not to use Google Forms. Similar to Love's (2014) list of 5 reasons to choose Google Forms for classroom use, Google Forms is described as an "excellent" free tool. You can create a form simply by navigating to <http://drive.google.com> with your Google account and clicking on the red "Create" button. Google Forms features various question types for your assessment[4].

Google Forms include these:

- Multiple choice – choose one answer from a given selection.
- Checkboxes – choose one or more answers from a given selection.
- Text – for short free form answers.
- Paragraph text – for longer free form answers.
- Choose from a list – a drop-down list of answers to select from.
- Scale – a customizable Likert scale question.
- Grid – the ability to choose an answer from a rubric-style grid.
- Date – choose a date-formatted answer.
- Time – choose a time-formatted answer.

Google Forms are frequently used in English lessons in the following cases.

1. When co-organizing work in a group.
2. On stress reflection.
3. With a series of tests and control tests. The most common use of Google is form. A wide variety of question formats can be used in a test or experimental setting.
4. As a definition of work. Students can be offered options for tests, tasks for practicing, created by the teacher, and by the students themselves.
5. Collection of statistical data: surveys, questionnaires, etc. Based on the results of the teacher's activities, a lesson plan can be developed. This is the result of planning the upcoming work, as well as defining and choosing a single approach to the educational process.

The future is digital and it improves learning. Various technologies and new ideas have changed not only our lives, but also our classes. Therefore, classes using technology will be more fruitful and lively, and will force students to think creatively and do something creative.

The use of interactive exercises in English lessons is an area of foreign language didactics, explored both at the theoretical and practical levels. At the same time, as E. I. Passov notes that modern teachers are careful not to saturate their lessons with interactive exercises. The problem here is not that they are not sufficiently aware of this phenomenon, but the lack of study time in the lesson [5].

The goal of this article is to answer two research questions: What technologies are employed in teaching reading? How effective is the use of technology in teaching reading to university students? The success of any education largely depends on the attitude of students to the subject. In maintaining a direct interest in a foreign language and in turning it into a literacy interest, an important role is played by properly trained reading and the use of modern technologies [6]. Therefore, it is imperative to create an atmosphere and conditions that encourage students to learn English.

In the current study the effectiveness of using technologies has been tested on university students who demonstrated, for various reasons, difficulties with reading comprehension. The participants were 28 students (15 in the control group and 13 in the experimental group) who attended a practical English lessons in the autumn semester of their first academic year. They were in the first terms of their first year. They were students majoring in Pedagogy and Psychology and Early childhood education and training. They all possessed either iOS or Android smartphones. All students took a pre- and post-test to identify the role of technology use in learning to read.

MATERIALS AND METHODS

The use of technology can help develop reading fluency and vocabulary, allowing students to understand the meaning of words. Reading comprehension benefits from technology in the classroom as students are challenged to make sense of what they have read.

Technology is giving teachers exciting and innovative ways to take into account individual differences among students, motivating them to complete tasks.

The research instruments used in this study include observation sheets, interviews, and the researcher themselves. In this study, data was collected from two classes and from English teachers using research instruments.

In this article, the purpose is to examine the role of using Google Forms in teaching reading to university students. As a research method, we adopted an empirical approach: interactive exercises developed by us were applied to English lessons. In the first stage, the English textbook "New English File" of the intermediate level was analyzed. In the second stage of the study, tests were prepared on Google Forms and the exercises that had been developed were also used in the control group as well. At the third stage, we analyzed the results of the work carried out.

The role of using Google Forms in teaching reading was studied in two groups. In the control group, the texts were handed out as handouts. In the experimental group, the texts were sent using Google Form. To assess reading comprehension, we used tests in Google Forms while the control group wrote their responses on paper.

THE RESULTS SECTION

The study was approved as follows: in the control group, classes were conducted using only traditional exercises derived from textbooks. In the experimental group, the same topics were explained using the developed tasks in Google Form. Consider a lesson in two Intermediate level groups on the topic "Race across London". The authors of the textbook offer the following exercises:

- 1) Listen to audio tasks and do writing exercises;
- 2) Read the text;
- 3) Complete the sentences with the missing information;
- 4) Writing grammar tasks;
- 5) Listen to audio and verbal responses.

This lesson was held in the control group according to the above plan. Obviously, more of a traditional teaching format was used there while in the experimental group, in addition to listening to audio, we used interactive methods. Students read text in a Google Form and completed related tasks with skimming and scanning methods and write answers online according to the grammar topic.




Figure 1- Results of pretest and posttest

The results of pre-tests and post-tests were analyzed for students who interacted with technologies and those who used printed texts. According to the study, control group students do not prefer working with printed materials all of the time. In contrast, students in the experimental group, who worked with Google Forms, demonstrated better work. In the second table, we see that the performance of students in the experimental group has doubled. As a result, the use of technology is crucial for students to motivate them to produce quality work, and raise their interest.

The role of using Google forms in teaching reading?

42 ответа




Figure 2 – The role of Google Forms

The results concerning the answers of teachers about the utility and efficacy of technology were also analyzed. Figure 2 shows that all English teachers believe that the role of using Google Forms is important in teaching reading. All teachers responded that technology is very relevant. Instead of using pen and paper, all students were more motivated and engaged with Google Forms.

DISCUSSION

Based on the results of the interviews, the study revealed many positive effects of using Google Forms. The use of technology in teaching reading has also helped improve reading comprehension. As well, we observed that students' speed and interest in learning increased two times when using Google Forms as compared to traditional methods of teaching. The way teachers use technology can help stimulate their reading comprehension and increase their interest in learning a foreign language.

CONCLUSION

Therefore, it can be concluded that the teacher plays a major role in the process of providing students with technology. Study findings indicate that using Google Forms can be an effective method of teaching reading to university students. The use of technology to teach revealed that a lot of technology was utilized to teach reading comprehension. Teachers and students agreed on the usefulness of Google Forms in teaching reading. Teachers and students believe that Google Forms are beneficial in the teaching and learning process because there is a greater need for it now than before. Educators and students must enhance their skills to use technology in their teaching and learning.

The data showed a moderate level of agreement among learners that the application Google Forms created an enjoyable learning environment. They confessed that learning became easier for them and that they had a lot of fun with the way knowledge was delivered and gained. The students also stated that the application of this tool helped them to become more autonomous learners. They all confirmed that they had completed a heavier workload than during the previous semester. They could track their progress and manage their learning. As for the role of using Google Forms have shown high effectiveness in teaching reading. Accordingly, observing the stages of working with the text and using a variety of technologies lead to effective results in the field of teaching reading to university students.

REFERENCES

- 1 Djumanova, B. O. (2019). The problems of teaching foreign languages in the primary classes. *The Issues of Language, Literature and History*, (1), 158-159
- 2 Methods of teaching reading in English lesson. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/teoreticheskaya-lingvistika-g-giyoma-i-ee-znachenie-dlya-nauchnoy-paradigmy-znaniy-o-yazyke-hhi-veka/viewer> (Accessed date 12.04.2022)
- 3 Kerr, M. A., and Symons, S. E. (2006). Computerized presentation of text: effects on children's reading of informational material. *Read. Writ.* 19, 1–19. doi: 10.1007/s11145-003-8128-y
- 4 Regan, T. (2017). Google's Classroom is open to anyone with an urge to teach. Retrieved from <https://www.engadget.com/2017/04/27/googles-classroom-is-open-to-anyone-with-an-urge-to-teach/> (Accessed date 12.04.2022)
- 5 Passov, E. I. (2018). *Kommunikativnoe inoyazychnoe obrazovanie: gotovim k dialogu kul'tur*, Leksis, Minsk, 184 p.
- 6 Wang, Y. H. (2016). Reading strategy use and comprehension performance of more successful and less successful readers: A think-aloud study. *Educational Sciences: Theory & Practice*, 16(5).
- 7 Naderi, N., & Akrami, A. (2018). EFL learners' reading comprehension development through MALL: Telegram groups in focus. *International Journal of Instruction*, 11(2), 339-350.
- 8 McGeown, S. P., Duncan, L. G., Griffiths, Y. M., & Stothard, S. E. (2015). Exploring the relationship between adolescent's reading skills, reading motivation and reading habits. *Reading and writing*, 28(4), 545-569.

Журналдағы мақалалар: Djumanova, B. O. (2019). The problems of teaching foreign languages in the primary classes. The Issues of Language, Literature and History, (1), 158-159

Kerr, M. A., and Symons, S. E. (2006). Computerized presentation of text: effects on children's reading of informational material. Read. Writ. 19, 1–19. doi: 10.1007/s11145-003-8128-y

Regan, T. (2017). Google's Classroom is open to anyone with an urge to teach. Retrieved from <https://www.engadget.com/2017/04/27/googles-classroom-is-open-to-anyone-with-an-urge-to-teach/>

Конференция материалдары: Wang, Y. H. (2016). Reading strategy use and comprehension performance of more successful and less successful readers: A think-aloud study. Educational Sciences: Theory & Practice, 16(5).

Naderi, N., & Akrami, A. (2018). EFL learners' reading comprehension development through MALL: Telegram groups in focus. International Journal of Instruction, 11(2), 339-350.

McGeown, S. P., Duncan, L. G., Griffiths, Y. M., & Stothard, S. E. (2015). Exploring the relationship between adolescent's reading skills, reading motivation and reading habits. Reading and writing, 28(4), 545-569.

Интернет көздері: Methods of teaching reading in English lesson. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/teoreticheskaya-lingvistika-g-giyoma-i-ee-znachenie-dlya-nauchnoy-paradigmy-znaniy-o-yazyke-hhi-veka/viewer> (кіру күні: 12.04.2022).

Кітаптар: Пассов Е.И. Коммуникативное иноязычное образование: готовим к диалогу культур. – Минск: Лексис, 2018. – 184 с.

Статьи из журнала: Djumanova, B. O. (2019). The problems of teaching foreign languages in the primary classes. The Issues of Language, Literature and History, (1), 158-159

Kerr, M. A., and Symons, S. E. (2006). Computerized presentation of text: effects on children's reading of informational material. Read. Writ. 19, 1–19. doi: 10.1007/s11145-003-8128-y

Regan, T. (2017). Google's Classroom is open to anyone with an urge to teach. Retrieved from <https://www.engadget.com/2017/04/27/googles-classroom-is-open-to-anyone-with-an-urge-to-teach/>

Материалы конференций: Wang, Y. H. (2016). Reading strategy use and comprehension performance of more successful and less successful readers: A think-aloud study. Educational Sciences: Theory & Practice, 16(5).

Naderi, N., & Akrami, A. (2018). EFL learners' reading comprehension development through MALL: Telegram groups in focus. International Journal of Instruction, 11(2), 339-350.

McGeown, S. P., Duncan, L. G., Griffiths, Y. M., & Stothard, S. E. (2015). Exploring the relationship between adolescent's reading skills, reading motivation and reading habits. Reading and writing, 28(4), 545-569.

Интернет-источники: Methods of teaching reading in English lesson. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/teoreticheskaya-lingvistika-g-giyoma-i-ee-znachenie-dlya-nauchnoy-paradigmy-znaniy-o-yazyke-hhi-veka/viewer> (дата обращения: 12.04.2022).

Книги: Пассов Е.И. Коммуникативное иноязычное образование: готовим к диалогу культур. – Минск: Лексис, 2018. – 184 с.

Received: 15.02.2023

Университет студенттерін оқуға үйретуде Google форманың рөлі

Айтмағанбет Д.М.¹, Есенғалиева А.М.²

¹Шетел тілдерінің теориясы және тәжірибесі кафедрасының 2-курс студенті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail bekmukhanova-dinara@mail.ru

²Педагогика ғылымдарының кандидаты, шетел тілдері кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: yessengaliyeva@inbox.ru

Бұл мақалада университет студенттеріне ағылшын тілінде оқуды үйретуде Google форманың рөлі сипатталады және оқуды үйретуде технологияларды қолданудың тиімділігіне мысалдар келтірілген. Білім беруде Google формаларын тиімді пайдалану білім берудің келбетін өзгертті және білім беру мүмкіндіктерін кеңейтті. Технологияның оқуға үйретудегі рөлін анықтау мақсатында студенттердің бақылау және эксперименттік топтары арасында сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде оқушылардың өтілетін материалға деген қызығушылығын арттырудың шешімі ретінде технологияны пайдалану келтірілген. Мұғалімдер де, студенттер де әртүрлі білім беру технологияларының пайдасын көрді. Мұғалімдер технологияны өз сыныптарына қалай енгізу керектігін үйренді. Оқушылардың технологиямен оқуға деген қызығушылығы артып келеді. Технологияны пайдалану оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырумен қатар түсініп оқуды үйретуге көмектеседі. Нәтижелер Google формаларын қолдану ағылшын тілін оқыту мен үйренуде тиімді екенін көрсетті. Педагогикалық салдар мен кездесетін қиындықтар мақаланың соңғы бөлімінде де қарастырылады.

Кілт сөздер: оқуды үйрету, Google форма, технология, түсініп оқу, тиімді әдіс.

Материал 15.02.2023 баспаға түсті

Роль Google форм в обучении чтению студентов университета

Айтмағанбет Д.М.¹, Есенғалиева А.М.²

¹Магистрант 2-курса кафедры теории и практики иностранных языков, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. Электронная почта: bekmukhanova-dinara@mail.ru

²Кандидат педагогических наук, профессор кафедры иностранных языков, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. Электронная почта: yessengaliyeva@inbox.ru

В данной статье описывается роль Google форм в обучении чтению на английском языке студентов, а также приводятся примеры эффективности использования технологий в обучении чтению. Эффективное использование Google форм в образовании изменило лицо образования и создало больше образовательных возможностей. Был проведен опрос среди контрольной и экспериментальной групп обучающихся с целью определения роли техники в обучении чтению. В результате исследования использование технологий приводится как решение для повышения интереса обучающихся к изучаемому материалу. И преподаватели, и студенты извлекли пользу из различных образовательных технологий. Преподаватели научились интегрировать технологии в свои классы. Студенты все больше интересуются технологиями. Использование технологий помогает в обучении пониманию прочитанного, а также в мотивации обучающихся к чтению. Результаты показали, что применение Google форм эффективно в преподавании и изучении английского языка. Педагогические последствия и возникающие трудности также обсуждаются в последнем разделе статьи.

Ключевые слова: обучение чтению, Google форма, технология, понимание прочитанного, эффективный метод.

Материал поступил в редакцию журнала 15.02.2023

Б.К.Аубакирова

г.ғ.магистрі, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ. E-mail: a.b.k_1967@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРТУДЕ ДЕҢГЕЙЛЕП САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Бұл мақалада деңгейлеп саралап оқыту технологиясының принциптері жағдайында тілдің даму бағдары анықталып, өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп тілге деген құштарлығын арттыратын, өзін-өзі тәрбиелеуші, қалыптастырушы тұлға туралы және деңгейлеп саралап оқыту технологиясымен орындаған тапсырмалардың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік беретін жұмыстар, оқытудың жаңа технологияларын сабаққа енгізудің, жас ұрпаққа заман талабына сай тіл үйретуде білім алушының шығармашылықпен жұмыс істеуі, үлкен ізденісте болуы, осындай сұраныстарға орай оқытудың әртүрлі технологиялары жасалып, тәжірибеге енгізілуі, оқытудың жаңа технологияларын күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін әр оқытушы өзінің алдында отырған тіл үйренушінің жас ерекшеліктерін ескеріп, педагогикалық мақсат-мүддесіне сай, өзінің шеберлігін көрсету, жаңа технологияны жүзеге асыруда білім алушының белсенділігі, шығармашылық белсенділігі, шығармашылық ізденісі, жалпы педагогика ғылымында тілді үйретуге тәрбиелеудің мақсаты-қазіргі қолданыстағы озық технологиялардың ең тиімді үлгілерін пайдалану қарастырылған. Сонымен қатар деңгейлеп-саралап оқыту технологиясымен орындаған тапсырмалар жүйесі, жаңа технологияның жаңа мақсаты бойынша «Оқытуды іздендіруге» қажет материалдармен жұмыс, өздігімен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай құралдар болуы керектігі, Ж.А.Қараевтың “Деңгейлеп саралап оқыту технологиясын” басшылыққа ала отырып, тіл үйренушінің білімге деген құштарлығы, ынтасы артқанын, еркін сауатты сөйлеуге, өз ойын жинақтап ашық айтуға немесе дәлелдеуге, ұсыныс, пікір білдіруге, ой қорытуға дағдыланатындай пікір айтылады. Сабақ барысында жұмыс түрлері беріліп, тиімді технологияларды ұтымды пайдаланып, әр түрлі әдіс-тәсілдерді үздіксіз қолданған туралы да тілге тиек етілген.

Түйін сөздер: деңгей, технология, адамзаттық құндылықтар, саралап оқыту, ғылым, практика жетістіктер, кәсіби шыңдау, бағыт, білім, оқыту, инновациялық әдіс-тәсіл, білім беру, ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникация, желілер, үрдісін, жаңаша, ұйымдастыру, танымдық, шығармашылық, потенциал, дағдарыс, жаңа көзқарас, факторлар.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді [1]. Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру саласына жаңаша қарауда: оқытушының оқу – тәрбие үрдісін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды, олардан танымдық, шығармашылық потенциалдық дамытуды талап етеді. Еліміздің қоғамдық өмірдің барлық, оның ішінде білім

беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру осы күнге дейін дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты. Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу -тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас болуда. ХХІ ғасыр табалдырығында тұрған азамат дамуының жаңа кезеңі - білім берудің ең маңызды факторларының бірі болып саналатын кезең [1,7].

Қазіргі білім беру саласындағы мәселе – әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру, оны оқытуда пайдалану. Олай болса, оқытудың жаңа технологиясының бірі–тілді үйретуді деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту болып табылады. Педагогика ғылымының докторы Ж. Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, әр сабақ бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады. Өйткені қазіргі экономикалық жағдай тіл үйренушінің жаңа үрдістерін талап етуде. Сондықтан ғылыми ізденіс барысында педагогика саласында оқытудың деңгейлік жүйесі тіл үйренушіге тілді меңгертудің негізгі тиімді жолы болып табылады.

Деңгейлік оқытудың ерекшелігі – тіл үйренушінің сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында. Сонымен қатар қазіргі жаңа технологиямен оқыту барысында компьютерлер мен оларды басқарушы алгоритмдер біздің қоғамымыздың маңызды бөлігіне айналды. Олай дейтініміз, бүгінгі таңдағы жаңадан шығып жатқано оқу құралдары мен электрондық оқулықтар тіл үйренушіден жаңаша оқытудың жаңа оқу әдістерін, жаңа мазмұнды қажет етеді [2]. Деңгейге бөліп оқытудың кезінде тіл үйренушінің тәжірибелік-теориялық дайындығын, оқуға деген ынтасын, дара қасиетін әлеуметтік- психологиялық сұранымын ескеруді талап етеді. Сондықтан да тиімді дәрежеге жету үшін студенттің білім мен деңгейіне байланысты жұмысты ғылыми түрде ұйымдастыру қажет. Олардың білім деңгейінің көрсеткішін төмендегідей бағалауға болады: 1 деңгей (төмен) – эпизодтық, тіл үйрену оқытушы көмегімен жүзеге асырылады; 2-деңгей – түсініктерді жүйелеу деңгейі – 70%, ғылыми ұғымдарды саналы түрде анықтайды; 3-деңгей (жоғары) бастапқы ғылыми ұғымға өту деңгейі деп белгілейді.

Оқыту практикасында деңгейлеп оқыту технологиясын енгізуге оқу ақпараттарының көлемінің ұлғаюы, студентке түсетін «салмақтың» артуы басты себеп болады. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты–әрбір тұлғаның өзінің даму деңгейінің оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ету.

Деңгейлеп оқыту ерекшелігі сонда–бірінші деңгейдегі тапсырмалар білімнің минималдық шегі, ол мемлекеттік стандарт талабына сай жеке ерекшелігін ескеретіндей болады. Бірінші деңгейде тіл үйренушілерге өте оңай сұрақтар беріледі. Яғни тақырыпқа немесе тапсырмаға сәйкес жалпы сұрақ, сипаттама түріндегі тапсырмалар беріледі. Бұл сұрақтар көп ойлануды, ізденуді талап етпейді. Сондықтан олар жедел түрде орындай алады. Екінші деңгей кезінде тапсырмалар күрделене түседі, өз бетімен жұмыс жасауға көшеді. Олардың бойында ойлау, таным дағдылары қалыптаса бастайды, сол тапсырманы сипаттауға көшеді. Үшінші деңгей тіл үйренушінің тапсырмаға деген мотивтерінің айқын көрінуі мен логикалық ойлау дәрежесінің жоғары болуымен, өз жеке басының белсенділігімен, өз ісіне талдау жасай білуімен, білімді жаңа жағдайға пайдалануымен сипатталады. Студенттер талдау, жинақтау, салыстыру сияқты танымдық жұмыстар жүргізеді. Төртінші деңгей – қабілетті, дарынды, ізденгіш, талаптыларға арналған саты. Бұл сатыға өз бетімен жұмыс жүргізетін ұшқыр ойлы студенттер ғана көтеріле алады. Кейде олар бұл тапсырмаларға

ғылыми жұмыстар да жазуы мүмкін. Осы сияқты түрлі тапсырмалар беріп, әр студенттің деңгейін біліп алуға болады [2].

КІРІСПЕ

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу барысында білім берудің жүйелі реформалануы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие болды. Оқытудың жаңа технологияларын сабаққа енгізуге шұғыл бетбұрыс жасалды. Жас ұрпаққа заман талабына сай білім беру әрбір білім алушының шығармашылықпен жұмыс істеуін, үлкен ізденісті талап етеді. Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Осындай сұраныстарға орай оқытудың әртүрлі технологиялары жасалып, тәжірибеге енгізілуде. Оқытудың жаңа технологияларын күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере, педагогикалық мақсат-мүддесіне сай, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда білім алушының белсенділігі, шығармашылық белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Жалпы педагогика ғылымында баланы оқытумен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылғандықтан, бұл жерге де, жаңа технология бойынша, әдістемелік жүйенің басты компоненті – оқыту мақсаты болып қалады. Бұл мақсат жеке тұлғаға өздігінен дамуға жағдай жасау, сондықтан оның өзіндік танымдылық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Осы ретте жас ұрпаққа әрбір жеке пәндерді тиімді ұғындырудың бірден- бір жолы – жаңа технология негіздерін пайдалану болып табылады. Сондай-ақ педагогикалық оқыту технологиясының бірі – білім алушының да, оқытушының да белсенді шығармашылық қызметін дамытатын профессор Ж. Қараевтың «Саралап-деңгейлеп оқыту» технологиясы [2].

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір тіл үйренуші өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді. Деңгейлеп оқыту технологиясының өзіндік ықпалы зор, ол – өздік жұмысын ұйымдастырып өткізуге көмегін тигізеді. Студенттер өздік жұмыстарын орындап, білімдерін мониторингтік жүйе арқылы өздері бағалап, диагностикалауға қол жеткізеді. Ж.Қараевтың деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы мынандай 4 түрге бөлінген: 1) Репродуктивтік деңгей – жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі. Мұндай тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдерін бекітуге бағыттайды. 2) Алгоритмдік деңгей – тіл үйренуші оқытушының түсіндіруімен қабылдаған ақпаратты пайдалана отырып орындайды. 3) Эвристикалық деңгей– білім алушы өзі ізденіп қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап береді.

4) Шығармашылық деңгей– тіл үйренушінің таза өзіндік шығармашылығын байқатады. Жаңа тақырыпты олар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгереді. Деңгейлеп оқыту білім алушының белсенділігін оятады. Деңгейлеп оқыту оқытуда міндетті және мүмкіндік деңгейлердің өзара сабақтастығы ескеріледі [2]. Блум жүйесі негізге алынады. Деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы әдебиеттен берілетін білім мазмұнын меңгеру үшін алгоритмдік тапсырмаларды оқытушының бағыт-бағдар беруімен орындайды. Көркем туындыда көтеріліп отырған проблемаларды түсініп, шығарма тақырыбы мен идеясын ашуда бұл технологиялардың мүмкіндігі мол. Деңгейлеп оқытудың жоғарғы сатысы шығармашылық тапсырмаларды орындауда тіл жанашырының өзіндік-даралық ерекшеліктері ашыла түседі. Бұл ретте әр тұлғаның дамуы оның қабілетіне қарай бағаланады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу үшін негіз болған дереккөздер қатарына: 1. Қараев Ж.А. «Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы». Алматы, 2000., 2. Кобдинова Ж.У. «Орта мектепте білім алуы технологияландыру» (Саралап деңгейлеп оқыту), 2002 ж. <http://www.eni.kz> . 3. Жарықбаев Қ. «Психология», Алматы, 1993 ж., 5. М.М. Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» Алматы 2002 жыл, 6. Жұмабекова А.Л. «Деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту». Алматы, 2015 жылғы зерттеу еңбектерін айта аламыз. Мақаланы жазу барысында материалды жаппай жинақтау, сұрыптау, байқау, жүйелеу, талдау, қорытындылау сияқты әдіс-тәсілдер орын алды. Көрсетілген әрбір әдіс-тәсіл көзделген мақсатқа жету үшін зерттеудің белгілі бір кезеңдерінде қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Деңгейлеп-саралап оқыту әрекеті – білім алуға бағыттаған әрекет. Ол өз бетінше, әрі оқытушының жетекшілігімен жүзеге асады. Біз басшылыққа алып отырған саралай оқытудың жүйелік негізін Б. Ананьев, Л.Выготский, А. Леонтьев, С.Рубинштейн т.б. ғылымдар жасаған. Ал бастауыш мектеп кезеңдегі оқу әрекеті Ш. Аманатшвилли, В. Давыдов, Л. Занков т.б. зерттеулерінде қарастырылады. Саралай оқытуды ұйымдастыру арқылы баланың ойы абстрактіден нақтыға қарай өрлейді, ілімдік ойлауы қалыптасады. Тіл үйренуші дамуының негізгі болып табылатын әрекет, оқу әрекеті әрбір сабақтың өзегі деп түсіну керек. Деңгейлеп-саралап оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл-ой деңгейі мен белсенді әрекеті арқасында репродуктивті емес өнімді нәтижеге жетеді.

Тіл үйренушіге қазақ тілін деңгейлеп саралап оқыту технологиясы қарым-қатынас психологиясы болып табылады, яғни қарым-қатынас әрекетіндегі сөйлеуші адам мен тыңдаушы адамдардың санасы мен сезім күйлері. Адамды әрекетке бағыттайтын, қажетін өтеуге талпындыратын бір түрткі болады. Бұл түрткіні психологияда мотив дейді [3]. Сондықтан сабақ үстінде мотив тудыратындай тапсырмалар беру – оқытушының шеберлігінде.

Қорыта келе, деңгейлік тапсырмалар ауқымы өте кең. Берілетін тапсырмалар тіл үйренушінің ойлауына әсер етеді. Тасырманы орындау үшін олар жауапты өздері іздестіреді. Оны шешуде ақыл-ойлары дамиды, ойлануына жан - жақты әсер етеді деп түйіндеуге болады.

ТАЛҚЫЛАУ

Тиімді де орынды пайдаланған оқыту технологиясының бірі – деңгейлеп саралап оқыту – сапалық білім негізі бола алады. Осы орайда өзім сабақ беріп жатқан 1 курс студенттеріне оқытуды ұйымдастырғанда – тұлғаның қабілетін анықтай отырып, дамытуды көздейтін ең қолайлы жағдай жасау арқылы деңгейлік тапсырмалар беремін. Әсіресе олардың ойлау қабілеті арқылы тіл үйренуіне әрекет жасаймын. Тақырып бойынша жасақталған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Себебі, ол тіл үйренушінің ойлауын, есте сақтау, белсенділік дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Деңгейлік саралау арқылы оқытушы студент білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік алады. Оқушылардың өздерінен жұмыс істеуін, қиындықты жеңуін, табандылығын үнемі назарда ұстап, олардың білімнен байқалған олқылықтарды сипатына

қарай топтап, деңгейлік тапсырмалармен жұмыс жүргізіп, кейін оларды шартты түрде 4 деңгейге бөледі.

1-ші деңгей - мемлекеттік стандартқа сай білім беру. 2-ші деңгей – студентке беретін тапсырмалардың күрделене түсуі. Үшінші деңгей – тұлғаның шығармашылығы төртінші деңгей – дарынды студенттермен жұмыс.

Деңгейлік жұмыстарды жүргізу кезінде тіл үйренушінің өзіндік жеке жолы, ынтасы, ойлауы, есте сақтауы дамиды. Ол үшін деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында оқытушы тапсырмалар картасын жасап алу керек.

Мысалы: «Қазақ халқының ежелгі баспанасы–киіз үй» атты мәтінге байланысты жұмысты орындағанда III деңгейлік тапсырманы орындаттым.

Киіз үй негізгі төрт бөлшектен құралады. Ол - кереге, уық, шаңырақ, есік. Бұлардың бірі талдан, қайыңнан, теректен жасалады. Ең жақсысы- тал. Кереге, уық, шаңырақ, есікті шебер - үйші жасайды. Үйшілер талды өзендер бойынан алады. Ол өзендер: Еділ, Жайық, Сырдария. Үйші киіз үйдің ағаштан жасайтын бұйымдарын көктемде бастап, күздің аяғына дейін істейді. Киіз үйдің ағаш бөлшектерін жасау үшін үйшілер мор, тез, үскі деген ұлттық құрал – саймандарды пайдаланған. Кереге қанаттардан тұрады. Қанат сағанақтан құралады. Керегенің екі түрі болады: желкөз, торкөз. Желкөз қатты желге төзімді, ал торкөз жаңбырлы күндерде су жібермейді. Сағанақтар қиғаш орналасады. Шаңырақ екі бөлшектен тұрады: шеңбер және күлдіреуіштен. Егерде киіз үйдің басқа бөлшектері талдан жасалса, шаңырақ қайыңнан иіліп жасалады. Ол үшін қайыңды жаздың ортасында кесіп алады.

Бұл кезде қайыңның шырыны мол, сондықтан оны кептірмей, шеңбер иеді.

сағанақ- жердь

қанат - решетка

қиғаш - по диагонали

шеңбер - круг

I деңгей

1. Мәтіннен зат есімдерді теріп, жекеше және көпше түрінде жазыңыз.

2. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.

II деңгей

1. Берілген сөздерді қазақ тіліне аударыңыз.

Сильный ветер, дождливые дни; большая сетка, массивная жердь, кожаная полоска, кожаный узелок, шестиканатная юрта, легкое дерево, не пропустит ветер.

III деңгей

1. Мәтіннен зат есімдерді теріп, жекеше және көпше түрінде жазыңыз.

2. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.

Сөз тіркестерін есіңізге сақтап қалыңыз.

қонақ сыйлау

шаңырақ сыйлау

шаштың ағын сыйлау

ақсақалды сыйлау

қарияларды сыйлау

ата-ананы сыйлау

амандасу

сәлемдесу

3. Шаңырақ сыйлау көзқарасы тұрғысынан қонақтың іс-әрекетіне мінездеме беріңіз.

Охарактеризуйте поведение гостя с точки зрения шаңырақ сыйлау.

ШІЛДЕХАНА

«Шілдехана» мәтінімен жұмыс жасаймыз.

I деңгей

Оқушылар шілдехана тойы туралы мәтінді оқиды, слайд арқылы сұрақтарға жауап береді.

Қазақ халқының дәстүрі бойынша бала дүниеге келген күні кешке ауыл жастары шілдеханаға жиналады. Шілдехана кейде үш күнге созылады.

Өнерлі жастар таң атқанша жаңа туған баланы, оның анасын ардақтап ән салады, күй тартады. Бұған өнерлі жастар шақыртпай келіп, таң атқанша қоңіл көтереді. Әр түрлі ойындар ұйымдастырылады. Қыз — келіншектер мен бозбалалар айтысады, жеңгендері тоғызын алады. Осылайша жастар түнді қуаныш қызықпен өткізеді

Шілдеханаға тек қана жастар ғана қатысады, ал ауыл үлкендері қатыспайды. Өйткені жаңа туған нәрістені жын — шайтан, перілдердің салқынынан қорғап, күзету халық сенімі бойынша тек қана жастардың міндеті.

II деңгей. Оқушылар берілген сөздердің қосымшаларын ажыратады.

Үлгі: Халқының – халық — түбір, зат есім

-ы — тәуелдік жалғау, III жақ

-ның — ілік септігі

Халқының, жастары, шілдеханаға, анасын, ойындар, үлкендері, салқынынан, перілдердің, сенімі, нәрестені.

III деңгей

Қазақ тілі сабағында техникалық құралдар арқылы оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында «Даладағы қуғын» (режиссер А.Қарсақбаев) атты көркемфильді көрсетіп, деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың тіл байлығын дамытамын.

Бұл бейнежазба білім алушының сөйлеу дағдысын дамытуға, білімін жетілдіруге арналған оқу құралы. Фильм 24 көріністен тұрады. 1980 жылы қойылған фильмді қазіргі таңда жастар жаңаша қабылдайды, киноның бейнелеу құралдарымен көрсетілген өмірдің шындығы көптеген түсінікті заттарға басқаша қарауға мәжбүрлейді. Өзге ұлт өкілдері қазақ халқының өмірі және психологиясы жөнінде, қазақ мәдениетінің әр түрлі салт-дәстүрі туралы қосымша білім алады.

Оқушыларға С.Сейфуллиннің хикаясы бойынша қойылған «Даладағы қуғын» («Погоня в степи») атты көркемфильмнің 8 көрінісі көрсетіледі.

1.Оқушылар көріністі қарап, сұрақтарға жауап береді.

2.Оқиға қай жерде өтеді?

3.Ауылда қандай мейрам болып жатыр?

4.Әнді тағы бір рет тыңдаңыз. Дүниеге ұл келді ме, қыз келді ме?

5.Осы көріністе «шақыр» сөзін пайдаланған жерлерін табыңыз. Мазмұнын түсіндіріңіз.

Хамит Мұнда не болып жатыр?

Бала Шілдехана.

Хамит Ахмет осында ма?

Бала Ана тұрған сақалды.

Хамит Барып шақырып жібер.

Бала Аһа,әй, итермесенші Ағатай, сені шақырып жатыр.

Ақсақал Әй, бәрекелді!

Ахмет Мені шақырған кім? Кім мені шақырған?

Хамит Мен.

Ахмет Танымадық қой!

Хамит Оның қажеті жоқ.

Ахмет Неге шақырдың?

Хамит Сағат неше болды?

Ахмет Шақырғандағы себебің, сағаттың неше болғанын сұрағың келе ме?

Хамит Ия.

Ахмет Менде сағат жоқ.

6.Диалогты рольге бөліп сурет бойынша ойнаңыз.

7.Көріністің мазмұнын үш-төрт сөйлеммен айтып беріңіз.

IV-шығармашылық деңгей.

Шілдехана тойында айтылатын әндер туралы мәлімет дайындаңыз.

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

Жыл мезгілдері тақырыбына берілген деңгейлік тапсырмалар:

I деңгей

Есім сөзден сын есім тудыратын жұрнақтарды белгілеңіз.

Мұзды, мінезді, мәдениетті, таудай биік, сүттей аппақ, сусыз дала, үйдей үкен, баласыз үй, күзгі жауын, жазғы ыстық, қысқы суық, көктемгі жылылық.

II деңгей

Сөздерді орыс тіліне аударыңыз.

Ледяной, широкий, культурный, как гора, как молоко, безводный, как дом, бездетный, осенний, летний, зимний, весенний.

III деңгей

Көрсеткен сөздермен сөйлемдер құраңыз (7 сөйлемнен кем болмау қажет).

Мұзды, енді, мәдениетті, таудай, сүттей, сусыз, үйдей, баласыз, күзгі, жазғы, қысқы.

IV деңгей

«Менің жақсы көретін жыл мезгілім» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз.

Шығармашыл мұғалім педагогикалық әдеби жоғары, өз білімін тұрақты көтеріп отыратын, сабағында инновациялық технологияларды қолданатын тұлға болуы тиіс деп ойлаймын. Өз жұмысымда мен дамыта оқыту, деңгейлеп оқыту технологияларды жиі пайдаланамын. Осы жұмыстың нәтижесінде бірнеше оқу-әдістемелік құрал дайындадым, ашық сабақтар өткізіп, семинарларға қатысып жүрмін.

Қорытындылай келе, оқушылардың шығармашылығын, қызығушылығын дамыта отырып, ғылым саласында олимпиада, байқауларға дайындау барысында шығармашыл, білімді, ізденімпаз, тапқыр, қабілеті мол оқушы дайындау– әрбір ұстаздың міндеті. Осындай деңгейлік тапсырмалар бойынша дамыта даралап оқыту тіл үйренушіге мотив туғызады.

Деңгейлеп оқытудың артықшылықтары:

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей, сондықтан әрбір тіл үйренуші мұны меңгеруі тиіс.

Деңгейлеп-саралап оқыту білім алушылардың өздігінен ізденіп, өз бетінше білім алуға дағдыландырады. Саралаудың негізгі ұстанымы оқыту мазмұнын тарылту емес, ол оқытушы тарапынан тіл үйренушілерге таразыланған көмек болуы тиіс.

Оқыту технологиясын пайдалану – тіл үйренуші ынтасын басатын, объективті емес, жіберген қателіктері үшін жазалауға бағытталған бағалау тәсілін өзгертуді талап етеді. Таным процесі үстінде кез-келген тұлғаның белсендік көрсетуге, әлде бір себептермен қате жіберіп алған жағдайда оны өзі түзетуге құқығы бар болуы тиісті. Саралап, деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясында алынған нәтиже сәйкесті меңгеру деңгейлері түрінде анықталады. Бұл жағдай оқу материалын жеңілден күрделіге қарай жүйелі меңгеруге, алынған нәтижені өлшеуге болатындығы, оқу процесінің жарыс түрінде ұйымдастырылуы, бағалаудың жетелеушілік қасиеті, дамыта оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдануға ыңғайлы

жағдайлар жасалуы, т.б. себептерге байланысты тіл үйренушінің оқу материалын қажетті минимум деңгейінде меңгеруіне жағдай жасайды.

Меңгерудің әр кезекті деңгейіне өтіп отырған сайын ынта, мотив, белсенділік, білік пен дағды да өсіп отырады. Ендеше оқыту технологиясын оқу процесіне енгізу – білім сапасын қажетті деңгейде қамтамасыз етуге оны көтеруге, тіпті басқаруды қамтамасыз етеді [4].

Деңгейлік саралау негізіндегі педагогикалық технология мазмұнының ерекшелігі: жеке құрылымдарға бағдар беру, білім мазмұнының сипаты мен көлемі, оқу жоспарының, материалының, баяндау түрлерінің дидактикалық құрылымы. Тіл үйренуші, бір бағдарлама және бір оқулық бойынша оқи отырып, материалды әртүрлі деңгейде игере алуы деңгейлік саралау деп аталады. Сондықтан міндетті дайындық деңгейі анықтаушы шарт болып табылады. Міндетті дайындық деңгейіне жету студенттің мазмұнды игеруге қойылатын ең аз қажетті талаптарды орындағанын сипаттайды. Осының негізінде материалды игерудің жоғарырақ деңгейлері қалыптасады. Бұл деңгейлердің тапсырмаларына төмендегідей талаптар қойылады:

I-деңгейдегі тапсырмаларға:

- 1) жаттап алуға лайықталған болуы керек;
- 2) алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс;
- 3) тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек;

II – деңгейдегі тапсырмаларға:

- 1) өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар.
- 2) ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Оларда біздің ұлттық ерекшеліктеріміз ескеріліп, танымдық және үйретімділік маңызы болуы қажет болады. Бұлар : логикалық есептер, ребустар мен сөзжұмбақтар.

III – деңгейдегі тапсырмаларға :

- 1) танымдық – іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс;
 - 2) әр түрлі әдіс-тәсілдермен шешілетін есептер;
 - 3) өздігімен мысалдар мен есептер құрастыру және оны өздігімен шығару, өмірден алынған мәліметтер негізінде диаграмма, графиктер салу, жергілікті жағдайда өлшеу жұмыстарын жүргізу, көрнекті құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар [5]. Ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын IV – шығармашылық деңгей тапсырмалары:
- 1) тіл үйренушінің жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген.
 - 2) олимпиадалық есептер;
 - 3) берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, баяндамалар дайындау.

Демек, бұл тапсырмалар – тіл үйренушінің біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Тапсырмаларды деңгейге бөліп бергендегі мақсат – жеке тұлғаны «қабілетті» және «қабілетсіз» деп жасанды түрде әр түрлі жіктерге бөлуді болдырмау;

Қандай тіл үйренуші болмасын, мысалы өзінің жақсы оқитындығына қарамастан жұмысын бірінші деңгейдің, ол жеңіл болса да тапсырмаларын орындаудан бастайды. Барлығы жұмысын бір мезгілде бастап, әрқайсысы, білім игерудегі өз қабілетіне қарай, өз биігіне жетеді. Бір деңгейдің тапсырмаларын толық және дұрыс орындап, өткізбегенінше, келесі деңгейге көшпейді. «Міндетті» деңгейді толық меңгергеннен кейін әрі қарай ілгері ұмтылады, өзіне - өзінің сенімі артады. Олардың әрқайсысы бірінші деңгейлік

тапсырмаларды орындауға міндетті және жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындауға құқылы. Осылайша, бір деңгейден бір деңгейге, өз білімін біртіндеп толықтыра отырып, өз қабілетін де жетілдіреді. Бұл жағдайда жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр тіл түйренушінің күнделікті мақсатына айналады.

Деңгейліп оқыту технологиясы тиімді нәтижелі болу үшін

- а) жеке тұлға ерекшеліктеріне;
- б) психологиялық даму ерекшеліктеріне;
- в) пән бойынша білімді игеру деңгейіне көңіл бөліп отырамыз.

Сабақ өткізу формаларын және түсіндіру әдістерінің жаңа тәсілдерін күнделікті сабаққа қолдануға тырысу керек. Көбінесе мына жағдайлар көңіл бөлуді қажет етеді: 1) сабақтың мазмұны; 2) сабақты өткізудегі тәсілдері мен әдістерін таңдау; 3) сабақтың нәтижелігі [6].

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын оқытудағы басты проблема – өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. Тақырып бойынша деңгейлік тапсырма жүйесі дамыта оқыту жүйесін іске асырады. Өйткені, ол білім алушының ойлауын, елестету мен есте сақтауын белсенділігін, дағдысының дамуын қамтамасыз етеді.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж. Қараев білім алушылардың оқу деңгейін 4 түрге бөлген: 1) репродуктивтік деңгей – жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі. Мұндай тапсырмалар білім алушының алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқушыға байланысты грамматикалық тапсырмалар, жазба жұмыстарын орындау, мәтінді түсініп оқу, жаңа сөздерді сөздікке жазып алу, сұрақтарға түсініп жауап беру.

2) алгоритмдік деңгей – мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған ақпаратты пайдалана отырып орындайды және үйренушілік деңгейдегі білімін толықтыруы, күрделі материалдарды жүйелей алуы, алған білімдерін басқа тапсырмаларды орындағанда пайдалана алуы, сол тақырыпты еркін меңгергені ескеріледі.

3) эвристикалық деңгей – білім алушының өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап береді және материалды саналы түрде меңгереді. Бұл деңгейде оқытушылардың меңгерген білімдерін тереңдету үшін танымдық ізденіс, әр – түрлі логикалық тапсырмаларды талдай, жинақтай алатын және салыстыра білуді қажет етеді.

4) шығармашылық деңгей – оқушының таза өзіндік шығармашылығын байқатады. Жаңа тақырыпты білім алушы шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгереді. Өз бетімен оқу материалдарын меңгереді. Құбылысты өз бетімен талдай келіп, шағын шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге әрекет жасайды, яғни деңгейлеп оқыту әр оқушының белсенділігін оятады [7].

Қазақ тілі пәнін оқытуда ең басты мәселе – сабақта әр оқушыға қолайлы жағдай жасау, оқу барысын жүйелі түрде жүргізу. Соңғы кезде модульдік технология негізінде деңгейлік тапсырмалар арқылы әр оқушының қабілеттілік деңгейін анықтап, топтық әдіспен жұмыс жасалады. Деңгейлік тапсырмалар оқушының шығармашылық қабілетін дамытып, іздендіруге жетелейді, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Жетістіктерге жету үшін ең алдымен оқушылардың білім дәрежесін, ынтасын, ақыл-ой, еңбек дағдысын, өз жұмысына деген жауапкершілігін ескеру қажет. Деңгейлік тапсырмаларды қандай дәрежеде орындай алса, баға біліміне қарай қойылады. Бұл әдістің негізгі ұстанымы – қарапайымнан күрделіге жетіп, игерту. Деңгейлік тапсырмаларды – белгілі бір тақырыпты біткен кезде немесе бақылау жұмысын жүргізгенде және қайталау өткізгенде пайдалану өте ұтымды. Бұл әдістің тағы бір ұтымды жағы – студент өзінің нені білмейтінін анық аңғарып, келесіде өзі ізденіп оқып келуге әрекет жасалынады. Деңгейлік тапсырмаларды тест түрінде сабақта және үйге беруге болады. Сабақта оқушыларға өз ойларын талдауға, айтуға, қорытындылауға көп көңіл бөлу арқылы, оқытушы білімі нашарларға көмек беріп, қабілеттілермен жұмыс

ұйымдастырып отыру арқылы қазақ тілін оқуға деген қызығушылығын, белсендігін арттырады.

Білім алушының шығармашылығын арттыру үшін оқытушы ең алдымен өзі де шығармашылық туралы толық мағлұматты болуы керек. Сол себепті психологиялық және педагогикалық деректер де негізге алынды. Шығармашылықтың алғы шарты әр адамда болады, бірақ ол байқала бермейді. Сол себепті ол қабілет, әлеует ретінде сипатталады. Оның іске қосылуы ішкі қажеттілікті қанағаттандырудан туындайды. Өмір сүру барысында қабілет әр түрлі деңгейде, әртүрлі деңгейлік пен жылдамдықта көрініс береді. Сол себепті ол «жасырын» жағдайдан өзекті жағдайға ауысып отырады. Психология ғылымында шығармашылық жалпы тұлғалық категория, оның мазмұны әртүрлі түсінік деңгейінде көрініс береді, сапасы биологиялық және әлеуметтік факторлармен байланысты байқалып, өріс алу дәрежесі әлеуметтік жағдайлар мен тұлғаның өзіндік белсенділігіне тәуелді болады. Ғылымда шығармашылық туралы ұғым XIX-XX ғасырларда пайда болып, зерттеле бастаған. Отандық белгілі психолог Қ.Жарықбаев шығармашыл тұлға туралы былай дейді: «Басқалардан көмек күтпей, мәселені шешуде басқа біреудің әдісін қайталамай, қалайда өзі шешуге тырысатын адам-шығармашыл ойдың иесі»

Сонымен қатар Қ.Жарықбаев сабақ барысында міндетті 3 деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасауға болатынын айтады [8]. Тапсырмаларға төмендегідей талаптар қойылады.

Оқушылық деңгей:

жаттап алуға лайықталған болу керек;

алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауға мүмкіндік берілуі;

тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек.

Яғни, мұндай талаптар жаңа тақырыпты игеру соңында шығарған есептерге ұқсас тапсырмалар құру арқылы орындалады және олар оқушының өзі шығарған ереже анықтамаларын бекітуге арналады. Мұндай тапсырмалар құрастырған кезде олардың танымдылығы мен қызықтылық жақтарына ерекше көңіл аударған жөн.

Алгоритмдік деңгей:

өткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұлар өзгертілген жағдайлардағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалану қажет болады;

оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар: логикалық есептер, ребустар мен сөзжұмбақтар;

Эвристикалық шығармашылық деңгей:

танымдық ізденім түріндегі тапсырмаларды орындау барысында жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс. Мұндай жұмыс – анализ бен синтез және салыстыру арқылы негізгісін анықтау, қорытындылау сияқты ой жұмыстарын қажет етеді. Мұндай есептерді шешу барысында оқушылар жаңа есептерге тап болады да, проблемалық жағдай туындайды. Оны шешу үшін оқушы жаңа әдістер іздеуі керек;

өздігінен мысалдар мен есептер құрастыру және оны өздігімен ойлап шығару, өмірден алынған мәліметтерді диаграмма, графиктер салу арқылы жергілікті жағдайда өлшеу жұмыстарын жүргізу, көрнекі құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар;

оқушыларды белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың икемділігін байқататын дүние жасап шығуы негізделген (дәлелдеу, заңдылықтарды оқулыққа сүйенбей оқытушының көмегінің қорытып шығару) тапсырмалар;

берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, баяндамалар дайындау. Демек бұл тапсырмалар – оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады [9].

1-деңгейдің тапсырмаларын орындап үлгерген білім алушының қалауы бойынша 2,3-деңгейлік тапсырмаларды орындау тапсырылады. Нәтижесінде, оқушылардың табиғи қабілеттері мен дарындылық қасиеттерінің ашылуына және дәстүрлі оқытудағы келесі проблемаларының шешілуіне жақсы жағдай жасалады. Олар:

Дегенмен, қазақтың ауызекі әңгіме айту дәстүріндегі шеберлікті еркін игерген Илияс жеке бөлімдердің байланысы, композициялық тұтастық, типтендіру принциптеріне келгенде еуропалық үлгілерді терең меңгермегендігін, проза саласындағы, әсіресе роман жазуда тәжірибесіздігін аңартып қоятындығын Б.Шалабаев өткір сынға алады. Дей тұрғанмен, қазақ ауылындағы әлеуметтік-таптық өзгерістерді, өндіріс, мәдениет, техникаға бой ұрған адамдарды бейнелеу талабындағы халық өмірінің кең панорамасын жасауда мақсат еткен қалың оқигалы, қою тартысты, көп кейіпкерлі «Жолдастар» романы – қазақ әдебиетіндегі әлеуметтік-психологиялық роман жазу барысындағы тұңғыш сәтті тәжірибелердің бірі, өмірлік мазмұны терең, эстетикалық әсері күшті сапалы шығарма екендігі даусыз ақиқат.

Кілт сөздер: роман, идея, тақырып, сюжет, композиция, кейіпкерлер образы, табиғат пейзаждары, геройлар психологиясы, жазушы шеберлігі

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ кеңес әдебиетінің, әсіресе ұлттық көркем сын мен әдебиеттану ғылымының кеңес дәуіріндегі аужайы сөз болғанда алдымен әдебиет әлемінің заңғары Ғ. Мүсіреповтің бір кездері сүйіспеншілікпен атеп көрсеткен «алыптар тобының» ауызға алынары – еш талассыз жайт. Есімдері ел есінен кетпес саналы ғұмырларын рухани кеңістігін қорғауға, әдебиетіміз бен тіліміздің өрістеп, өркендеуіне арнаған, халқымыздың жан сүйіспеншілігіне ерекше

бөленген, елдің ерен биігіне көтерілген, кесекті дәуір сомдаған кесек мінезді алыптар тобы, терең тоғаныстарға жетелейді. Ал сол аға буын сөз абыздарының өкшесін баса әдебиеттанудың «еңбек торысы» (М. Әуезов) ғұлама ғалымдары атанған Б. Кенжебаев, Қ. Жұжалиев, Е. Ысмайылов, М. Қаратаев, А. Нұрқатов, Т. Нұртазин, М. Ғабдуллин, Ы. Дүйсенбаев, Б. Шалабаев т.б. көптеген ғалымдардың қай-қайсысы да төл әдебиеттің қалыптасу кезеңінде әр жанр саласына өзіндік сүбелі үлес қосып, жаңа соқпақтың даңғыл жолға ұласуында ерен еңбек сіңіргені әмбеге аян. Одақ әдебиетіндегі, одан кеңейе келе әлем әдебиетіндегі озық дәстүрлерді ұлттық бояу, нақыштармен ұштастыра отырып, алғашқы деген атқа ие болсам деп жан ұшыра жасалған жанталастан мүлде ада, таза көңілдің жүрек жарды тұңғыш қадамдары екені даусыз.

КІРІСПЕ

Қашан да жаңа бастаманың сәтті де, сәтсіз де қырларының тайталаса бой көрсетуі – табиғи құбылыс. Әрине, өнер туындысының оның қай дәуірде, қай ортада дүниеге келуінен гөрі оның көркемдігі басты қасиеті, өлшемі болып қала береді. Қолда бар тарихи мұраларға құрметпен қарау, оларды өз дәуірі тұрғысынан бағалау, әдебиет тарихында өзіндік орны болған азды-көпті еңбектердің тереңіне бойлап, әділ төрешілігін айту – бүгінгі ұрпақ парызы.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Жоғарыда айтқанымыздай, әр салада қалам тербеп, соңында мол әдеби мұра қалдырған әдебиетші-ғалым, сарабал сынның сардары, кәнігі аудармашы, ұлағатты ұстаз Белгібай Шалабаевтың әдебиеттанудағы орнының қаншалықты маңызды екені айқын нәрсе. Б. Шалабаев атсалыспаған жанр жоқ десе де болғандай. Соның ішінде әдебиетшінің әдеби-сын, ғылыми-зерттеулерінің өзекті бір арнасын «Қазақ романының туу мен қалыптасу тарихы» [1] және «Казахская литература (Советский период)» [2] оқу құралдарына енген «І. Жансүгіровтің «Жолдастар» романы», «Поиски жанра И. Джансугуровым» атты кесек еңбектері құрайды. Отандық ромantanудың ілгері көшбасында тұрған Б. Шалабаевтың бұл толымды зерттеулері әдебиетшінің сезім сергектігінің айнасы іспетті дәуір дабылына дер кезінде үн қосқан табыс белесі болып саналады. Талдау, зерттеу, салыстыру әдістер негізге алынды.

НӘТИЖЕЛЕР

Әдебиет тіршіліктің, қоғамдық өмірдің ілесімі шежіресі, айнасы ғана емес, сол қоғамдағы адамдардың өмір танымын қалыптастыратын, дүниеге көзқарастарын дамытатын көркем құрал. Оның таным тарапындағы мәні де, тәрбиелік қуаты да сол құралдың кереметтей шешуші сырына негізделеді. Ол – көркем әдебиеттің эстетикалық мәні, яғни әрбір көркем шығарманың құндылығы оның адам сезіміне, түсінігі мен түйсігіне ойын қозғар әсерімен өлшенеді. Өмір құпиясына терең бойлай білген жазушы ғана оқырманын сан алуан көңіл күйіне еліктіреді: қуантады, жылатады, толғандырады. Сол сезім арқылы оқушының көңіл түкпіріндегі ойды қозғайды, санасына өшпес із қалдырады. Әрине, мұндай сипат кез келген өнер туындысында ғайыптан пайда болмайды. Ол жазушының қажырлы еңбектенуінің, талмай ізденісінің арқасында мүмкін болады. Мұндай шеберлік тума таланттың қажымас-қайрат жігері нәтижесінде қалыптасады, дамиды. Міне, осындай өлмес өнер туындыларының авторы, XX ғасырдағы адамзат ойының алыптары қатарынан берік орын алған, қазақ поэзиясының «Құлагері», сөз сардары – Ілияс Жансүгіров.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақ жаңа әдебиетінің бастау қайнарында тұрған құдіретті талант иелерінің бәріне тән ортақ асыл қасиет – көпқырлылық. Бұл ерекшелікті акын, драматург, прозаик І. Жансүгіров шығармаларынан да көруге болады. Халық өмірін реалистікпен бейнелеген дарынды қалам иесінің әр жанрдағы туындыларының ішінде ерекше шарқырап тұрған оның асқақ поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады. Қазақ публицистикасының қалыптасуына зор үлес қосқан, Қазақстан Жазушылар одағын басқарып, әдеби процеске белсене қатысқан әлеуметтік зор қызметтер қаламгердің азаматтық келбетін көрсетеді. Әдебиетіміздегі, мәдениетіміздегі Ілиястың шығармашылығын бірыңғай поэзиясынан қарастыру, шығармашылығын тек поэзиямен байланыстыру – үстірт, сыңаржақ ұғым. Ілиястың өткір сатирасы, жалынды публицистикасы, ғылыми-сын пікірлері, туған әдебиет туралы ой-толғамдары, тартымды әңгіме-очерктері, шалқар «Жолдастар» романы сайып келгенде, қара сөзбен жазылған көркем және деректі прозалары әр кезең әдебиетшілердің қырағы назарынан тыс қалмаған. Жазушының проза саласындағы көл-көсір еңбектері сол дәуірдің деңгейінен қарағанда ғана емес, сарапшы уақыттың сыны таразысына салғанда да маңызды, мәнді көркем туындылар. Бұл туралы кезінде ғалым Б. Кенжебаев дұрыс атап көрсеткен, «Ілияс негізгі әдеби жанрлардың бәріне де қалам тартты – өлеңдері, поэмаларымен қатар роман, пьесалар, фельетондар, әдеби сындар, публицистикалық еңбектер жазды. Солардың қай-қайсысын болсын ол өзінің әлгіндей талантты дәрежесінде жазатын. Ілиястың шығармалары терең мағыналы, асқақ сарынды, от жалынды, өткір тілді, көркем суретті келетін еді» [3, 77], – деп жоғары бағаласа, ғалымның төл шәкірті, ірі әдебиетші, академик Р. Нұрғали мынадай тобықтай түйін жасайды: «... Ілиястың терең идеялық, көркем мүсінді эпикалық шығармаларының танымдық-тәрбиелік мәні зор, олар қалың оқырманның ойына ой, сезіміне сезім қосады, қиялына қанат бітіреді, эстетикалық ләззат беріп, гуманистік-адамгершілік идеяларды толғайды; өзінің күйлі, сыршыл, адуын шығармаларымен халқының көп ғасырлық өмірін, азаттық жолындағы күресін реалистік қуат, зор шеберлікпен бейнелеп, артына өлмейтін әдеби мұра қалдырған қанатты қаламгер Ілияс Жансүгіров – қазақ жұртының құлай сүйген ең сүйікті перзенттерінің бірі, оның өр тұлғасы қайсар ақындықтың символы іспеттес» [4, 294; 338].

Төңкеріске дейінгі сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірді жоққа шығарған еуроцентристік көзқарас 40-жылдардағы қате қаулылардың өзегі болып, ғылыми зерттеу жұмыстарын тығырыққа тіреп, әдебиеттің таптығы принципі айрықша дәріптелді. Тіпті тілге өрен, ойға жүйрік, өреге биік заңғарымыз М. Әуезов әдебиеттану мәселелеріне күнделікті науқандық жәйттерді, түрлі құжаттарды, қаулы-қарарды, партиялық талаптарды, қызыл танау саясатты, солақай социологиясын араластырып: «Қазақ халқының мәдениет тарихында әдебиеттану ғылымының тарихы әзірге қысқа. Бұл – жас ғалым. Ол «Әдебиеттік сын», «Қазақ әдебиетінің теориясы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген салаларға бөлініп, енді дамып келеді. Қазақтағы әдебиеттану ғылымы құрылғанда, ол өзінің алғашқы туысымен, бүгінгі жеткен сатысымен, барлық бас аяғын жинағанда түгелімен толық мағынасында Социалистік Ұлы Октябрь революциясының жеңісі болды. Октябрьден бұрынғы қазақ тарихында біз бұл жөнінде «өскен ғылым» дерлік мардымды мұра алғамыз жоқ» [5, 207], – деп ағаттыққа ұрынғаны және сондай секілді ой-пікірлер салдарынан қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының арғы бастауларын зерттеуге көп уақыт бойы қолы байлаулы болып келгені рас.

Қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының туу, қалыптасу кезеңдерін ғылыми тексеруде арнайы көңіл аударатын проблемалардың бірі – әдеби мұраны игеру. Алғашқыда отаршылдық саясаттың талап-тілегіне сай қазақ даласын зерттеу жұмыстары мұрындық болып, өз халқын бүкіл әлемдік өркениетке жеткізуге ұмтылған ұлт зиялыларынан қолдау тапқан әдеби мұраны жинау, жариялау зерттеу жұмыстарында төңкеріске дейін бірталай нәтижеге қол жетті. Фольклорлық және классикалық мұра жарияланып, халықтың рухани азығына айналды, қазақ әдебиеті жанрлық жағынан дами бастады. Осылайша ғылыми-

зерттеушілік сипатқа бет бұрған әдеби мұраны игеру жұмыстарына қазақ даласына қанды қырғыны мен қуғын-сүргінін ала келген төңкеріс кері әсер етті, дағдарысқа түсірді. 20-жылдардың бас кезінен бастап төңкеріске дейінгі әдеби мұраны зерттеу мәселелеріне әр түрлі бағыттағы «формальды мектеп», «пролеткультизм», «бірыңғай ағым теориясы», «тұрпайы социологизм» секілді концепциялар қызу араласып, сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірде өз үстемдігін құру үшін өзара тартысқа түсті. Бұлардың барлығы да маркстік-лениндік әдіснаманың көркем әдебиет туралы саясаттағы бет-бағдарын анықтап алғанға дейінгі әр түрлі бағыттағы ізденістер еді. Бұл теріс концепциялардың орыс әдебиеттану ғылымында орын алуын ғалым С.И. Машинский: «Поиски истины в научном исследовании никогда не даются легко. Особенно тогда, когда они лежат в совершенно новой, неизвестной области. Эти концепции по-своему были поиском истины, но в неверном направлении. Поступательное развитие марксистско-ленинского литературоведения шло в острой идеологической борьбе с различными ошибочными концепциями» [6, 45], – деп жазды. Мәдени-тарихи, биографиялық, салыстырмалы тарихи, филологиялық, психологиялық сияқты зерттеу мектептері болған орыс әдебиеттану ғылымының өзі 20-жылдары осы қате концепцияларға бой алдырып алған болса, әдеби сыны енді ғана туып, әдебиеттану ғылымы толық көрінбеген біз секілді ұлт республикаларына тигізген нұқсан әсері өте қатты болғанына дау жоқ. Соған қарамастан қазақтың ұлттық әдебиеті мен өнері туған халқымен бірге болып, оның бастан кешкен өмірін, тарихын көркем бейнелеуге ұмтылды және бұл салада едәуір табыстарға жетті.

«Отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің елеулі табысы – үлкен прозаның өрістеуі болды. Ж. Аймауытов өмірден кеткенмен, оның дәстүрі әдебиетте жалғасын тауып қалды. Б. Майлиннің «Азамат Азаматич», Ілияс Жансүгіровтің «Жолдастар», С. Мұқановтың «Теміртас», «Жұмбақ жалау» (кейін «Ботакөз» болып өзгертілген), М. Дәулетбаевтың «Қызыл жар» романдарының негізінде еңбекші халықтың отаршылдық езгіге, қанауға қарсылығы, бостандыққа жету жолындағы арпалысы суреттелген. Олардың басты қаһармандары қарапайым халықтың ішінен шығып, күрес үстінде ысылады. Егер де осы жолда олардың большевиктік, қызылшылдық сипаттары баса айтылса, осы дәуірдің телуі деп қарау керек. Кезінде мұндай ұғымдардың өзі адалдықтың, күрескерліктің белгісі есебінде танылғаны белгілі» [7, 52]. Ілиястың «Жолдастар» романының үзіндісі алғаш рет 1934 жылы «Әдебиет майданында» [8] жарияланды. Ол «Ақ вексель» бөлімі болатын. Романның бірінші кітабы ретінде 1935 жылы жарық көрді [9]. Романның жазылуы жайлы ақынның жұбайы Фатима Ғабитова Ілиястың бұл шығармасын трилогия ретінде жоспарланғанын айта келіп: «Жолдастар» трилогия болатын, бітпей қалған екі кітабының материалдары бұл күні Ілиястың өз архивінде сақтаулы» [10, 105], – дегеніне қосылуға болады. Романның оқиға желісіне, жазушының жинап кеткен мол материалдарына жете мән берсек, романның екі не үш томдық болып жоспарланғаны анық. Бұл пікірді Ілиясты зерттеушілердің бірі М. Дүйсенов те растайды [11, 57].

Романдағы оқиға желісінен ә дегеннен М. Горькийдің «Ана», Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» сынды шығармаларымен үндес екендігін байқау қиынға соқпайды. Кезінде ойшыл Ф. Достоевскийдің, «Біз бәріміз де Гогольдың шинелінен шықтық» деген пайымдауы аталмыш дәстүр мен сабақтастықтың, еліктей отырып үйрене білудің заңды құбылысына қаратылы айтылған ақиқаттай әсер етеді. Жазушының романын оқи отырып, автордың осындай әдеби дәстүрдің ықпалымен, әсіресе М. Горькийдің прозаларына сүрлеу тартатын үйлесімді үндестіктің байланысын ғалым Б. Шалабаев жете таныған: «Ілияс Жансүгіров шеберлікті А. Горькийден үйренген. «Біз ұлы ұстазды үлгі тұтамыз» дейтін мақаласында: «Орыс әдебиетін шама-шарқымша оқып, түсінуге жеткен күннен бастап мен Горькийге ойша еліктедім. Оның кітабын бірінен кейін бірін құныға оқыдым. Горькийдің кітаптары жазушы болуға итермеледі. Олар менің көзімді ашып, жаңа күш-қайрат берді, алға жетеледі, әсіресе оның асқақ пафоспен жазылған «Сұңқар туралы жыры», «Дауылпаз туралы жыры» және басқа жырлары өшпес әсер қалдырды» дейді. «Жолдастар» романында М. Горькийдің әсері анық сезіледі» [1, 113-114]. Роман басындағы қараңғы қара жұмысшы баласы Павка Власов

пен роман соңындағы революционер, пролетариат жұмысшы Павел Власовты алыңыз. Немесе, аш-жалаңаш, жоқтықтан жақ сүйегі шығып сүмірейген, тіленшідей сүмендеген кедейшілік пен жетімдік қысып, білімге талпынған ауыл баласынан, сауатты, еліне еңбек етіп, жаңарған елдің жас жұмысшысына айналған Қартқожаны алыңыз. «Жолдастар» романын тілге тиек етуші ғалымдар көбіне шығармада толыққанды кейіпкер бейнесі жасалмады деген пікір қалыптастыруға тырысқан. Бұл – жаңсақ, ұшқары пікір дер едік. Төрт тараудан, оның ішінде бірнеше шағын әңгімелердің жинағы рәуішті құрылған роман композициясына мін тағу қиын. Осы ретте Б. Шалабаевтың пікіріне құлақ түрсек, «І. Жансүгіровтің «Жолдастар» романында революция қарсаңындағы қазақ даласының өмірі реалистік түрде суреттелген. Бірақ автордың сюжетті қосалқы оқиғалармен тым «ауырлатып» жібергенін де атап көрсеткен жөн. Негізгі оқиғадан шегіне отырып, ол көптеген новеллаларды орынсыз тықпалаған (мәселен, «Сиыр көрдің бе?», «Жанжал», «Цирк», «Жагер, жоғары шық», «Тасаттық» тараулары). Романда екі жүзге жуық кейіпкер бар, олардың біреуі түрлі оқиғаларға белсене қатысса, екіншісінің тек аты ғана аталған. Романдағы негізгі кейіпкерлер бедерлі бейнеленген. Мәселен, Шалматай қажыны «ит кемірген асықтай тықырайған қара қажы» деп бейнелеуі тек ірі қаламгердің қолынан келмек» [1, 111-112]. Мұндағы әдебиетші атап көрсеткен шағын тараулар, тақырыпшалар кейде ойды бөліп тастайтындай селкеу оқиғалы болып көрінгенімен, салмақты көзге романның өзіндік бір ізді желісі, ой тұтастығы айқын көрініп, бастан аяқ тақырыптың өзекті арнасы жалғасып, жымдасып жатады.

«Жолдастар» романында сомдалған, типтелген негізгі кейіпкер Сатанмен қатар бірнеше «Сатанды» қатар алып шығуға тырысқан авторлық идея жетістігі айтарлықтай. Әр орта, әр жағдаймен қилы тағдыр иелерін замана ағымының бір уақытта революцияға әкелу жолын көрсетудегі жазушы қолданған тәсілдер ұтымдылығының нәтижесінде өзі суреттеп отырған тарихи кезең оқиғаларын нанымды бере білген. Ауыр ғұмыр, бірақ бір мақсаттағы бірнеше «Власов», «Қартқожалар» образы жазушы жоспарлағандай трилогияға айналғанда, Ілияс кенеттен мерт болмай ойға алған іс аяқтағанда, әдебиетіміздегі үлкен эпикалық шығармалардың біріне айналмасына кім кепіл?! Екіншіден, романдағы оқиғалар өткен кезең – 1913 жылдан 1917 жылдың 26 қазанына дейінгі аралық болса, Ілиясқа кеңес өкіметінің белсенді қайраткерінің бейнесін жасай қоймадың деу де орынды айтылған сын емес. Романдан Ілияс қаламының өзіндік «мені» айқын көрініп тұрады. Жазушы романды тақырыбына, роман суреттеген дәуірге сай жатық тілмен жаза білген. Ілияс сөйлемдері жеңіл, әрі көркем, поэтикалық сұлу өрнектермен молынан әшекейленген. Әлбетте, қай жағынан болмасын романды сүттен – ақ, судан таза деуден аулақпыз. Әйтсе де, «жазушының «Жолдастар» романы қазақ романдарының алғашқы қарлығаштарының бірі, өз кезеңіндегі әдебиетіміздің үлкен жетістігі», деген ғалым Б. Шалабаевтың аталы сөзін назарға аламыз.

«Роман «Бастау», «Ағын», «Толқын», «Тасқын» атты төрт бөлімнен тұрады. Онда 1910 жылдан 1917 жылға дейінгі қазақ халқының өмірі суреттелген. Романда оқырман ауыл өмірімен және басты кейіпкерлерімен – Сатанмен, оның ағасы Тәжимен, олардың шешесі Сәтбаламен танысады. Шалматай, Шаяхмет және басқа дала мықтыларының бейнелері шығармаға біртіндеп енгізіледі. Романда революция қарсаңындағы тап күресі, әлеуметтік кереғар лагерьлер өкілдерінің қақтығысы көрсетілген» [1, 104]. Роман тараулары шағын тақырыпшалармен бөлінген, әрбір шағын бөлігі жинақы, тиянақты әңгіме тақылеттес. «Бастау» – осындай отыз бір тақырыпшаға бөлінген, «Ағын» – отыз алты, «Толқын» – жиырма алты, «Тасқын» – отыз жеті тақырыпшаға бөлінген. Романда автордың ой-өзегінің аздаған сыры секілді авторлық баяндау – монолог, авторлық толғау ретінде пролог келтіреді де, «Бастау» тарауы «Қоянды» жәрмеңкесін баяндаудан басталады. «Қоянды, жолың қатты, наның тәтті, // Айдаймыз ақсақ қойды, арық атты. // Айдаған осы жолға кедейшілік // Арқаның арқамызға қатты батты» [1, 105].

Осы бір өлең шумағы бүкіл оқиға арқауынан хабар беріп тұр. «Қояндыдағы» бай не үшін барады, кедей не үшін барады? Бар болғаны бір қоңыр сиыр, төрт ешкімен қалған Сәтбалаға үлкен баласы Тәжи: «Байдан қой алып қыстасақ, аман қаламыз ба?» – деумен, «Ақ

вексельге» отыруға көндіреді. Сәтбаланың көнгісі жоқ. Әйтсе де қу кедейшілік, күн көріс қамы, екінші жағынан қабырғасы қата қоймаған кіші баласы Сатанды жалға беру жанына батқан әже ұлына келісімін береді. «Байға не айтамыз?» – деген бөлімінде қыс бойы «Ақ вексельге» алған жиырма қойы мен өзінің аз-маз тұяғының бәрі қырылып, үш-төртеуі ғана аман шыққан Тәжидің жақындап қалған жәрменкеден қашуы айтылса, келесі бөлімінде Шалматай байдың повесткасымен шақыртып алынған Тәжидің «Ақ вексіл» құнына жалғыз көк құнаны мен інісі Сатанды бір жыл жалшылыққа беріп, бәтуаласуы баяндалады. Бұған кейінгі оқиға малшылыққа жаңа ортаға кеткен Сатанға байланысты өрбиді. XX ғасыр басындағы қазақ даласынан есе бастаған капитализмнің алғашқы лебі оның қоғамдық-өндірістік қатынас пен санадан көрініс таба бастауы элементтері – Ілияс романында Сатан және басқа кейіпкерлердің ісі, ойы арқылы ұтымды көрініс тауып дамытылып отырады. Романда қазақ даласындағы алғашқы өндірістік қатынас та дәлелді, ұтымды тәсілмен суреттеліп, кең өріс тапқан «Ақ вексіл» операциясы баршамызға мәлім ұғым болғанымен, оның мәні неде, ол қалай өтеді, қалай жасалады, қалай жүргізіледі? – деп жіктейтін болсақ, бұл дәуір туралы жазылған еңбектердің ешқайсысынан дәл Жансүгіров романындағыдай толық жауабын ала алмайсыз. Ал «Жолдастар» романында жылына жәрменкеге жетпіс мыңнан кем қой салмайтын, дала капиталисі Шалматай саудасы арқылы бұл операция алақанға салғандай суреттелген. Әрі бұдан осы бір қыр капитализмі механизмінің іске асу жүйесін жазушының өмірде терең білгендігін аңғаруға болады. Әлбетте, байлардың жәрменкеге әкелген мыңдаған, он мыңдаған қойлары бір базарда түгел өтіп кетпейді, саудаға жарамай қалған ақсақ-тоқсақ, ауру-тұрақ мұндай қойлар жылда жәрменке тарқарда аманатқа алушыларға таратылып отырады. Бай бағамын дегеннің аты-жөнін нотариус алдында жаздырып, «ақ вексілге» бере береді. Бұл істің аты да осыдан шықса керек. Жазушы жәрменкеге жылына жүз мыңға жуық қой айдаған ірі көпестің, тиыннан тиын туғызған қу тұяқ саудагердің малдарының қалай құрылып, қалай сатылатынын, оқырманға қолмен қойғандай, түсінікті әрі көркем тілмен жеткізген. Романның өн бойында мұндай тақырыбы оның ашылған шағын сюжеттер молынан кездеседі. Тарау соңында Шалматайда екі жыл, Шаяхмет байда – бір жыл жұмыс істеген Сатан көп нәрсеге үйренеді, өмірді көреді. Жазушы кейіпкерін тек қой соңына салып қоймай, өмір мектебінің түрлі белестерінен өткізіп, ысылтып, небір шытырман оқиғаның қан сорпасына түсіріп, пісіреді. Сүйгеніне қосылмаған Нәзипаның жайы, басына түскен күнdestік хал, көзі ашық дүниеге ғылыми материалистік көзқараспен қарайтын Балабай уезінің татары Фазыл Жиянгелдин мен ауылдың қожамолдалары арасындағы тартыс, «Шербешнай съездерге» қатысу, Шалматайдың жұмсауымен барымтаға, Досайдың жүйрік аттарын ұрлауға араласуы – «қой ауызынан шөп алмас» Сатаннан ысылған, ширақ Сатанды өсіріп шығарады. Б. Шалабаев осы бір кейіпкерді былайша сипаттайды: «Сатан жастайынан Әділхан байдың есігінде жалшылықта жүрсе де, не өзі, не үй-иесі кісе киімге, ішсе тамаққа жарымайды. Ол болыстың да, ауыл молдасының да малын бағады. Қанша талаптанса да мына кәтігез, сұрықсыз заманда күн көру қиын-ақ. Өмір өте береді, Сатан әділетсіздіктің түп тамырын түсіне бастаған сияқты. Жасынан сөзге шебер, өткір тілді ол көкке өрлеген әсем әнімен және күмбірлеген күйімен жұрт көңілін баурап алады. Ауылдағы қазақ әйелдерінің тағдырына жаны ашиды, олардан қолдан келген көмегін аямайды. Ол жауыз Шалматайдан сұлу Нәзипаны арашалап қалады» [1, 104-105]. Шаяхмет байға қызметке келіп, Құсайынның бала-шағасымен Жетісуға келе жатқан Сатанға халық арасына аңыз болып тараған Тәуке, Самалық сынды батырларды кездестіруі – Тәуке батырдың сөздері, оқушыға да, шығарма кейіпкерлеріне де үлкен ой тастайды.

«Ағында» романның негізгі кейіпкерлері Мәмбет, Мардандармен танысамыз. Мұнда жазушы қоғам ағымының бастауын Сатан сияқты дала капитализмінен алған ауыл жастарын нағыз ағын – қала капитализміне араластырады. Жас Сатан өзімен салыстырғанда қалалық жерге әлдеқайда ысылған өр мінезді, өтірік қылықты көтере алмайтын, әділетсіздік атаулыға, ар-намыстың таптауына ашық күресіп, жалғыз болса да жан наразылығын көрсетіп жүрген Мардан секілді, тілі өткір, тапқыр, Шеркес Қали атанған Мәмбет сынды, ақ көңіл жуас, жолдасы үшін жан пидә Нүрәділ сияқты қазақ жұмысшыларымен танысады. Ертістегі

пароход өнеркәсібі, олардың жұмыс күнін сатып алу тәсілі, капиталистік – өмір салтының жанды көріністері. Мұндай жерлердегі жұмыс жағдайы жұмысшыларды капитализмнің аяусыз құрбаны етсе, екінші жағынан пролетариаттық-интернационалдық сананы оятушы, біріктіруші, ұйымдастырушы орталығы ретінде жазушы нанымды суреттейді. Романдағы зұлымдықпен, әділетсіздікпен күрес, адамгершілік, биік рух, жаңаға деген талпыныс аталмыш кейіпкерлер әрекеттері арқылы авторлық идеямен тоғысып жатыр. Сатан, Тәжи, Мардан, Мәмбет, Нұрәділ, Аяпберген т. б. – ел тағдырына жанымен күйзелетін көзі ашық, көкірегі ояу жаңа буынның, жаңа заман құрылыс сапына қосылатын сом тұлғалардың типтік бейнелері. Образдар галереясының басты кейіпкерлердің романдағы орнын, егжей-тегжейін анықтау ісі Б. Шалабаев зерттеуінің негізгі бағыттарының бірі. «Лагерю бедноты, представленной образами Сатана, Тажи, Мардана, Мамбета, Нурадила, Аяпбергена, Камаша, Орлова, Алексея, Герасимова, Михайлова, писатель противопоставляет образы антигероев – Шалматая, Шаяхмета, Асылбека, Мысыкхожи, Абрама, Сулеймена, Жексембая, Досая Идриса, Шаншина, Асана, Исака, Кожакмета. Между этими враждебными классами мечутся Суртай, Кемелбек, Субай... Во второй части романа появляется образ умного и честного Мамбета. Во время поездки по Иртышу на пароходе «Светлана» он размышляет: «Этот пароход сделан человеком – мастером. Сколько весят все эти грузы, множество людей, тяжелый чугунный котел, литые металлические машины – а пароход не тонет. Он лишь поскрипывает и плавно плывет себе по реке. Вот что могут сделать мастерство и знания. С наукой трудно спорить, она может все... [2, 56-58]. Зерттеуші Б. Шалабаев романдағы басқа да кейіпкерлерге кеңінен тоқталады. Мәселен, «Романда мінез-құлқы, сырт көрінісі, өмірге көзқарасы әр түрлі қарапайым адамдардың бейнелері нанымды шыққан. Нұрәділ, Аяпберген, Байғарау, Елеке ақын, Сүндет – олардың әрқайсысы халық бостандығы жолында, бақытты өмір жолында аянбай күреседі. Әрқайсысының таңдаған жолы, арманы, көздеген мақсаты бар. Аяпберген жастайынан жоқшылық пен қорлық көріп өседі. Ерте ағарған шаш, бетіндегі терең әжімдер соның айғағы тәрізді. Халық қасіреті, бұлыңғыр болашақ туралы ойлар оның жанына жегідей жеп, күндіз-түні маза бермейді. Елеке – әнші, сауықшыл адам. Жас кезінде халық ақыны Жанақпен кездескен, атакты Шөжемен айтысқан. Романда ол сөзге жүйрік, өткір ойлы, талантты адам ретінде суреттеледі. Оның әндерін, ертегі, жырларын естігенде жұрт көңілі жадырап, мәз болып қалушы еді. Елекенің қоғамға көзқарасы қарама-қайшы, ол көбінесе ескі дәстүрлер төңірегінен ұзап кете алмайды. Бірақ оның әндері мен өткір мысқылдары халыққа қызмет етіп, күрес жолында үнемі жігер қосып отырады... Романда өздерінің бас бостандығы, теңдігі туралы, сүйген адамдарына қосылуды арман еткен Нәзипа, Күлзейне, Күлән, Камаш сияқты қазақ әйелдері зор ілтипатпен суреттеледі» [1, 107-109].

Соңғы «Тасқын» тарауында сахнаға Сатан, Мәмбет, Нұрәділ секілді әділетсіздік, адам төзбес ауыртпалыққа ашынған, ызаланған, бірақ жол таппаған жұмысшылар әрекеті, алғашқы революциялық үгіттер, бірігіп жұмысқа шықпаған майдандағы Мардандар әрекеті баяндала келе, «Бостандық болысы» бөлімінде, февраль буржуазиялық революциясының лебі, Мардандардың майданнан оралуы, көп партияшылық, Асылбек, Кемелбек секілді болыстардың «Бостандық болысы» болып шыға келу жайы қозғалса, «Сенген қойым сен болсаң», «Үш жүз», «Түсінікті» бөлімдерінде жазықсыз ұсталған Марданды ақтап, босатуға келген Аяпберген арызына қаладағы қаптаған партияның – ешбірі көмектесе алмауы, бәрі халық атын жамылған буржуазия екендігі нанымды, түсінікті баяндалған. Роман сюжетінің соңғы нүктесін шығарманың соңғы тараушаларының аттары да айтып тұрғандай. Олар: «Таң жақын», «Қызыл таң», «Жолдастар» деп аталады. Жазушы осылайша жаңа қоғамды қолдаған, қызыл таңмен бірге қолдарына қырмызы ту ұстаған, «бәріміз теңбіз, жолдаспыз», – деп ұрандаған мыңдаған халықтың алаңға жиналу сәтін суреттеумен роман оқиғаларының желісін ұтымды түрде тұжырымдайтын панорамалық картина бейнесімен аяқтайды. Көз алдымызға 1917 жылдың ескіше 26-27 қазан күндері, тасқындай қаптап кең алаңға ағылған толқынды тулары бар адамдар легі, жасыратыны жоқ, тарихта болған төңкеріс ешбір әсірелеусіз елестейді.

«Жолдастар» романын сараптай келе жазушының тандап алған тақырыбы туралы өмір материалдарынан молынан жинап, тереңнен тергендігін, оны шығарманың өн бойында ұтымды, сәтті пайдаланып отырғанын, өзі жазып отырған уақыт аясындағы әлеуметтік құрылысы мен халықтың тұрмысы мен дәстүрін терең біліп, сол кездегі қоғамдық санадағы болған өзгерістерді де оқырманына дәлелді, нақты жеткізе білген.

Шығарманы өнер ретінде танытып, биікке көтеретін басты өлшемдерінің бірі – жазушының сөз қолдану шеберлігі. Әрине, бұл көркем шығарма тілінің баттасқан бояуға бой ұрмай, керісінше жазушының құнарлы ойының ашық та дәл де берілуін қажет етеді. Сондықтан да көркем шығарманың тілі сол өнер туындысының басты өлшемдерінің қатарында саналады.

Әдетте әдеби шығарманың тілі туралы мәселе қозғалғанда жазушының шеберлігі қаламгердің сөз табиғатын қаншалықты түсінетіні тұрғысынан ғана емес, сол сөзді өз мақсатына сай қалай құбылта қолдануы жөнінде де болары анық. Атап айтқанда, халықтық ұғымдардың барынша жинақталған, жүйеленген образдылық сипаты айрықша басым болып келетін тұрақты тіркестер, топонимикалық атаулар, салт-дәстүр атаулары, тиянақтап айтқанда, этнолингвистикалық ұғымдар т. б. әдеби нормалармен қатар, стильдік фигуралар мен әдеби троптарды орынды қолданылу жайына талдау жасау арқылы І. Жансүгіровтің талантына тәнті боласыз. Жазушының тілді халықтан үйрене отырып, сөйлеудегі талғампаздықты халқына үйрете де алатынына көз жеткізесіз. Жазушының тіл шеберлігіне талдау жасаған ғалым Б. Шалабаевтың мына пікіріне назар аударсақ, «Жансүгіров – шұрайлы тілдің шебері, көркем сөздің зергері. Қазыналы халық тілінен өзіне керектігін тандап, талғап ала біледі, оны суреттеу құралы ретінде өте орынды пайдаланады. Кейіпкердің көзқарасына, мәдени дәрежесіне, мінез-құлқына қарап, олардың ауызынан шығатын сөз де мың құлпырып тұрады. Мәселен, Сатан мен Шалматай байдың сөздері бір-біріне ұқсамайды. Сатан мақалдап, мәтелдеп сөйлейді, сөзге ұста, сөзшең. Шалматай да өз мүддесін, көздеген мақсатына сай мақал-мәтелдерді көп қолданады («Жап аузыңды, сорлы сенің балақ бауының менің қолымда», «Құр аяққа бата жүрмейді»). Үстем тап өкілдерінің, мырзалардың, подрядчиктердің, саудагерлердің сөзі, сөйлеу мәнері дөрекі, түйеден түскендей дөкір дөрекі, басыңа таяқпен салып қалғандай ауыр... Романда қазақ даласының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, халық өмірінің жарқын беттері кең көлемде көрсетілген, онды орынды теңеулер мол. Автор диалог арқылы кейіпкердің жан-дүниесін кеңінен танытады.

«– Жылама, қарындасым, өзің разы болмасаң, қашсаң да құтыласың ғой, – деп Мәмбет үміт айтты.

– Жыламай қайтейін, ағатай. Сүйеу болар бір кісім жоқ. Менің сөзім кімге өтеді, менің қайғым кімге батады..., – деді Күлән».

Бұл диалогта қазақ қызының дәрменсіз халі туралы ащы шындықтың беті ашылған.

Ілияс Жансүгіров ішкі монологты жақсы меңгерген. «Светлана» пароходында келе жатып Мәмбет өмір туралы былай қиялдайды. «Мынау үлкен өзен, күні-түні тоқтаусыз аққан су асығып қайда барады? Су кім үшін ағады? Өзен осы ағысымен неге ұқсайды? Бір аққан су қайтпайды... Әлде адам өмірі осы сияқты ма». Бұл монолог Мәмбеттің ойын, рухани дәрежесін, мінез ерекшелігін дәл бейнелейді» [1, 112-113]. Қазақтың қара сөзіне қаныққан жазушы еш қиналмастан қазақы табиғатты жеңіл әрі шешен, өзіндік тәтті юморымен небір шұрайлы сөз тіркестерін шығарманың өн бойында төгіп отырады. Әсіресе, қазақы қонақ түрлерін тарата түсіндіруі, «Шербешнай съездегі», «Абдыра тобының» мөрлерін суреттеуі оқырманның көңілін өсіріп, көргенде көзі тояттайтын тамаша сюжеттер. Мысалы, «Оның арызын тыңдап, ең кереметін айыру орнына бишікештер алдына келген піскен етке пышақтарын суырғандай жандарына қолдарын салысып, мөрлерін суырысып жатты. Алынған мөрлер песір молданың кішкене сандығының үстіне үйме-жүйме болып отырған билердің өздеріндей тізіліп барады. Тот басқан, ағаш сапты, дөңгелек темір мөр, сабы мүйіз сұр сопақ мөр, кір-кір төс қалдалардан, жан қалталардан, түйіншектерден күдіретті түрде шығып жатыр. Әркімнің мөрі иесі сықылды – мықыр мойын, құнан бұқа бидің мөрі – ит асық, шуда сақал, жалпақ мұрын бидің мөрі – тот басқан шойын мөр, теке сақал пұшық бидің

мөрі – өзінің мұрны сияқты пұштиып қалған. Ұзын мойын кесе қараның мөрі – сұр сопақ, сом мөрлер аяғы буылып, алдына келген малды бауыздайтын қайралған пышаққа ұқсайды» [12, 76], міне, осы сияқты тамаша әзіл-оспақ суреттер шығарманың көркемдік деңгейін жоғарлата түседі. Бұған қоса жазушының романдағы тақырып атаулары мен әр тарауға эпиграф таңдаудағы жетістіктерін, пролог жазудағы өзіндік табысын, роман тілінің жеңіл әрі көркемдігіне орай төгіліп тұратын юморын, кейбір тұтас абзацтардың өлең шумағындай ұйқаса тізілуінің шығармаға көрік беріп тұрғандығын, кейіпкерлердің образын сомдаудағы автордың өзіндік тәсілін, автордың өз идеясын толық іске асыру жолында романның композициялық құрылымында қолданған тәсілдерінің (монолог, диалог, шегініс т.б.) ұтымдылығын байқауға болады. Сонымен қатар өз дәуіріне тән алғашқы орыс сөздерінің қазақ арасында қазақылана қолданылуы сияқты детальдар да қаламгер назарынан тыс қалмаған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әдебиетші ғалым Б. Шалабаев «Жолдастар» романының идеялық-көркемдік, идеялық-тақырыптық тұрғыдан, тілінің поэтикалығы тұрғысынан алғанда жан-жақты жүйеле зерделей келе, І. Жансүгіровтің бұл романын алғашқы қазақ романдарын толықтыра келген, қайшылыққа толы халық тағдырындағы тарихи процесті бейнелеуде романның ауыр жүгін көтере отырып, «І. Жансүгіровтің романы революцияны жырлаған, орыс пен қазақ халықтарының достығын паш еткен шығарма ретінде біздің мәдени тарихымызда елеулі орын алады», деп өз үлесін қосқан туындылардың бірі екендігін тұжырымдайды.

Реалистік характерлерді сомдау, роман сюжетін ширату, роман тартысын табу, қаһармандар образын деректердің көлеңкесінде қалдырмай, жанды тұлғаға айналдыру секілді суреткерге қойылатын талапқа кеңінен жауап беретін «Жолдастар» романы өз бойына классикалық әлеуметтік-психологиялық, тарихи романдардың өміршең қасиеттерін сіңіре отырып, мазмұн, форма жағынан да сапалық жаңа белгілерімен ерекшеленетін туынды. Осындай тереңдігімен, биіктігімен ерекшелінетін өлмес шығарма, қаламгер Ілияс Жансүгіровтің ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің көтерген олжалы жаңа белесі екені сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы. – Алматы: «Жазушы», 1990. – 312 б.
- 2 Шалабаев Б. Казахская литература (Советский период). – Алма-Ата: «Мектеп», 1965. – С. 235.
- 3 Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік – Алматы: «Жазушы», 1966. – 217 б.
- 4 Қазақ әдебиетінің тарихы: Кеңес дәуірі (1917-1940). – 7-Том. – Алматы: «ҚАЗАҚПАРАТ», 2004. – 462 б.
- 5 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – 16-Том. (Мақалалар, зерттеулер). – Алматы: «Жазушы». – 1985. – 207 б.
- 6 Машинский С.И. Классика и литературная наука. М.: «Знание», 1970. – С. 318.
- 7 Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. Зерттеулер, мақалалар, естеліктер. – Астана: «Фолиант», 2002. – 504 б.
- 8 Жансүгіров І. Ақ вексель // «Әдебиет майданы», 1934, №3–4. – ББ. 18-27.
- 9 Жансүгіров І. Жолдастар. Роман. 1-кітап. – Алматы – Қазан: «Қазмемкөркемәдеббас», 1935. – 583 б.
- 10 Ғабитова Ф. Ұмытылмас өмір // «Жұлдыз», 1966, №5. – ББ. 105-106.
- 11 Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіров. – Алматы: «Ғылым», 1965. – 357 б.
- 12 Жансүгіров І. Жолдастар. – 3-Том. – Алматы: «Жазушы», 1987. – 472 б.

REFERENCES

- 1 Shalabaev B. (1990) *Qazaq romanynyń týý men qalyptasyý*. [The Birth and formation of the Kazakh novel.] – Almaty: «Writer». (In Kazakh).
- 2 Shalabayev B. (1965) Kazakh literature (Soviet period). – Alma-Ata: «School». (In Kazakh).
- 3 Kenzhebayev B. (1966) *Shyndyq jáne sheberlik* [Truth and skill.] – Almaty: «Writer». (In Kazakh).
- 4 History of Kazakh literature: the Soviet era (1917-1940). – Volume 7. – Almaty: «Kazinform».
- 5 Auezov M. (1985) Collection of works in twenty volumes. – Volume 16. (Articles, research). Almaty: «Writer»
- 6 Machine S. I. (1970) *Klassika ı literatýrnaia naýka*. [Classics and literary science.] – M.: «Knowledge». (In Kazakh).
- 7 Kirabaev S. (2002) *Táyelsizdik rýhymen. Zertteýler, maqalalar, estelikter*. [In the spirit of Independence. Research, articles, memoirs.] – Astana: «Folio».
- 8 Zhansugurov I. (1934) White bill // «literary front».
- 9 Zhansugurov I. (1935) Comrades. Novel. Book 1. Almaty-Kazan: «Kazmemkurkemadabbas».
- 10 Gabitova F. (1966) *Umytylmas ómir* [Unforgettable life] // «Zhuldyz».
- 11 Duissenov M. (1965) Ilyas Zhansugurov. – Almaty: «Science».
- 12 Zhansugurov I. (1987) Comrades. – Volume 3. Almaty: «Writer».

Роман и эпоха в зеркале времени (отражение идейно-тематических, языково-художественных и жанрово-стилевых особенностей романа Ильяса Жансугурова «Товарищи» в исследованиях Бельгибая Шалабаева)

А.Т. Кажыбай¹

¹кандидат филологических наук, профессор-ассистент кафедры «Казахского языка и литературы», НАО Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-6018-8784>, E-mail: yannon-fiction@yandex.kz

Статья посвящена проблемам художественной поэтики в творчестве Ильяса Жансугурова. На материале его романа «Товарищи» исследуются историко-культурные и образно-художественные истоки сюжетобразующей основы произведения и всего творчества писателя. В работе рассматривается отражение идейно-художественных, композиционно-тематических, поэтических и жанрово-стилевых особенностей романа «Товарищи» Ильяса Жансугурова в исследованиях ученого-литератора Бельгибая Шалабаева. В работе выявлены и раскрыты основные проблемы своеобразие образов героев романа и их психологические портреты которые характеризуются как проявление судеб людей в сложных исторических ситуациях 1916-1917-х годов прошлого века. Исторические события 1916-17-х годов – истоки национально-освободительного восстания, борьба за независимость, укрепление результатов революции, массовая конфискация скота, разрушение традиционных систем жизнеобеспеченности, гибель и откочевка казахского народа, ожесточенная национальная вражда, классовая дифференциация и национальная классовая борьба – все это составило основу романа. По мнению ученого литературоведа Бельгибая Шалабаева, автор создает эпическое произведение в историческом развитии, в котором все герои представлены в двух планах в мирной жизни и в период революции, благодаря которым формируется основа произведения на принципах историзма, позволяющего дать правдивое, этнографически точное изображение жизни народа прошлого века.

Ключевые слова: роман, идея, тема, сюжет, композиция, образ персонажа, пейзажи природы, психология героев, писательское мастерство.

Материал поступил в редакцию журнала 10.03.2023

The novel and the epoch in the mirror of the times (reflection of the ideological-thematic, linguistic-artistic and genre-style features of Ilyas Zhansugurov's novel «Comrades» in the studies of Belgibai Shalabaev)

A.T. Kazhybai¹

¹Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor of the Department «Kazakh Language and Literature», Kokshetau University named after Sh . Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-6018-8784>, E-mail: yannon-fiction@yandex.kz

The paper considers the reflection of the ideological-artistic, compositional-thematic, poetic and genre-style features of the novel «Comrades» by Ilyas Zhansugurov in the research of the literary scientist Belgibai Shalabaev. The paper identifies and reveals the main problems of heroes images originality and their psychological portraits in the novel. They are characterized as a manifestation of people fate in difficult historical situations during 1916-1917-ies of the last century. The historical events of 1916-17 (the origins of the national liberation uprising, the struggle for independence, the strengthening of the results of the revolution, the deaths and migration of the Kazakh people, class differentiation and national class struggle) formed the basis of the novel. According to the literary scholar Belgibai Shalabayev, the author creates an epic work in historical development, in which all the characters are represented both in peaceful life and during the revolution period. Thanks to this the basis of the work is formed on the principles of historicism, which allow to give a truthful, ethnographically accurate depiction of the Kazakh people life during the last century.

Keywords: novel, idea, theme, plot, composition, character image, landscapes of nature, psychology of heroes, writing skills.

Received: 10.03.2023

Наши авторы

С.Г. Воркачев – доктор филологических наук, профессор, профессор кафедры иностранных языков №1 ФГБОУ ВО "Кубанский государственный технологический университет", г. Краснодар, 350072, РФ, <https://orcid.org/0000-0002-6290-2582>. E-mail: svork@mail.ru

З.В. Демидова – кандидат филологических наук, доцент кафедры иностранных языков №1 ФГБОУ ВО "Кубанский государственный технологический университет", г. Краснодар, 350072, РФ, <https://orcid.org/0009-0000-5080-411X>. E-mail: dzinaida@hotmail.com

П.В. Середа – кандидат филологических наук, доцент, доцент кафедры иностранных языков №1 ФГБОУ ВО "Кубанский государственный технологический университет", г. Краснодар, 350072, РФ, <https://orcid.org/0009-0001-4586-6698>. E-mail: polinapost@list.ru

Е.И. Соболева – кандидат филологических наук, доцент кафедры иностранных языков №1 ФГБОУ ВО "Кубанский государственный технологический университет", г. Краснодар, 350072, РФ, <https://orcid.org/0009-0009-4673-3895>. E-mail: wissenswert@mail.ru

П.Т. Медетбекова – кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-2788-3478>. E-mail: medet_73@mail.ru

М.С. Рахимова – магистрант, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0009-5881-8941> E-mail: maral_sultanbekkyzy@mail.ru

А.Г. Ганикызы – Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан. E-mail: asel_gani@bk.ru

Г.К. Кортабаева – кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан. E-mail: turki_alemi@mail.ru

А.Т. Қажыбай – филология ғылымдарының кандидаты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессор-ассистенті, КеАҚ Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-6018-8784>, E-mail: yannon-fiction@yandex.kz

Г.Т. Тлеубердина – кандидат филологических наук, Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан. orcid.org/0000-0002-0574-643X E-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

Б.С. Рахимов – доктор филологических наук, профессор, Карагандинский университет имени Е.Букетова, г.Караганда, 040000, Республика Казахстан.

О.А. Казжанова – магистрант, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан. E-mail: kazzhanova.orynbasar@mail.ru

Н.Ф. Немченко – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, РК 020000, Email: nnemchenko@inbox.ru

Е.Е. Глущенко – магистрант, Кокшетауский университета им. Ш. Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан. <https://orcid.org/0009-0007-0109-5688> . E-mail: yekaterina.gluchshenko@mail.ru

А.М. Досанова – PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан. E-mail: adossanova@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-8302-3982>

У.Г. Баекенова – магистрант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан, 0009-0005-9663-8053, E-mail: ulzhan.bayekenova@gmail.com

А. К. Курманова – PhD-докторант, НАО «Евразийский национальный университет имени Н. Гумилева», г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан. E-mail: k_ainash_k@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-0795-7035>.

Д.М. Айтмаганбет – магистрант 2-курса кафедры теории и практики иностранных языков, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: bekmukhanova-dinara@mail.ru

А.М. Есенгалиева – кандидат педагогических наук, профессор кафедры иностранных языков, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: yessengaliyeva@inbox.ru

Б.К.Аубакирова – магистр гуманитарных наук, Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г.Кокшетау, 475000, Республика Казахстан. E-mail: a.b.k_1967@mail.ru

Ж.М.Маметкарим – магистрант, Атырауский университет им. Х. Досмухамедова, факультет полиязычного образования, Атырау, Казахстан. E-mail: jadira.abutalipova@bk.ru

Ж. Д. Нуржанова – филологический факультет Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева, Нурсултан, 010000, Республика Казахстан. E-mail: znur73@mail.ru